

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

Ш.С.ӘБІШЕВА

**ҚАЗАҚ ТІЛІ
(МҰНАЙ-ГАЗ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ЖАЛҒАСТЫРУШЫ ТОП
СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ)**

АҚТАУ, 2011

ББК 81.2 қаз.
Қ 17

Пікір жазғандар: филология ғылымдарының кандидаты, доцент Б.Қ.Ақбердиева
филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.Н.Отарова

ӘБІШЕВА Ш.С.

Қ 17 ҚАЗАҚ ТІЛІ (мұнай-газ мамандықтарының жалғастырушы топ студенттеріне арналған оқулық) – Ақтау, 2011. – 127 бет.

ISBN 9965-21-564-2

Мұнай және газ ісі мамандығының жалғастырушы топ студенттеріне арналып отырған «Қазақ тілі» оқулығы жаңа оқыту технологиясы бойынша жасақталған.

Оқулықтың басты мақсаты тіл үйренушілердің қазақша таза сөйлеуіне, сауатты жазуына, мамандыққа қатысты мәтіндерді еркін баяндауына, сөздік қорын байытуға септігін тигізеді.

Ұсынылып отырған оқулықта мамандыққа қатысты мәтіндер, жаттығу жұмыстары, өздік жұмыс тапсырмалары, студент алған білімін бекіту, қорыту мақсатында бақылау-тест тапсырмалары жүйелі берілген.

Оқулық аталған мамандық иелеріне, тіл үйренушілерге, студенттерге, магистранттарға, оқытушыларға арналады.

ББК 81.2 қаз.
ISBN 9965-21-564-2

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ

КІРІСПЕ

Мемлекеттік тілді жан-жақты дамыту, қолдану аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі. Тілді үйренуге ынталылар саны күн өткен сайын арта түсуде. Қазақ тілін үйренушілер деңгейі әр түрлі болғандықтан, оқу материалдарына деген сұраныс та соншалықты түрлі деңгейде болатыны сөзсіз.

Бүгінгі таңда мұнай-газ мамандығында оқитын студенттердің мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгеруі кезек күттірмейтін мәселе. Бұл ұсынылып отырған оқулықта мұнай-газ мамандықтарының жалғастырушы топ студенттеріне арналған тапсырмалар (теориялық, практикалық) жинақталып берілген. Сонымен қатар кейбір жекелеген тақырыптардың мазмұнына байланысты тапсырмалар студенттердің дүниетанымын, өз ойларын еркін жеткізу, диалог, сөйлемдер құрастыра білу, берілген жаттығуларға грамматикалық талдаулар жасау, тақырыпқа қатысты тұтас мәтіндерге сөздіктердің көмегімен еркін аударма жұмыстарын жүргізу, мәтіндер негізінде өз ойларын еркін баяндау, кәсіби лексиканы жете меңгеріп, сөздік қорын молайтуға, маман ретінде жатық сөйлеуге т.б. машықтандырады. Оқулықтың соңында ұсынылып отырған бақылау-тест тапсырмалары да тіл үйренушінің алған білімін бекіту, қорыту мақсатында беріліп отыр.

Пәннің мақсаты – тіл үйренушіге қазақ тілін сөйлеу құралы ретінде еркін меңгерту, жазбаша әдет-дағдыларын қалыптастыру, мамандыққа сәйкес білімді игеріп, ой-өрісін дамытуды қазақша тілдік деңгейде меңгерту, қазақ елінің тарихы мен мәдениетіне, ұлттық ерекшелігіне мән беріп, құрметтеуге бағыттау.

Пәнді оқытудың міндеттері:

- күнделікті өмірде қарым-қатынасқа, қатысымдық міндеттерді шешуге керекті сөйлеу үлгілерін үйрету;
- өз ойын білдіруге, қажеттілікке қатысты қарапайым синтаксистік конструкцияларды меңгерту;
- өздерінің туған жері, өскен мекендері туралы баяндай білуге жаттықтыру;
- берілген мәлімет бойынша өз түсінік-пікірлерін айта білуге үйрету;
- болашақ мамандықтары туралы түсініктерін кеңейту, сұрай, анықтай, хабарлай білуге жаттықтыру;
- кәсіби терминдермен жұмыс істеуге, сөздікпен, газет-журналмен жұмыс істей білуге, түсінігін айта білуге жаттықтыру;
- алдыңғы кезеңдердегі лексикалық, грамматикалық білім дағдыларын дамыта отырып, ресми құрылымдарды меңгерту.
- теориялық білімдерін практикалық іс-тәжірибемен ұштастыра білуге үйрету.

Оқулық он бес сабақтан тұрады. Онда мамандыққа қатысты мәтін, грамматикаға жаттығу жұмыстары, өздік жұмыс тапсырмалары, соңында студенттің алған білімін бағалау, қорыту мақсатында бақылау сұрақтары берілген.

Соңғы кезде тіл үйренушілерге арналып жарық көріп жүрген оқулық, оқу құралдарында грамматикаға көп мән берілмейді. Біз өз мақсатымызға сай пәннің типтік бағдарламасын негізге ала отырып, грамматиканы да екі тілде

жүйелі түрде беруді жөн көрдік. Себебі, мәтінде жүргізілетін айтылым (мәтінді ауызша оқу, қазақтың төл әріптерін дұрыс айта білу), оқылым (берілген мәтінді дұрыс, түсініп оқу, өз сөзімен баяндау), жазылым (тапсырмаларды жазуда сауаттылық), тыңдалым (теледидардан, ұнтаспадан қазақша мәтіндерді тыңдау) жұмыстарынан кейін, студенттің сауаттылығын қалыптастыру мақсатында грамматикалық жұмыстар жүргізілуі керек.

Оқулыққа енгізілген мәтіндер тек қана кәсіпке қатысты болуы ескерілді. Өйткені аталған маман иесі тілді үйрене отырып, мамандықтың қыр-сырына қатысты сөздер мен терминдерді мемлекеттік тілде меңгеруі тиіс. Мәтін соңында сөздік жұмыстары берілген. Мұндағы мақсат студент әр сабақта кәсіпке қатысты 20-25 сөз үйренуі көзделген.

Қазақ халқының ұлы тұлғаларының өмірлерінен, ақын-жазушылардың туындыларынан сабақтан тыс мезгілде орындайтын өздік жұмыстарына тапсырмалар ұсынылды.

Оқулық соңында студенттің аталған курс бойынша алған теориялық білімін қорыту үшін мамандыққа қатысты реферат тақырыптары, тест сұрақтарының қоры берілді

БІРІНШІ САБАҚ

МҰНАЙ ТАРИХЫ

Мұнай гректің «Нафта» сөзінен шыққан. «Нафта» жарып шығарлық қасиеті бар деген мағынаны білдіреді. Шынында, жер бетінде кездесетін мұнай мен газ көздерінің терең орналасқан қабаттармен байланысты екені белгілі. Бірақ бұл жағдай алғашқы кездерде адам баласына жұмбақ болып келді. Кейбір ойпаттарда жер қойнауын жарып шығып атқылап, кейде бұлақ болып ағып жататын «қарамай» немесе үзілмес от болып жанып тұратын таңғажайып жаратылыс құбылыстары халыққа әр заманда «күдірет күші» деп танылды.

Ерте дәуірлерде адам баласы Терістік Италия мемлекетінде жер қойнауын жарып шығып, қайнар болып ағып жатқан мұнайды тастан жасалған ыдыстарға құйып, қараңғы мезгілдерде жарық ретінде пайдаланған. Геродот өзінің шығармаларында Тигр мен Евфрат өзендерінің бойында көптеген мұнай көздерінің болғандығын, жиналған мұнайдан пайда болған асфальтті Вавилон қаласында құрылыс материалдары (цемент) есебінде қолданғандығы туралы айтады.

Плутарх «Александрдың өмірі туралы» шығармасында мәңгі бақи лаулап жанып тұратын көгілдір жалын туралы әсірелеп жазған.

Византия мемлекетінің жауынгерлері өздерінің дұшпандарына қарсы соғыстарда тарқатылған кендерді ағаш басына орап, оны мұнайға малып алып тұтатып, жау кемелеріне лақтыру арқылы жеңіске жетіп отырған. Бұл оқиға «Грек оты» деген атпен тарихта қалды.

Француздар Пенсильванияның терістік батыс жағын жаулап алғаннан кейін жергілікті

халықтардың мұнайды дәрі-дәрмек есебінде пайдаланатынын сезіп, сол кездегі ағаш пен шегенделген тайыз құдықтардың мұнайын өз еліне тасыған.

Түстік Америкадағы Тринидад аралында да көптеген мұнай және газ көздері анықталды.

Каспий теңізінің ішіндегі Артем аралында да мұнай көздерінің болғандығы ертеден-ақ белгілі болды. Бірақ, бұл кен байлық теңіз ортасында болғандықтан, оны халық дұрыс пайдалана алмады.

Мұнай және газ бұлақтары Кубань облысы мен Тамань түбегінде де кездескен. Жер қабаттары өз күшімен жарып шыққандай зор күшпен лаулап жанған газ көздері Түрікменстан, Қазақстан, Шығыс Мексика, Қытай т.б көптеген елдерде болғандығы тарихтан мәлім.

Мұнай мен газ көздерінің пайда болуы тек қана жер қабаттарының жарықтарымен байланысты деп айтуға болмайды.

Мұнай мен газдың шаруашылыққа қажеттілігінен оларды іздеуге көп көңіл бөлінді. Алғашқы кездерде бұл кендердің көзін тәжірибесі мол адамдар ғана табатын болды. Жергілікті халық мұндай адамдарды «ізші» деп атаған. Әсіресе, Апшерон түбегін қоныстаған халық арасында мұндай адамдар көптеп кездесетін. Бірақ олар бабадан атаға, атадан балаға қалған бұл кәсіптерін елге жария ете бермей, құпия ұстаған. Көп жылдар бойы мұнай өндіретін құдықтар

осылардың қолында болған. Құдықтар тек қана олардың сілтеуімен табылып және аршылып, қазылып келген.

XVII ғасырдың бас кезінен бастап көптеген мұнай алаңдары жалпы бұқара халыққа мәлім бола бастады.

Өнеркәсіп орындары көбейіп, өндірісте түрлі машиналар мен механизмдер саны өсуіне байланысты мұнай мұқтажы сезіле бастады. Бұл жағдай мұнай саласындағы кәсіпшіліктердің ұлғайтылуын талап етті.

Қазақстанда алғашқы мұнай өндіру ісі 1899-1900 жылдары басталды.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді мұқият түсініп оқыңыз.
2. Мәтін бойынша жоспар құрыңыз.
3. Қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерді теріп жазыңыз.
4. Мұнайдың қасиеті жайында баяндаңыз.
5. Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап жазыңыз.
 - а) «Нафта» сөзінің мағынасы қандай?
 - б) Ерте кезде адамдар мұнайды қандай мақсаттарда пайдаланған?
 - в) Мұнай мен газ бұлақтары алғаш қай жерлерде кездескен?

Сөздік

газмұнай кен орны – газонефтяное месторождение
мұнайдың пайда болуы-происхождение нефти
мұнай өндіру өнеркәсібі – нефтедобывающая промышленность
мұнай өнімдері – нефтепродукты
бұрғылау – бурение
бұрғылау құбыры – бурильная труба
бұрғышы, бұрғылаушы – бурильщик
мұнай өндіру әдісі – метод добычи нефти
құбыр – труба
мұнай құбыры – нефтепровод
мұнайлы қабат – нефтеносный пласт
жағатын май – смазочное масло
қайнау – вскипать
сұрыптау – выбраковка
лақтыру, шығарып тастау – выбрасывать
газдың атуы, газ атындысы – выброс газа
бөліну, шығу – выделение
сығу – выжимание

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

ФОНЕТИКА

Фонетика (гректің *phonetikos* – «дыбыс» деген сөзінен алынған) – тіл ғылымының тілдегі дыбыстық жүйесін зерттейтін саласы. Ол тіл дыбыстарын, екпін мен буынды, олардың құрамын, тілдегі дыбыстардың өзгеру заңдылықтарын зерттейді.

Фонетика (от греческого *phonetikos* «звук») – раздел науки о языке, в котором изучаются звуки языка, ударение, слог, а также фонетические законы изменения звуков.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі **Система гласных звуков в казахском языке**

Сөз дыбыстардан құралады. Бірақ дыбыс болған жердің бәрі сөз болып қалыптаса бермейді. Дауысты дыбыстар дегеніміз – ауа өкпеден кедергісіз шығып, үннен тұратын дыбыстар. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жасалуы сөйлеу мүшелерінің қатысына қарай: жуан және жіңішке, ашық және қысаң, еріндік және езулік дауысты дыбыстар болып алты топқа бөлінеді.

Звук является основной единицей языка, образующей слово. Но не все сочетания звуков образуют слово. Гласные звуки - это звуки, которые образуются с помощью выдыхаемого воздуха, не встречающего на своем пути преград. Они состоят только из голоса. В казахском языке гласные звуки по способу образования и в зависимости от участия тех или иных органов речи в их образовании делятся на шесть групп: твердые и мягкие, открытые и узкие, губные и негубные.

Дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып бөлінуі тілдің қатысына байланысты болады. Жуан дауыстылар дегеніміз – тілдің ұшы кейін тартылып, үсті дөңестену арқылы жасалған дауысты дыбыстар. Оларды кейде тіл арты дауысты дыбыстар деп те атайды. Жуан дауыстыларға: а, о, ұ, у, ы дыбыстары жатады. Жіңішке дауыстылар дегеніміз – тілдің ұшы ілгері қарай созылып жатуы арқылы жасалған дауысты дыбыстар. Оларды кейде тіл алды дауысты дыбыстар деп те атайды. Жіңішке дауыстыларға: ә, ө, ү, і, е, э, у дыбыстары жатады.

Деление гласных звуков на твердые и мягкие зависит от положения языка. При произнесении твердых гласных кончик языка отодвигается назад, а его середина приподнимается. Иногда их называют звуками заднего ряда. К твердым гласным относятся: а, о, ұ, у, ы. При произнесении мягких гласных кончик языка продвигается вперед, упирается в нижние зубы. Их иногда называют гласными переднего ряда. К мягким гласным относятся: ә, ө, ү, і, е, э, у.

Дауысты дыбыстардың ашық және қысаң болып бөлінуі жақтың ашылу қалпына байланысты болады. Ашық дауыстылар дегеніміз – жақтың кең ашылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстар. Ашық дауыстыларға: а, ә, о, ө, е дыбыстар жатады. Қысаң дауыстылар дегеніміз – жақтың тар ашылу арқылы жасалған дауысты дыбыстар. Қысаң дауыстыларға: ы, і, и, у, ұ, ү дыбыстары жатады.

Классификация гласных на открытые и узкие зависит от степени раскрытия рта. Открытые гласные – это такие гласные, при образовании которых рот раскрывается широко. К ним относятся: а, ә, о, ө, е. При произнесении узких гласных рот не раскрывается широко, а губы сужаются. К узким гласным относятся: ы, і, и, у, ұ, ү.

Жасалу жолындағы ерін мен езудің қатысына қарай дауысты дыбыстар еріндік және езулік болып бөлінеді. Еріндік дауыстылар дегеніміз - еріннің дөңгеленіп алға қарай созылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстар. Еріндік дауыстыларға: о, ө, у, ұ, ү дыбыстары жатады. Ал езулік дауыстылар дегеніміз – езудің кейін тартылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстар. Езулік дауыстыларға: а, ә, е, э, ы, і, и дыбыстары жатады.

Классификация гласных звуков на губные и негубные зависит от участия губ в их образовании. Губными гласными называются такие гласные звуки, при произнесении которых губы выпячиваются вперед. К ним относятся: о, ө, у, ұ, ү. При образовании негубных гласных губы участвуют в данном процессе не активно, они отходят в стороны. К негубным гласным относятся: а, ә, е, э, ы, і, и.

Дауысты дыбыстар жүйесінің кестесі

Таблица системы гласных звуков

Еріннің қатысына қарай (по участию губ)		Иектің, жақтың қатысына қарай (по степени раскрытия рта)		Тілдің қатысына қарай (в зависимости от положения языка)	
Еріндік (губные)	Езулік (негубные)	Ашық (открытые)	Қысаң (узкие)	Жуан (твердые)	Жіңішке (мягкие)
О,Ө, У,Ұ,Ү	А, Ә, Э, Ы, І	А, Ә, Э, О,Ө	У, Ұ, Ү, Ы, І, И	А, О, Ы, И, Ұ, У	Ә, Ө, І, И, Е, Ү, У

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі

Система согласных звуков в казахском языке

Дауыссыз дыбыстар дегеніміз – өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырап шығуынан жасалатын дыбыстар. Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып үш топқа бөлінеді. Салдырдан жасалған дауыссыз дыбыстарды қатаң дауыссыздар деп атаймыз. Қатаң дауыссыздарға: п, ф, к, қ, т, с, ш, щ, ч, х, ц дыбыстары жатады. Үн мен салдырдың қатысы арқылы жасалған дауыссыз дыбыстарды ұяң дауыссыздар деп атаймыз. Бұларда үннен салдыр басым болады. Ұяң дауыссыздарға: б, в, г, ғ, д, ж, з, һ дыбыстары жатады. Қатаң мен ұяң дауыссыздардың бірімен-бірі жұп құрайтындары бар. Мұндай жұп болып келетін қатаң - ұяң дауыссыздарға: б-п, в-ф, г-к, ғ-қ, д-т, ж-ш, з-с дыбыстары жатады. Үн мен салдырдың қатысынан жасалып, бірақ салдырдан үн басым болатын дыбыстарды үнді дыбыстар деп атаймыз. Үнді дыбыстарға: л, м, н, ң, р, й, у дыбыстары жатады.

Выдыхаемый воздух может встретить преграду в ротовой полости в виде смычки или сближения органов речи и выйти либо через рот, либо через нос. Так образуются согласные звуки. Они состоят из шума и голоса. По степени участия голоса и шума согласные звуки делятся на три группы: глухие, звонкие, сонорные. Глухими согласными звуками называются звуки, состоящие из шума. К ним относятся: п, ф, к, қ, т, с, ш, щ, ч, х, ц. Звонкими согласными называются звуки, состоящие из голоса и шума. В этих звуках больше шума, чем голоса. К ним относятся: б, в, г, ғ, д, ж, з, һ. Звонкие и глухие согласные звуки бывают парными, то есть они могут образовывать парные звуки по звонкости – глухости. К таким парным звукам относятся: б-п, в-ф, г-к, ғ-қ, д-т, ж-ш, з-с. Сонорными согласными называются звуки, состоящие из голоса и шума. Но в отличие от звонких согласных в них больше голоса, чем шума. К сонорным согласным относятся: л, м, н, ң, р, й, у.

Дауыссыз дыбыстар жүйесінің кестесі

Таблица системы согласных звуков

Салдырдан тұратын дыбыстар (звуки, состоящие из шума)	Салдыр мен үннен тұратын дыбыстар (звуки, состоящие из шума и голоса)	
	Үннен салдыры басым (больше шума, чем голоса)	Салдырдан үні басым (больше голоса, чем шума)
Қатаң (глухие)	Ұяң (звонкие)	Үнді (сонорные)
Қ, К, П, С, Т, Х, Ф, Ц, Ч, Ш, Щ	Б, В, Г, Ғ, Д, Ж, З, Һ	Л, М, Н, Ң, Й, Р, У

Грамматика бойынша тапсырма

1. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың бөлінісіне назар аударыңыз.
2. Мәтіндегі 1-ші, 2-ші абзацтардан қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерді теріп жазыңыз.
3. Сөздерді дауыстап оқып, жаттығыңыз.

1-жаттығу. *Берілген сөздермен сөйлем құраңыз.*

Мұнай, құбыр, бұрғы, өндіріс, жер қойнауы, мұнара, бұрғышы, ұңғы.

2-жаттығу. *Көп нүктенің орнына ұ, ү, ы, і әріптерінің тиістісін қойып көшіріңіз. Жуан, жіңішке дыбыстардың айтылуына назар аударыңыз.*

М...най мен газд...ң шаруаш...л...ққа қажетт...л...г...нен енд... олард... ..здеп табу жағ...нан көң...л бөл...нд... . Алғашқ... кездерде б...л кендерд...ң көз...н тәж...рибес... мол адамдар ғана табатын болды. Жерг...л...қт... хал...қ м...ндай адамдард... «...зш...» деп атаған. Әс...ресе, Апшерон т...бег...н қон...стаған хал...қ арас...нда м...ндай адамдар көптеп кездесет...н. Б...рақ олар бабадан атаға, атадан балаға қалған б...л кәс...птер...н елге жария ете бермей, қ...пия ...стаған. Көп ж...лдар бой... м...най өнд...рет...н қ...д...қтар ос...лард...ң қол...нда болған. Қ...д...қтар тек қана олард...ң с...лтеу...мен таб...л...п және арш...л...п келген.

3-жаттығу. *Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.*

Мұнай – сұйық табиғи шикізат. Ашық сары, жасыл және қошқыл қоңыр, кейде қара түсті болып келетін, ультракүлгін сәулелерден жарық шығаратын сұйықтық. Генетикалық тұрғыдан алғанда мұнай шөгінді жыныстар қабатымен бірге көмілген, көбіне көмірсутектің түрленіп терең өзгерістерге ұшырауынан жаралған. Заттың өз алдына оқшауланып шоғырлануынан жиылған табиғи концентрат болып саналады.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма: *Берілген тірек сөздер арқылы сұхбат құрыңыз.*

Қазақ елі, өнеркәсіп салалары, мұнай өндірісі, шикізат көзі, мұнаралар, жер қабаты, ұңғыны шегендеу, зертханалық әдіс, құбырларды құрастыру, қоспалардан тазарту, өндіріс қалдықтары, мұнай қабатының әрекетін бағалау.

2-тапсырма. *Сөз тіркестерін сәйкестендіріңіз.*

Бұрғылаудың соңғы тереңдігі – кривая вытеснение нефти
Қабаттық болжам – извлечение обсадных труб
Бұрғы ерітіндісінің ластануы – марочные изделия
Құбыр жапқышы – промышленные изделия
Жер қыртысының иірімдері – изгиб земной коры
Өнеркәсіп өнімдері – задвижка для трубопровода
Есептелген шығындар – вышка для бурения нефть
Жоғары сапалы өнімдер – загрязнение бурового раствора
Шегендеу тұрбаларын шығару – пластовая гипотеза
Мұнайды ығыстыру сызығы – конечная глубина бурения
Мұнайға арналған бұрғылау мұнарасы – начисленные издержки

3-тапсырма.

МҰНАЙ ӨНДІРІСІ

Мұнайды жағар жарық, емдік заттар ретінде қолданғандығы және оның Қосөзен (Месопотамия), Қытай, т.б. шығыс елдерінде өндірілгендігі жөніндегі деректер Вавилон қолжазбаларында сақталған. Апшерон түбегінің мұнайы екі мың жылдай уақыттан бері белгілі. Мұнай Жайық, Жем алабы мен таулы Маңғыстауда жер бетіне шығып жатқан. Тайыз құдықтарға жиылған мұнайды қазақтар ерте кезден пайдаланған.

Ресейде алғашқы мұнай зауыты 1745 жылы Уахта өлкесінде салынды. Алғашқы мұнай қондырғылары 1848 жылы Бакуде, 1858 жылы Америка Құрама Штаттарында (Пенсильвания) бұрғыланды. Қазақстанда мұнай іздеу мен барлауға бағытталған жұмыстар 1892 жылы Жайық-Жем алабында басталды. Осындағы Қарашүңгіл мұнай кенінде 1899 жылы бұрғыланған номері жетінші қондырғы қырық метр тереңдіктен тәулігіне жиырма бес тоннаға дейін мұнай өндірді.

Осында көп ұзамай мұнай беретін фонтан атқылады. Екінші күшті мұнай фонтаны 1911 жылы 29-сәуірде Доссорда бұрғыланды. 1914 жылы Мақат мұнай

кені пайдалануға берілді. Мақат пен Доссорда өндірілген мұнай 1914 жылы 272746 тоннаға жетті.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді дауыстап оқып, өз сөздеріңізбен баяндап беріңіз.
2. Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап жазыңыз.
 - а) Алғашқы мұнай зауыты қай жерде салынды?
 - ә) Қазақстанда мұнай барлау жұмыстары қай жылдардан басталады?
5. Қазақстандағы мұнай өндіретін аймақтарды атаңыз.

4-тапсырма

1. «Мұнайшы болғым келеді» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз.
 - а) мәтіндегі жаңа сөздерді теріп жазып, сөздіктің көмегімен орысша баламасын табыңыз.
 - б) жаңа сөздерді бірнеше мәрте айтып жаттығыңыз.
 - в) жаңа сөздермен сөйлем құраңыз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Мұнай тарихынан өз түсінігіңізді баяндаңыз.
2. Жаңа сөздерді дауыстап айтып жаттығыңыз.
3. Қазақ тіліне тән дыбыстар саны нешеу?
4. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың жіктелуіне назар аударыңыз.
5. «Мұнайшы болғым келеді» тақырыбына жазған шығармаңызды орыс тіліне аударыңыз.

ЕКІНШІ САБАҚ

МҰНАЙ ҚОРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ

Мұнай кендерінің зерттелу дәрежесі және олардың географиялық орналасуы біздің планетаның бұл саладағы мүмкіндіктерін әлі толық ашқан жоқ. Жер шарының мұнай табылуы ықтимал шөгінді жыныстары көп аймақтары толық барланған жоқ. Келешекте шөгінді жыныстардың аса қалың қабаттары тараған аймақтарда 5000 метр және одан да тереңде жатқан жыныстардың әлі бұрғыланбаған құнарлы қабаттарын бұрғылаудан мұнай қорының біраз артуы ықтимал. Осы себепті ғалымдардың болжауынша мұнай қорларына берілген баға бүкіл жер қойнауында жатқан мұнайдан шамадан біраз төмендеуге негіз бар. Қазіргі дамып келе жатқан елдерде мұнай мен сұйық көмірсутектерін тұтыну 1980 жылы екі ал 2000 жылы үш миллиард тоннаға жетеді деп есептелуде. Осы елдердің тек өздеріндегі мұнай кендерінен мұнай өндіру 1975 жылы екі миллиард, 2000 жылы үш миллиард тоннаға дейін өседі. Мұнай қорын арттыру үшін бөктерлік ойпандар зерттелуі керек.

Қазақстанда мұнай іздеу мен оның ірі кендерінің ашылу мүмкіндігі жер қыртысының аса ірі теріс мәнді элементтерінің бірінен саналатын Каспий маңы ойысының тұзды қабаты астындағы палезой шөгінділерімен байланысты. Одақ көлемінде мұнай өндіру 1975 жылы 400-500 миллионнан астам болды.

Қазақстанда ашылған қырық мұнай кенінің жиырма тоғызы пайдаланылуда. Олардың үшеуі Ақтөбе, жиырма бірі Атырау, бесеуі Маңғыстау облысында.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді мұқият түсініп оқыңыз.
2. Мұнай қорының зерттелуі жайында баяндаңыз
3. Жаңа сөздермен сөздік жұмысын жүргізіңіз.
4. Қазақ тілінде сөзге түсетін екпінге назар аударыңыз.
5. Екінші абзацты буынға бөліңіз.
6. Қазіргі экономикада мұнай қорының атқаратын ролі жайында әңгімелеп беріңіз.

Сөздік

зерттеу – исследование

мұнай көзі – нефтяной источник

теориялық зерттеу – теоретическое исследование

мұнай және газ кендерінің тарихы – история залежей нефти и газа

қабаттық болжам - пластовая гипотеза

түпкілікті бұрғылау тереңдігі – глубина бурения, окончательная

аймақ – регион

мұнай қабаты – нефтяная формация

шөгінді қабат – осадочная формация

мұнай кенінің қалыптасуы – формирование нефтяных залежей

мұнай кен орнының қалыптасуы - формирование нефтяных месторождений

мұнайлы жыныстар – нефтеносные породы

ақау, мүкіс – порок

қойма ғимараты – помещение складское

ұңғыны бастыру – глушение скважины

бұрғылау басы – бурильная головка

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика.

Екпін. - Ударение.

Екпін дегеніміз – бірнеше буынды сөздердің бір буыны қалған буындардан күшті айтылып, айқынырақ естілуі. Екпін буындағы тек дауысты дыбысқа түседі. Орыс тіліндегі екпін жылжымалы болса, қазақ тіліндегі екпін тұрақты, сөздің көбіне соңғы буындарымен байланысты болады. Мысалы: окно - окна, терезе - терезелер. Орыс тіліндегі екпіннің сөз мағынасын өзгертуге тікелей қатысы бар. Мысалы: замок (қорған) – замок (есіктегі құлып), мука (азап) - мука (ұн).

Ударение – это выделение одного из слогов с большей силой при произнесении слова. Ударение всегда падает на гласный звук в слого. В русском языке ударение является подвижным, в казахском языке оно неподвижно и

падает, в основном, на последний слог в слове. Например: окно - окна, терезе - терезелер. При прибавлении аффикса к слову казахское словесное ударение передвигается с границей слова. Например: ел - елдер - елдерден (страна - страны - из стран). Ударение в русском языке может выполнять смысло-различительную функцию. Например: замок (крепость) - замок (дверной), мука (страдание) - мука (пшеничная).

Особенностью казахского языка является то, что гласные звуки, находящиеся в безударном положении, не меняют своего фонетического качества. Это создает особый фонетический облик казахского слова: гласные звуки независимо от позиции в слове почти не подвергаются ослаблению (редукции) и сохраняют свои основные артикуляционные признаки.

Буын. - Слог.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың бір ерекшелігі буын құрайтындығы болып табылады. Демек, сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Ішіндегі дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың алмасып отыруына байланысты буын: ашық, бітеу, тұйық болып үшке бөлінеді. Бір дауыстыдан тұратын немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталатын буынды ашық буын дейміз. Мысалы: а-на, ә-ке, ба-ла. Ортасы дауысты дыбыс болып, екі жағы дауыссызбен келген үш немесе төрт дыбысты буынды бітеу буын дейміз. Мысалы: салт, кілт, бал. Екі немесе үш дыбыстан құралып, дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталған буын тұйық буын деп аталады. Мысалы: ат, ұлт, ант.

Слогообразующим элементом как в русском, так и в казахском языке, является гласный звук. Следовательно, сколько в слове гласных звуков, столько и слогов. В зависимости от чередования гласного и согласного звуков в пределах одного слога различают три вида слогов в казахском языке: открытый, закрытый и полужакрытый. Открытый слог состоит из одного гласного или начинается на согласный и заканчивается на гласный звук. Например: а-на (мать), ә-ке (отец), ба-ла (ребенок). Закрытый слог состоит из трех или четырех звуков. В середине между двумя согласными находится гласный звук. Например: салт (обычай), кілт (ключ), бал (мед). Полужакрытый слог состоит из двух или трех звуков. Начинается на гласный и заканчивается на согласный звук. Например: ат (лошадь), ұлт (нация), ант (клятва).

Дауысты дыбыстардың жуан - жіңішкелігіне байланысты буындар жуан және жіңішке болып та бөлінеді. Мысалы: ә-же-лер (үш буын да жіңішке), а-дам-дар (үш буын да жуан).

В зависимости от качества слогообразующего элемента — гласного, слоги бывают твердыми и мягкими. Например: ә-же-лер (все три слога мягкие), а-дам-дар (все три слога твердые).

Основным принципом слога деления является следующее:

1. Если на слоговой границе, т.е. между гласными, стоит один согласный, то он относится к следующему слогу. Например: ә-ке, ә-же.

2. Если на слоговой границе стоят два согласных, то первый относится к предыдущему, а второй — к последующему гласному. Например: ән-дер.

В зависимости от твердости – мягкости слога звук [л] произносится и твердо, и мягко. Например: бал/ь (мед) - бел/ь (поясница).

Грамматика бойынша тапсырма

1. Екпін дегеніміз не?
2. Қазақ тілінде екпін нешінші буынға түседі?
3. Буын дегеніміз не?
4. Буынның неше түрі бар, мысалмен дәлелдеңіз.
5. Қазақ тіліндегі буын түрлеріне назар аударыңыз.

1-жаттығу. *Берілген мәтіннен ашық буынды сөздерді теріп жазыңыз.*

Қазақстан биылғы жылы экономикалық тұрғыда көптеген жетістіктерге жетті. Бұл елдің қарыштап дамуына кепілдік беретін факторлар. Ел экономикасы үшін елеулі жаңалықтың бірі жылжабар тұстағы Қытай мен Қазақстан арасында мұнай құбырының ашылуы болып табылады.

Елдің жер асты байлығын пайдаға асыратын техника көзі - ТМД аумағында алғаш рет мұнайды Қытайға тасымалдайтын «Атасу-Алашаңқай» құбырының іске қосылуы. Қазақстан-Қытай елдерін жалғайтын «Атасу-Алашаңқай» магистральды мұнай құбыры Елбасымыздың қолдауымен ашылды. 800 млн. АҚШ долларын құрайтын қаржыға салынған құбыр ТМД елдері аумағындағы Қытай энергетикалық базарына мұнайды таситын тұңғыш экспорттық бағыт саналады.

Аталмыш құбыр жобасына келсек, «Атасу-Алашаңқай» мұнай құбырының құрылысы 2004 жылдың 28 қыркүйегінде басталған болатын. Жоба бойынша «Атасу-Алашаңқай» құбыры Қарағанды облысындағы «Атасу» бас мұнай айдау стансасынан Қытай аумағындағы Алашаңқай темір жол бекетіне дейін маршрут жүргізілген. Мұнай құбырының маршруты: Атасу-Ағадыр-Ақшатау-Ақтоғай-Үшарал-Алашаңқай бағытымен жүріп, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының аумағынан өтеді. Бұл көрсеткіш осы маңдағы көптеген тұрғынның жұмыспен қамтылғанын көрсетеді. Мұнай құбырының ұзындығы – 962,2 шаршы қашықтық, диаметрі - 813 мм. Еліміз Қазақ-Қытай мұнай құбырының жолын салу арқылы Қытайдың және Ресейдің мұнай құбыры жолдары жүйесін біріктіруге қол жеткізсе, жылына 10 млн. тоннадай мұнай тасымалдауға мүмкіндігі бар бұл құбыр Құмкөл, Жаңажол кеніштері және Ресейдің Батыс-Сібір аймағы арқылы тасымалданбақшы.

2-жаттығу. *Мәтінді қазақ тіліне аударып, екпінге назар аударыңыз.*

К.И.Сатпаев, как ученый-новатор, ученый-организатор, неизменно оперативно и творчески откликался на запросы народного хозяйства республики, порявлял инициативу в деле решений важнейших задач, вел борьбу за теоретическую глубину и практическую эффективность исследований, добивался внедрения конкретной отдачи от научных работ в народном хозяйстве.

С именем Сатпаева связаны строительство горнометаллургического комбината в Жезказгане, металлургических заводов в Караганде и Балхаше,

канала Иртыш-Караганда, организация крупных исследований по изучению природных ресурсов полуострова Мангистау, Мугоджар, Тургая, освоение крупных объектов минерально-сырьевой базы республики, множества месторождений Рудного Алтая, фосфоритов Каратау, железных и марганцевых руд Улытауского региона и многие другие.

3-жаттығу. *Берілген сөздер мен сөз тіркестерін буын түрлеріне ажыратыңыз.*

Ұңғыма, қойнау, бұрғылау, пайдалы қазбалар, қазандық, тығыздылық, қоспа, физикалық қасиеттер, тасымалдау, теңестіру, қашау, жер қыртысының иірімдері, көлбеу, сығылу, саңылау, бөгет, кедергі, сұйықтық, серіппелі, таразы, сазды балшық, қысым, үйінді.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма. *Сөз тіркестерін сәйкестендіріңіз.*

бұрғы құралының қарысып қалуы – залежь нефти, висячая
қабаттарды саз балшықпен қатайту – заклинивание бурового инструмента
ұңғы сағасын бекіту – заканчивание углекислого газа
ұңғы құрылысын аяқтау – канатный винтовой зажим
жиек ортасындағы саңылау – закрепление грунтов глинизация
арқанды бұрандалы бекіткіш – закреплять устье скважины
көмірқышқыл газын жіберу – зазор между кромками
аспалы мұнай кеніші – заканчивание скважины

2-тапсырма.

Ұлы адамдар өмірінен.

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ

(XV ғасыр)

Қазтуған жырау Сүйінішұлы шамамен XV ғасырдың 20-30 жылдарында Еділ бойында туған. Ол көшпенді шонжарлар әулетінен шыққан. Еділдің салалары Ақтұба, Бозан бойын жайлаған түркі тайпаларының ру басы көсемі, әскербасы болған. XV ғасырдың екінші жартысында өз қарауындағы рулармен бірге Еділден ауып, Қазақ Ордасының құрамына өткен. Оның толғауларының басты тақырыбы көбіне ерлік, елдік болып келеді. Мысалы:

Арғымақтың баласы
Арыған сайын тың жортар,
Арқа мен қосым қалар деп;
Ақ дария толқын күшейтер,
Құйрығын күн шалмаған балығым,
Ортамнан ойран салар деп;
Азамат ердң баласы
Жабыққанын білдірмес,
Жамандар мазак қылар деп!

шамамен – приблизительно
эскербасы – руководитель войск
шонжарлар әулетінен шыққан – родилься в семье феодала
Еділдің салалары – притоки Волги
тайпа – род, племя
ру көсемі – вождь племени, глава рода
эскер – войско
ғасырдың екінші жартысында – во второй половине века
өз қарауындағы – в своем подчинении
Қазақ ордасының құрамына өткен - вошел в состав Казахского государства

Мәтінмен жұмыс

1. Қазтуған жыраудың шығармашылығы жайында мәліметті Ұлттық энциклопедиядан қарап, толықтырыңыз.
2. Толғаудан үзінді жаттаңыз.
3. Сөздікті пайдаланып, мәтінді орыс тіліне аударыңыз.
4. Мәтінді буын түрлеріне ажыратып, ашық буынды сөздерді теріп жазыңыз.
5. Жаңа сөздерді жаттап алыңыз.

3-тапсырма. *Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құраңыз.*

Сарапшылар, барлау, мұнай-газ қоры, тұтыну, мұнай көздері, деңгей, шығу тегі, тау жыныстары, мұнай шатқалы, кенорын, ойпаңдар, шөгінді жыныстар, су қорлары, қалдықтар, кеншілер, мұнайлы өлке.

4-тапсырма. *Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.*

Қытай Қазақстан Республикасының мұнай-газ секторына қатысып, өз жұмыс күшін экспорттаумен қатар, елін шетке шығарып, жұмыс тауып берумен де айналысады. Осы тұрғыдан алғанда Қытай өз өнімдерін қазақ жері арқылы басқа елдерге, соның ішінде Еуропа, Орта Азия және Таяу Шығыс мемлекеттеріне экспорттай алады.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мұнай құбырын Қытай тарапынан басқаруға алған алпауыт компания – ҚХР-ның мұнай бизнесінің бас субъектісі оның мұнай өндірісі министрлігінің негізінде құрылған Қытай ұлттық мұнай компаниясы. Бұл ұйымның міндеті біреу ғана: мемлекеттің тапсырмасымен шетелдегі мұнай көздерін барлау, ашу, игеру ісімен айналысу.

Қазақ-Қытай мұнай құбырын салу жөнінде алғаш рет 1997 жылы Елбасымыз мәселе көтерген болатын. Сол кезде сенімсіздік тудырған құбыр жобасына бүгінде қуанышын білдірген ҚХР басшысы Ху Цзинь Тао екі мемлекет магистральды мұнай құбырын салып тарихта үлкен іс жасағандығын айтады. Бұл құбыр тек Қазақстан мен Қытай арасындағы ғана емес, Еуразия аймағында маңызды стратегиялық жоба саналады деп баға берілуде.

5-тапсырма. *Өлеңді жаттап алыңыз.*

ЖАСТАРҒА

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал табалық
Бір білімді данышпан жан табалық.

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!

Білімді сол кісіден ізденелік!
«Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік.
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылыңды аяма бізге» делік.

(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Өлеңмен жұмыс

1. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыз.
2. 1 шумақты буын түрлеріне ажыратыңыз.
3. Өлеңнің мағынасын түсіндіріңіз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Мұнай қоры жайында баяндаңыз.
2. Екпін дегеніміз не, мысал келтіре отырып, орыс тіліндегі екпінмен өзіндік ерекшеліктерін дәлелдеңіз.
3. Буын дегеніміз, түрлері.
4. Буын түрлеріне мысал келтіріңіз.
5. Мұнай өндірісі турасында соңғы жаңалықтардан мәтін дайындап келіңіз.
6. Өлкенің мұнай өнеркәсібіне қатысты мәтінді іздестіріп, ашық буынды сөздерді теріп жазыңыз.
7. Орыс грамматикасындағы буын түрлеріне назар аударыңыз.

ҮШІНШІ САБАҚ

МҰНАЙДЫҢ ГЕОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ЖАРАЛУ ЖОЛДАРЫ

Мұнайдың кендері мен оның бетіндегі белгілері тереңде жатқан мұнай иірімдерімен байланысты бола бермейді. Олар шөгінді тау жыныстарында орналасады. Мұнай тау жыныстарының қуыстары мен жарықтары арқылы қозғалып, өзінің бастапқы жаралған орнынан едәуір алысқа көшеді. Сондықтан, көптеген мұнай кені кейіннен жаралған болып саналады. Бұл жағдай мұнайдың шығу тегі жөніндегі мәселені шешуді аса қиындатады.

Мұнайдың жер қабаттарында жиылған және жоғарғы қысым салдарынан көмірленген өсімдік қалдықтарынан жаралатыны жөніндегі болжамды алғаш рет 1763 жылы М.В.Ломоносов ұсынды. Д.И.Менделеев жер бетінен аса тереңге енген көміртегі-темір мен су жоғарғы жылу мен қысым жағдайында қосылысқа түсуінен жаралуы мүмкін деген пікірде болды.

Мұнайдың генезисі (жаралуы) жөнінде көптеген ғалымдар әр түрлі пікір білдірді. Олар: А.Д.Архангельский, И.М.Губкин, В.В.Вебер, Н.Б.Вассоевич, П.Смит, т.б.

Мұнай тудырушы (жаратушы) жыныстар сазды шөгінділердің қат-қабаты болып саналады. Бұл шөгінділерде олардың жалпы көлемі екі-алты пайыздай болады. Осы жыныстарда шашыраған жануарлар мен өсімдіктердің заттық қалдықтары, яғни мұнай тудырушы жыныстар екі-үш шақырымға не одан көбірек тереңдікке түскенде жоғарғы жылу мен қысымның әсерінен пайда болады. Мұнай, газ кендері түрінде қалыптасады. Сондықтан мұнай кені болып оның әуелі жаралған орны емес, оның кейін шоғырланған қазіргі аумағы аталады. Мұнай кендері бір қабатты, көп қабатты, ал иірімдері тұтас және көп қабатты болып кездеседі.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді мұқият түсініп оқыңыз.
2. Мәтін бойынша жоспар құрыңыз.
3. Түсініксіз сөздерді дәптерге көшіріп жазыңыз.
4. Мұнайдың геологиясы мен жаралу жолдары жайында баяндаңыз.
5. Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап жазыңыз.
6. Сөздіктің көмегімен соңғы абзацты аударыңыз.

Сөздік

мұнай таситын кеме – нефтеналивное судно

мұнай кәсіпшілігі – нефтепромысел

мұнай бергіштік – нефтеотдача

мұнай өңдеу зауыты – нефтеперерабатывающий завод

жыныс түйіртпектері – обломки породы

мұнайды топтап өлшейтін қондырғы – групповая замерное установка-

қабат – пласт

мұнай кәсіпшілігі нысаны – нефтепромысловый объект

май жылтыры – жирный блеск

апаттық бұрандама – аварийный болт
мұнай өнімдерін өртеуге арналған бомба – бомба для сжигания
нефтепродуктов
ұңғылардағы сулармен күрес – борьба с водопритоками в скважине
мұнай өнімдеріне арналған бөшке – бочка для нефтепродуктов
мұнай өндіру, мұнай беру – давать нефть
сыртқы қысым – внешнее давления
қоюлану қысымы – давление конденсации
қанығу қысымы – давление насыщения
қашықтық – дальность

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

ЛЕКСИКА

Лексика туралы ұғым. – Понятие о лексике.

Лексика (көне гректің *lexikos* - «сөздік» деген сөзінен алынған) - бір тілдегі барлық сөздердің жиынтығы деген ұғымды білдіреді, оны сөздік құрам деп те атайды. Лексиканы, сөз байлығын зерттейтін ғылымды лексикология дейді.

Лексика (от греческого *lexikos* - «словарь») - это совокупность всех слов языка. Раздел науки о языке, изучающий словарный состав языка, называется лексикологией.

Омонимдер. - Омонимы.

Омоним - дыбысталуы бірдей, бірақ мағынасы әр басқа сөздер. Мысалы:

1. жаз - 1. жыл мезгілі;
2. етістік (хат жаз);
3. жай (дастарханды жаз).

Омонимы - слова, одинаковые по звучанию и написанию, но разные по лексическому значению.

- Например: жаз - 1. время года «лето»;
2. глагол «пиши» (хат жаз - напиши письмо);
 3. глагол «расстели», «разгладь» (дастарханды жаз - расстели скатерть).

Синонимдер. - Синонимы.

Синоним - айтылуы, естілуі, жазылуы әр келкі, мағыналары бір-біріне жақын сөздер. Мысалы: адам - кісі, ел - халық, алыс - қашық, надан - топас, нану - сену.

Синонимы - это слова, которые обозначают одно и то же, но отличаются друг от друга оттенками лексического значения и употреблением в речи. Например: адам - кісі (человек), ел - халық (народ), алыс - қашық (далеко), надан - топас (тупой), нану - сену (верить).

Антонимдер. – Антонимы.

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөзді антоним дейміз. Мысалы: жарық - қараңғы, жылдам - ақырын, жақсы - жаман, күн - түн т.б.

Антонимы - это слова с противоположным значением. Например: жарык (светлый) — қараңғы (темный), жылдам (быстро) — ақырын (медленно), жақсы (хороший) - жаман (плохой), күн (день) - түн (ночь) и т.д.

1-жаттығу. *Сөйлемдерді оқып, омонимдердің мағынасын түсіндіріңіз.*

Менің әкем биыл «Маңғыстаудың қара алтыны – ел байлығы» атты кітабын жазып шықты. Жаз айында бір топ мұнайшылар Баку мұнайшыларымен кездесіп, тәжірибе алмасуға бармақ. Берік өндіріс орынында ауырып қалып, енді-енді науқасынан жазылып келе жатыр. Сол жазда жәндіктерден ең көбі аралар болды. Мақсат пен Сұлтан кешке дейін қора ішіндегі ағаштарды аралап мұнайшыларға жеткізуді көздеп отыр. Бұрғышылар айдың жарығымен де тынбастан еңбек етті. Арман бүгін үш айда жасалған жұмыстың ақпарын берген болатын. Жерасты мұнайының тоқсан пайызының игерілгенін осы айдағы соңғы хабардан естідік.

2-жаттығу. *Төменде берілген сөздерді қатыстырып, сөйлем құраңыз. Мағынасын түсініп алыңыз.*

Әдемі, көрікті, сұлу, ажарлы, көркем, батыр, ержүрек,

3-жаттығу. *Берілген сөздердегі антонимдерді сәйкестендіріп, орысша баламасын жазыңыз.*

Қатты, суық, ащы, лас, қараңғы, жұқа, ауыр, мөлдір, терең, кең, толық, аласа, қысқа, үлкен, жақсы, сараң, қорқақ.

Жарық, қалың, таза, тар, лай, биік, таяз, арық, кіші, ұзын, мырза, тұщы, жеңіл, жылы, батыр, жаман, жұмсақ.

4-жаттығу. *Мәтінді көшіріп жазып, асты сызылған сөздердің антонимін табыңыз.*

Мұнай өнімдерін қашық жерлерге жеткізу үшін теміржол, су көлігі, құбыр жолы және автокөлік қолданылады. Кейбір жағдайларда олар шағындау ұшақпен және тікұшақпен тасымалданады.

Су көлігімен (теңізбен, өзенмен) ішкі мұнайды және мұнай өнімдерін (бензин, керосин, дизель отынын, мазут, т.б.) өздігінен жүретін орасан үлкен танкерлерге және өздігінен жүрмейтін лихтерлер мен биржалар типтегі кемелермен тасиды.

Автокөлікпен мұнай өнімдері ірі мұнай базаларынан ұсақ мұнай базаларына, әрі қарай тұтынушыларға жеткізіледі. Бұл ретте өнімдер алып автоцистернамен, сол сияқты кішілеу ыдыстармен тасылады.

Мұнай мен мұнай өнімдерін құбырмен өте көп мөлшерде және кез-келген қашықтықта тасымалдауға болады.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма. *Сөздіктегі сөздерді сәйкестендіріңіз.*

аралық тізбек құбырлар – переменная величина

үрлеп тазарту – перекачка

келтірілген қысым – породоразрушающий инструмент

кабылдау қазандығы – поршневание

ағын – паз

айлақ – приток

тау жыныстарын бұзатын аспап – приведенное давление

ығыстыру – песчаник

өңдеу, айыру – переработка

кұм тас, құмайт – причал

саңылау – приемная емкость

асқын тотық – продувка

тұрақсыз шама – промежуточная колонна

2-тапсырма. *Өлеңді жаттап алыңыз.*

ТӨРТ АНА

Әр адамда өз анасынан басқа

Жебеп жүрер, демеп жүрер арқадан

Болу керек құдіретті төрт ана:

Туған жері – түп қазығы, айбыны,

Туған тілі – сатылмайтын байлығы,

Туған дәутүр – салт-санасы, тірегі,

Қадамына шуақ шашар үнемі және

Туған тарихы.

(Мұхтар Шаханов)

Өлеңмен жұмыс

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.
2. Асты сызылған сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.
3. Ақынның төрт ана деп нені атағанын, неге оларды Анаға теңеп жырлағанын өз сөздеріңізбен айтып беріңіз.

3-тапсырма. *Берілген мәтінді дауыстап оқып, түсініксіз сөздерді теріп жазып, сөздік жұмысын жүргізіңіз.*

МҰНАЙ-ХИМИЯ – ШИКІЗАТ ШЫРМАУЫНАН ШЫҒУ ЖОЛЫ

Қазақстан экономикасының мұнай мен газ экспортына бағыныштығынан шығу жолындағы әрекеттері былтырдан көріне бастады. Баспасөз беттерінде әлсін-әлсін шығып жатқан мағлұматтарға қарағанда, бұл бағыттағы үкіметтің қимылдары отандық және халықаралық сарапшыларға ішкі және сыртқы

мұнай-химия нарығын зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, мемлекет қарамағындағы «ҚазМұнайГаз»-ға жүктелген нақты тапсырыстардан көрінеді. Бұл тапсырыстар алдыменен кеңес заманынан қалып, өткен оншақты жылда тозіп, күйреу жағдайына жеткен елдегі химия кәсіпорындарын қайта қалпына келтірумен қатар, мұнай-химия саласындағы аса маңызды жаңа жобаларды жүзеге асырумен байланысты.

Химия нарығында зерттеу жұмыстарымен айналысатын американдық «Chemical Market Associates Inc.» (CMAI) мәліметтері бойынша, полистиролдың дүниежүзілік тұтыну көлемі жылына 14,4 млн тоннаға тең, соның ішінде, Батыс және Шығыс Европа тұтыну көлемі 3,5 млн тонна құрастырады. Ең ірі тұтынушы Азия елдері, олардың үлесі жалпы көлемнің 30 пайызға жуық.

Қазақстан, Ресей және басқа ТМД елдерінде қалыптасқан полистирол пластиктерінің тұтыну көлеміндегі негізгі үлесін соққыға төзімді полистирол – 51 пайыз құрайды, акрилонитрилбутадиенстиролды сополимерлер үлесі – 20 пайыз, көбіктенетін полистирол -18 пайыз, жалпы қолданыстағы полистирол – 9 пайыз, және сополимерлер үлесі 2 пайыз құрайды. Бұл пластик нарығындағы қаптама материалдар мен жылу өткізбейтін материалдар қалыпты сұраныста екендігін байқатады. Сарапшылардың болжамы бойынша 2010 жылға дейін дүние жүзіндегі тағамдық қаптама нарығы 3,5 есе арта түсуі күтілуде.

Үй тапсырмасы: Мұнай өндірудің соңғы кездегі мәліметтерін мерзімді баспасөз, интернет материалдарынан қарап, аудиторияда талдау.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Мұнайдың геологиясы мен жаралу жолдары жайында не түсіндіңіз?
2. Жаңа сөздерді дауыстап айтып жаттығыңыз, жаттап алыңыз.
3. Тіл білімінің лексикология саласы нені зерттейді?
4. Сөздің көп мағыналылығы дегенді қалай түсінесіз?
5. Омоним, антоним, синоним: анықтамасын айтыңыз?
6. Мұнай өндірісі, оның экономикаға қажеттілігі жайында баяндаңыз.

ТӨРТІНШІ САБАҚ

МҰНАЙ МЕН ГАЗДЫҢ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Мұнайдың шаруашылықтағы маңызын халық ерте кезден-ақ жоғары бағалаған. Оны «жер майы», «асыл май», «тау майы» деп құрметпен атаған.

Қазіргі дәуірде мұнай шикізаты және одан алынатын әр түрлі құнды өнімдерді қолданбайтын өндіріс немесе ауыл шаруашылық салалары кемдекем.

Бензин, керосин, тағы сол сияқты сан түрлі жанар және жағар майлардың мұнай айыру зауыттарында жоғары температурада қыздыру, т.б. әдістері арқылы алынатыны бәрімізге мәлім. Бұл өнімдер болмаған жағдайда жер үстінде жүретін, суда жүзетін, ауада ұшатын сан алуан механизмдер мен

машиналардың қозғалысы не болмаса космос корабльдерінің ғарышқа самғауы мүмкін емес еді.

Мұнайдың химия өнеркәсібі мен Отан қорғау мақсатындағы маңызы да баршамызға белгілі.

Мұнай қуатты және арзан отындардың қатарына жатады. Таскөмірмен салыстырғанда оның қызуы әлдеқайда артық. Соңғы 1997 жылға дейінгі тәуелсіз мемлекеттер бойында өндірілген газдың жылу қуаты бүкіл Донецк, Москва түбіндегі Печорск, Қазақстандағы Қарағанды бассейндерінен өндірілген тас көмірдің барлық жылуынан анағұрлым артық. Газ күлінен резина, машиналардың дөңгелектері, пластмасса, т.б. көптеген тіршілікке керек заттар шығарылады.

Мұнай және одан алынатын өнімдер техникада ғана емес, сонымен бірге басқа өнеркәсіп салаларында да кеңінен қолданылады. Мысалы, бензин еріткіш ретінде сүйектен тағамға керекті майларды айырып алуға да жұмсалады.

Көптеген әтір түрлері, парфюмериялық жұмсақ майлар осы мұнайдан дайындалады. Мұнай тектес газдардан алынаған шайырлардан пластикалық масса, жасанды дәрі-дәрмектер, фотография пленкалары және қысымға шыдамды сынбайтын әйнектер, т.б. жасалады.

Медицинада аурулардың кейбір түрін емдейтін құнды әрі қымбат дәрі-дәрмектер осы мұнайдан бөлініп шығарылған «ақмайдан» жасалады.

Қазіргі уақытта мұнай құрамынан мыңнан астам халық шаруашылығына қажетті заттар алынып отыр.

Ғылым мен техниканың бұдан былай да дами түсуіне байланысты мұнай мен газдан алынатын пайдалы заттардың саны да арта беретіні сөзсіз.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді түсініп оқыңыз.
2. Мұнайдың халық шаруашылығындағы маңызын баяндап беріңіз.
3. Жаңа сөздермен сөздік жұмысын жүргізіңіз.
4. Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап жазыңыз:
 - а) Мұнайдан қандай заттар алынады?
 - б) Әлемдік нарықта мұнайдың маңызы турасында не білесің?

Сөздік

отын, жағар май – топливо

мұнай шикізаты – сырая нефть

жаралу, пайда болу – становление

барлау – разведка

жарық (жер жарығы) – разлом

айналмалы үдеріс – круговой процесс

құнарлы көлбеу қабат – горизонт продуктивный

мұнай өнімдеріне арналған бөшке – бочка для нефтепродуктов

бұрғышы – буровик

ұңғының сағасын байланыстыру – обвязка устья

кесекті тау жыныстары – обломочные породы

тұрақты қабат – нормальный выдержанный пласт
күрілдеуік – каскад
мұнайты еріткіш зат – вещества растворяющее нефть
ұңғылардың әрекеттестігі – взаимодействие скважин
шайқау, араластыру – взбалтывать
дірілдеткіш – вибратор
бұрғы тұрбаларындағы тербеліс – вибрация бурильных трубах
қышқыш бұранда – нажимной винт
қосу – включать
тежегішті қосу – включать тормоз
мұнайды кірістіру – включение нефти

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

МОРФОЛОГИЯ: СӨЗ ҚҰРАМЫ (СОСТАВ СЛОВА).

Морфология (гректің *morphe* - «форма» + *Iogos* - «ұғым, ілім» деген сөзінен алынған) - сөз және оның формалары туралы ілім. Морфология сөз құрамы мен сөз таптарын зерттейді. Сөздің лексика-грамматикалық мағыналарына қарай саралануын сөз таптары дейміз. Қазақ тіліндегі сөз таптарының саны тоғыз.

Морфология (от греческого *morphe* - «форма» + *Iogos* - «понятие, наука») - это наука о слове и его формах. Морфология изучает состав слова и части речи. Части речи — это лексико-грамматические классы, которые имеют свои собственные значения, грамматические признаки и формы изменения. В казахском языке обычно выделяют девять частей речи.

Сөз құрамы. Морфема және қосымша туралы жалпы мәліметтер.

Состав слова. Общие сведения о морфеме и аффиксах.

Әрбір сөздің өзіне тән тұлға-тұрпаты болады. Сөздер бір белгілі бөліктерден (морфемалардан) тұрады. Мағынасына қарай морфемалар түбір және қосымша болып екіге бөлінеді. Түбір дегеніміз – сөздің мағыналы бөлшегі, негізгі морфемасы. Түбірден кейін қосылып тұрған сөз бөлшектерін қосымша дейміз. Қосымшаның қазақ тілінде екі түрі бар: бірі - жұрнақ, екіншісі - жалғау. Жұрнақтар сөз тудыратын және сөз түрлендіретін болып екі топқа бөлінеді. Өзінің жалғанған сөзінен жаңа мағыналы сөз тудыратын жұрнақ сөз тудырушы жұрнақ деп аталады. Мысалы: қой + шы = қойшы. Жалғанған сөздің негізгі мағынасын өзгертпей, оған тек сәл ғана үстеме мағына беретін жұрнақ сөз түрлендіруші жұрнақ делінеді. Мысалы: қызыл + ырақ = қызылырақ. Жалғау - жалғанған сөзін екінші бір сөзбен қарым-қатынасқа түсіріп оларды өзара байланыстырып, жалғастырып және жалғанған сөзіне азын-аулақ мағына беріп тұратын грамматикалық тұлға. Мысалы: «Асқардың інісі Москвада оқиды» деген сөйлемді қосымшаларсыз «Асқар... іні... Москва... оқи...» деп айтсақ, ешнәрсе түсіне алмаған болар едік. Қазақ тілінде жұрнақ түрі мол да, жалғау түрі төртеу ғана.

Слово казахского языка обладает определенной структурой. В нем легко можно выделить значимые элементы – морфемы. Среди морфем по значению различают: корень и аффиксы. Корень - это главная значимая часть слова, основная морфема. Аффикс — это часть слова, которая располагается только после корня и в строго определенной последовательности. Аффиксы в зависимости от значения делятся на: суффиксы и окончания. Суффиксы в казахском языке делятся на две группы: словообразующие и формообразующие. Словообразующими суффиксами называются такие суффиксы, которые присоединяются к корню, изменяют его значение. Например: кой (баран) + шы = койшы (пастух). Формообразующими суффиксами называются суффиксы, которые придают основному значению дополнительное, меняют его форму. Например: кызыл (красный) + ырақ = кызылырақ (краснее). Окончание - это изменяемая значимая часть слова, которая образует форму слова и служит для связи слов в словосочетании и предложении. Например: в предложении «Асқардың інісі Москвада оқиды» («Младший брат Аскара учится в Москве») окончания присутствуют во всех словах. Если мы прочитаем предложение без окончаний, то смысл его становится не ясным: «Асқар... іні... Москва... оқи...». В казахском языке очень много различных суффиксов, а вот окончаний всего четыре.

Көптік жалғау заттың көптігін білдіреді. Көптік жалғау 6 түрлі болып келеді: - лар, - лер, - дар, - дер, - тар, - тер. Сөзге (зат есімге) үндестік заңы бойынша жалғанады. Мысалы: бала + лар, қалам + дар, жігіт + тер. Көптік жалғаудың дауыссыз дыбысы сөздегі (зат есімдегі) соңғы дыбысының әуеніне қарай үндесуіне, үйлесуіне байланысты.

Множественное число существительных в казахском языке образуется при помощи 6 окончаний множественного числа: - лар, - лер, - дар, - дер, - тар, -тер. Чередование гласных в окончаниях определяется правилами сингармонизма. Например: бала + лар (дети), қалам + дар (ручки), жігіт + тер (джигиты). Чередование согласных в окончаниях множественного числа определяется законами прогрессивной ассимиляции.

Көптік жалғау	Қандай жағдайда жазылады (когда пишется)	Мысалы (примеры)
- лар, - лер	дауысты дыбыстардан кейін (после гласных звуков); й, р, у үнді дыбыстарынан кейін (после сонорных согласных й, р, у).	бала + лар (дети), дәптер + лер (тетради), сай + лар (овраги), тау + лар (горы).
-дар, -дер	ж, з ұяң дауыссыздардан соң (после звонких согласных ж, з); л, м, н, ң үнді дыбыстардан кейін (после сонорных согласных л, м, н, ң).	экипаж + дар, қаз + дар (гуси), көл + дер (озера), қалам + дар (ручки), сан+дар (числа), аң + дар (звери).
-тар, -тер	қатаң дауыссыздардан кейін (после глухих согласных); б, в, г, д ұяң дауыссыздардан соң (после звонких согласных б, в, г, д)	қазақ + тар, орыс + тар, геолог + тар, клуб + тар.

Тәуелдік жалғау - сөзді қатынасқа түсіретін косымшаның бір түрі. Бұл бір заттың біреуге не бір нәрсеге тәуелді, меншікті екендігін көрсету үшін қолданылады. Тәуелдік жалғауы дегенде, меншіктеуші (иеленуші) жақ пен меншіктелуші (иеленуші) зат қоса-қабат жүреді. Иеленуші жақ жіктеу есімдіктерінің үш жағының бірімен байланысты болып отырады. Осылардың қайқайсысы болмасын ілік септігінің жалғауында тұрады. Сөздердің тәуелдік жалғауын қабылдауын олардың тәуелденуі дейді.

Притяжательные окончания существительных показывают принадлежность предмета или явления другому предмету или лицу. Образование притяжательных форм имен существительных осуществляется с помощью специальных аффиксов – тәуелдік жалғау. Формы притяжательности проявляют себя в сочетании с местоимениями и существительными в ілік септік (родительном падеже). Притяжательность (тәуелдену) устанавливает отношения между обладателем и предметом обладания.

Мысалы: (ортақ тәуелдену)

I жақ	Менің	аға + м	іні + м,	дос +ым	ел + ім
II жақ	Сенің	аға + ң	іні + ң,	дос +ың	ел + ің
II жақ	Сіздің	аға +ңыз	іні + ңіз,	дос +ыңыз	ел + іңіз
III жақ	Оның	аға + сы	іні + сі,	дос +ы	ел + і

(көптік түрде тәуелдену)

I жақ	Біздің	аға + лар+ымыз	іні + лер+іміз	дос +тар+ымыз	ел + дер+іміз
II жақ	Сендердің	аға + лар+ың	іні + лер+ің,	дос +тар+ың	ел + дер+ің
II жақ	Сіздердің	аға +лар+ыңыз	іні + лер+іңіз,	дос +тар+ыңыз	ел + дер+іңіз
III жақ	Олардың	аға + лар+ы	іні + лер+і,	дос +тар+ы	ел + дер+і

Грамматика бойынша тапсырма

1. Мәтінді сөз құрамына талдаңыз.
2. Мәтіндегі жұрнақ жалғанған сөздерді теріп жазыңыз.
3. Жұрнақ түрлеріне назар аударыңыз.
4. Жалғау түрлерін ажырата біліңіз.
5. Мәтіннен көптік жалғау жалғанған сөздерді атаңыз.
6. «Менің мамандығым» тақырыбына жазған шығармадан тәуелдік жалғауының жалғауларын көрсетіңіз.

1-жаттығу. *Берілген сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құраңыз.*

Мұнайшылар қалашығы, өнеркәсіп орындары, тұрақты қабат, нарықтық экономика, жерасты қабаттары, құнарлы көлбеу қабат, бұрғылау қондырғылары, мұнай қоры, айналмалы үдеріс.

2-жаттығу. *Мәтінді орыс тіліне аударыңыз, көптік жалғауларының астын сызыңыз.*

Алғашқы кезде Ресейде мұнай туралы ғылым саласын жолға қойған – атақты ғалым химик Д.И.Менделеев болды. Д.И.Менделеев көптеген ғылым салаларымен айналысуымен мұнайдың химиялық қасиеттерін зерттеп, күрделі жаңалықтар ашты. Ол өзінің 1877 жылғы жазған «Терістік Америка штатындағы Пенсильвания және Кавказдағы өнеркәсіптері» атты еңбегінде «...мұнай саласындағы ең бастапқы міндет – оның жер қойнауында қалай орналасып жатқандығын ғылыми жолмен тиянақты түрде зерттей білу...» дейді. Бұл әңгіме іс жүзінде орындалмаған жағдайда мұнай барлау, жаңа алаңдар ашып оның қорын көбейтіп өндіру жұмыстарының қиынға соғатынын Д.И.Менделеев айқын көрсете білді.

Д.И. Менделеев мұнай өндіру және одан алынатын қосымша өнімдерді айыру кәсіпшіліктерінде кездесетін кедергілерді жете әшкерелей отырып, оларға қарсы үзілді-кесілді күрес ашты. Мұнай мәселесін өндірістік талапқа сай көтеру үшін ең алдымен Ресейде орын алып келген, бір қожадан екінші қожаға мұнай сату, яғни «откуп деп аталатын жүйені жою керектігін дәлелдеді. Осыған байланысты 1872 жылы патша үкіметі «откуп» жүйесін жойды.

3-жаттығу. *Берілген сөйлемдерді сөз құрамына талдаңыз.*

Д.И. Менделеев жер қойнауына жасалған зиянды шапқыншылық әрекеттерді жете түсінді. Ол ұлт байлығының орынсыз ысырап болып жатқанына жаны ашып, патша үкіметіне әдейі жолдама жазды. Жолдамада көптеген кемшіліктерді көрсете келе, мұнай өндіру жұмысын жолға қою үшін ең алдымен жер қойнауының дамуын, кеннің табиғи орналасу заңдарымен айналасатын арнайы ғылыми зерттеулер жүргізетін ұйымдар мен мамандардың жеткіліксіздігін көрсетіп, аталған сала негізінде өз қағидаларын ұсынды.

4-жаттығу. *«Сенің таңдаған мамандығың» тақырыбына сұхбат құрыңыз.*

5-жаттығу. *Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін мұнай-газ терминдерінің сөздігін пайдаланып, қазақшаға аударыңыз.*

Коррозия, компромированный газ, каменная соль, интерференция скважины, обессоливание, обечейка, понтонный, арматура фонтанная, активный ил, автоматизация, бок лежащий, бункер, вкладыш.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма:

- а) «Менің мамандығым» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз.
- б) мәтіндегі сөздерді сөз құрамына талдаңыз.
- в) жаңа сөздерді бірнеше мәрте айтып жаттығыңыз.
- г). «мамандық» сөзін жекеше, көпше түрде тәуелденіз.

2-тапсырма.

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ КЕНОРЫНДАРЫ

Өзен мұнай-газ кенорны – Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласының оңтүстігінен 12 шақырым жерде орналасқан. Өзен Қазақстандағы бастапқы геологиялық қоры 1058,739 млн.тоннаны құрайтын үшінші кенорын. 1961 жылдың желтоқсан айында ашылып, 1965 жылы өнеркәсіптік игеруге берілген. Қазіргі таңда Өзен кенорны мұнайының жартысынан көбі игерілген. Кенорын мұнайының құрамында 12-14 пайыз шамасында парафин бар.

Теңге мұнай-газконденсат кенорны – Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласының оңтүстігінен 8 шақырым жерде орналасқан. 1969 жылы ашылып, 1970 жылы игеруге берілді. Қазіргі таңда қабаттың газконденсатты игерілуде.

Қазақ газ өңдеу зауыты – Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласында орналасқан. 1973 жылы ашылған. Шикізат ретінде басқа кенорындары мұнайының ілеспе газдары қолданылады. Жобалық қуаттылығы жылына үш млрд-ты құрайды. Бұл кәсіпорында тұрақты конденсат пен газ өндіріледі.

Жетібай кенорны – Маңғыстау облысы, Ақтау қаласының оңтүстік шығысынан 80 км жерде орналасқан. Жетібай газконденсат кенорны – 1965 жылы ашылып, игеруге 1970 жылы берілген. Жетібай кенорнында негізінен Юра қабаты игерілуде. Жетібай кенорнының мұнайы өзінің физикалық қасиеті жағынан жеңіл, аз күкіртті мұнайларға жатқызылады және құрамында смолалы асфальтты заттардың көп болуымен, жоғары парафинділігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, Солтүстік-Батыс Жетібай мұнай кенорны – 1984 жылы, Шығыс Жетібай мұнай-газ кенорны – 1967 жылы, Оңтүстік Жетібай мұнай-газконденсат кенорны – 1969 жылы ашылған.

Қаражанбас мұнай-газ кенорны – Маңғыстау облысы, Бозашы түбегінде, Ақтау қаласының солтүстік шығысынан 140 шақырым жерде орналасқан. 1974 жылы ашылған. Қаражанбас кенорнының мұнайы жоғары тұтқырлығымен, жоғары парафинділігімен және құрамында смолалы заттардың көп болуымен ерекшеленеді.

Қаламқас мұнай-газ кенорны – Маңғыстау облысы, Ақтау қаласының солтүстік шығысынан 280 шақырым жерде орналасқан. 1976 жылы ашылған. Кенорынның мұнайы жоғары смолалы, күкіртті және аз парафинді болып табылады.

Мәтінмен жұмыс

Мәтінді түсініп оқыңыз.

1. Маңғыстау өңіріндегі мұнай өндіретін кенорындар жайында өз сөздеріңізбен баяндаңыз.
5. Жаңа сөздермен сөздік жұмысын жүргізіңіз.
6. Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап жазыңыз:
 - а). Сен осы аталған аймақтардың қайсысында тұрасыз?
 - ә). Тұратын жеріңіздегі мұнайдың сапасы, құрамы жайында не білесіз?
 - б). Сіздің отбасыңызда мұнайшы мамандығы бойынша жұмыс жасайтын адам бар ма?

- в). Өзіңіз тұратын жердегі мұнайшылар өмірінен түсінік беріңіз.
д). Мәтіндегі 4 абзацты сөз құрамына талдаңыз, жалғау мен жұрнақты шартты белгісі бойынша ажыратыңыз.

3-тапсырма. Өлеңді жаттап алыңыз.

ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ

Қайырлы таң, жомарт жерім, ер жерім,
өзендерім, көлдерім!
Қайырлы таң, кермиықты кең далам,
Құба жонды белдерім!
Орманым да шуламай,
Суларым да туламай,
Ақ басты ата-тауларым да жыламай,
Ұйқысынан оянды,
Бәрісі де таң нұрына бояулы.
Айдын көлде асыр сап жүр қаз, аққу,
Ақ таңымен амандасып қазақтың
Қайырлы таң. Ашық аспан, ақ аспан,
Ай, шолпаным, жұлдызым!

(*Мұқағали Мақатаев*)

Өлеңмен жұмыс

1. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.
2. Асты сызылған сөздерді III жақта тәуелдеңіз.
3. Өлеңді сөз құрамына талдаңыз, көптік жалғауларының қалай жалғанғанына назар аударыныңыз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Мұнайдың әлемдік экономикадағы ролі туралы бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен мәтін дайындаңыз.
2. Атақты химик Д.И.Менделеевтің мұнай өнеркәсібін өркендетудегі еңбегі жайында ауызша баяндаңыз.
3. Сөз қандай бөліктерден тұрады?
4. Түбір дегеніміз не?
5. Қосымша дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар?
6. Сөз тудырушы жұрнақ деген не? Мысал келтір.
7. Сөз түрлендіруші жұрнақ деген не? Мысал келтір.
8. Жалғаудың неше түрі бар? Оларды атап шық.
9. Көптік жалғау деген не? Көптік жалғауларды атап шық.
10. Тәуелдік жалғау деген не? Мысал келтір.
11. Маңғыстаудағы мұнай кенорындары жайында не білдіңіз?

БЕСІНШІ САБАҚ

МҰНАЙ ГЕНЕЗИСІ

Мұнайдың жаратылысы, алғашқы пайда болуы дұрыс зерттеліп, шешілген болса, оның кандай табиғи жағдайлармен байланысты басқа қабаттарға көшіп, шоғырланатын жерлерін білу онша қиынға түспесе керек. Бұл жағдайда мұнай жатақтарын іздестіру, барлау жұмыстары да қысқа мерзімде әрі экономикалық тиімді жағдайда орындалған болар еді. Бірақ осы күндерге дейін мұнайдың жаратылу тарихы (генезисі) және орналасуы әлі де түбегейлі зерттеліп біткен жоқ.

Мұнайдың пайда болуы туралы бірнеше теориялар (болжамдар-гипотезалар) бар. Бұл болжамдар екі топқа бөлінеді. Олар органикалық және аорганикалық (органикалық емес) болжамдар.

Аталған топтардың өздері бірнеше бөлімшелерден тұрады. Мысалы: органикалық теория – мұнайдың жәндіктер мен өсімдіктердің және аралас-өсімдік пен жәндіктердің қалдығынан пайда болуының мүмкіндігін дәлелдейді. Ал, аорганикалық теорияда мұнайдың жаратылуы карбид терриясы, жанартау теориясы, космос, т.б. теориялар арқылы дәлелденеді. Көрсетілген теориялардың негізіне тәжірибелік және лабораториялық зерттеулердің қорытындылары алынды.

Мұнайдың пайда болуын органикалық теория бойынша дәлелдегендердің бірі М.В.Ломоносов еді. Ол алғашқы рет 1763 жылы мұнайдың жер қойнауында жиналған өсімдіктердің жоғарғы қысым әрі температура арқылы көмірленіп, өзгерген калдықтарынан түзілу мүмкіндігін атап көрсетті. Бірақ мұнай жөнінде нақтылы ынта-ықылас қойылған кез ХІХ ғасырдың екінші жартысы еді. Осы мезгілде Л.Лекер мұнайды балдырдың шіруімен байланыстырды. Ал, К.Энглер мен Г.Гефер мұнайдың пайда болуын терең білу үшін лабораториялық зерттеуге теңіз жануарларының майын алғызды. Кейінгі кездерде органикалық теорияны қолдағандар А.Д.Архангельский, И.М.Губкин, В.В.Вебер, Н.Б.Воссаевич, П.Смит болды. Мұнай туралы органикалық теория осылай орныға бастады.

Атақты мұнайшы академик И.М.Губкин дүние жүзілік мұнай және газ кен орындарын зерттей келе іргелі теориямен байланысты «Учение о нефти» деген еңбегін жазды. Бұл еңбегінде ол жер шарының мұнай-газ аудандарының құрылысын, мұнайдың орналасу заңдарын жете зерттей келе мұнайды органикалық жағдайлармен байланыстырды. Сөйтіп ғалым мұнайдың құрамы жайында іргелі зерттеулер жасады.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді мұқият түсініп оқыңыз.
2. Мәтін бойынша жоспар құрыңыз.
3. Жаңа сөздерді теріп жазыңыз.
4. Мұнайдың пайда болуы жайында өз түсінігіңізді жазыңыз.
6. Мұнайдың қасиеті, құрамы жайында баяндаңыз.
7. Маңғыстау өлкесінде мұнай кенорындары қашан ашылды?

Сөздік

болжам – гипотеза
мұнайды айыру – перегонка нефти
жікқабат – ярус
қабатты – слоистый
топырақтың төменгі қабаты – слой грунта, нижний
шығу төркіні, тарихы – генезис
мұнай қабаты – нефтяная формация
мұнай кенінің қалыптасуы – формирование нефтяных залежей
жоғарғы қысым – высокое давление
органикалық – органический
айналдыра бұрғылау қондырғысы – установка для вращательного бурения
тау жыныстарының қатаюы – уплотнение горных пород
газ шығымы – дебит газа
мұнай шығымы – дебит нефти
мұнай өндірісіндегі шығым өлшегіш – нефтепромысловый дебитомер
мұнай өнімдерінен сутегін шығару – дегидрогенизация нефтепродуктов
уату әрекеті – дробящее действие
майлау, май жағу – смазывающее действие

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика.

Жіктік жалғау. - Личное окончание.

Жіктік жалғауы – қимыл иесінің кім екенін білдіру үшін қолданылатын қосымша, ол сөз бен сөзді жақ жағынан қиыстырып тұрады. Жіктік жалғауы есім сөзге де, етістікке де жалғанады. Жіктік жалғау тек қана синтаксистік қызмет атқарады. Өйткені, жіктік жалғаулы сөз сөйлемде әрдайым баяндауыш болады.

I жақтың жекеше түрінде сөздің негізіне -мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін жалғаулары, ал көпше түрде -мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз жалғаулары жалғанады.

Личные окончания указывают на того, кто совершает действие. В предложении в функции сказуемого могут выступать не только глагол, но и именные части речи (имя существительное, имя прилагательное, имя числительное, местоимение). Если в русском языке именное сказуемое морфологически не изменяется, то в казахском языке оно принимает все признаки глагола. Выступая в предложении в функции сказуемого, они принимают такие же личные окончания, как и глаголы.

I жақтың жекеше түрінде сөздің негізіне -мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін жалғаулары, ал көпше түрде -мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз жалғаулары жалғанады.

В I лице единственного числа к основе слова прибавляются окончания -мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін, а во множественном числе -окончания -мыз/-

міз, -быз/-біз, -пыз/-піз в зависимости от того, на какой звук оканчивается основа слова.

Жалғау (окончание)	Қандай жағдайда жазылады (когда пишется)	Мысалы (пример)
-мын/-мін, -мыз/-міз	дауысты дыбыстардан кейін (после гласных звуков); 1) үнді дауыссыз дыбыстардан кейін (после сонорных согласных звуков).	оқушы + мын дәрігер + мін
-бын/-бін, -быз/-біз	б, в, г, д дыбыстарынан бөтен ұяң дауыссыздардан кейін (после звонких согласных, кроме б, в, г, д).	жалғыз + бын мәз + бін
-пын/-пін, -пыз/-піз	1) қатаң дауыссыз дыбыстардан кейін (после глухих согласных звуков); 2) б, в, г, д ұяң дауыссыз дыбыстардан кейін (после звонких согласных б, в, г, д).	жас + пын студент + пін

II жақтың жекеше түрінде сөздің негізіне -сын/-сің және -сыз/-сіз (сыпайы форма үшін) жалғаулары жалғанады. Мысалы: Сен кезекте бесінші+сің, Сіз енді әже+сіз. II жақтың көпше түрі -сын/-сің және -сыз/-сіз жіктік жалғауларына -дар/-дер көптік жалғауларын жалғау арқылы пайда болады. Мысалы: Сендер студент+сің+дер.

III жақтың жекеше түрінде де, көпше түрінде де жіктік жалғау жалғанбайды. Мысалы: Ол мұғалім. Олар дәрігер+лер.

Септік жалғау. - Падежное окончание

Септік категориясы қазақ тілінде де, орыс тілінде де бар. Бірақ септіктің санында да, септелу жүйесінде де үлкен айырмашылық бар. Орыс тілінде 6 септік, септеудің бірінші, екінші, үшінші және ерекше септелуі бар. Қазақ тілінде 7 септік бар, септелудің 2 түрі бар: жай септелу және тәуелді септелу. Жай септелу деп септік жалғауларының тікелей зат есімдердің және басқа есім қызметін атқаратын сөздердің тура түрлеріне жалғануын, септелуін айтсақ, ал, тәуелді септелу деп септік жалғауларының зат есім немесе зат есім қызметін атқаратын басқа сөздердің тәуелді түрлеріне жалғануын айтамыз. Септік жалғауы үндестік заңына бағынып жалғанады. Сондықтан, әрбір септік жалғаудың бірнеше дыбыстық варианттары бар. Көмектес септік жалғауы буын үндесуіне бағынбай, жуан сөзге де, жіңішке сөзге де тек жіңішке түрінде жалғанады. Орыс тілінен енген б, в, г, д дыбыстарына аяқталатын сөздерге септік жалғаулары қатаңнан басталып жалғанады.

Категория падежа есть как в казахском, так и в русском языке. Но существуют большие различия и в количестве падежей, и в системе склонения. В русском языке 6 падежей и несколько форм склонения: первое, второе, третье и особые формы склонения. В казахском языке 7 падежей и 2 формы склонения: жай септелу (простое склонение) и тәуелді септелу (притяжательное склонение). Простым склонением называется такое склонение, при котором падежные окончания присоединяются непосредственно к основе имени существительного и других именных частей. Притяжательным склонением называется склонение, при котором падежное окончание присоединяется к притяжательной форме имени существительного или другой части речи,

выполняющей функции имени существительного. Падежные окончания присоединяются согласно закону сингармонизма. Поэтому у каждого падежа есть несколько фонетических вариантов падежных окончаний. Көмектес септік (творительный падеж) не подчиняется закону сингармонизма, поэтому и к твердым, и к мягким основам в творительном падеже присоединяются мягкие варианты окончаний. К словам, заимствованным из русского языка и заканчивающимся на согласные б, в, г, д присоединяются падежные окончания, начинающиеся с глухой согласной.

Септіктер. - Падежи.

Септіктің қазақ тіліндегі атауы (назв. падежа на каз. языке)	Септіктің орыс тіліндегі атауы (назв. падежа на рус. языке)	Сұрақтары (вопросы)	Жалғаулары (окончания)
Атау септік	Именительный падеж	Кім? Не? (кто? что?)	не имеет специальных аффиксов
Ілік септік	Родительный падеж	Кімнің? Ненің? (кого? чего?)	-ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің
Барыс септік	Дательно-направительный падеж	Кімге? Неге? Қайда? (кому? чему? куда?)	-ға/-ге, -қа/-ке, -на/-не, -а/-е
Табыс септік	Винительный падеж	Кімді? Нені? (кого? что?)	-ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті
Жатыс септік	Предложный (местный) падеж	Кімде? Неде? Қайда? (у кого? у чего? где?)	-да/-де, -та/-те, -нда/-нде
Шығыс септік	Исходный падеж	Кімнен? Неден? Қайдан? Қашаннан? (от кого? от чего? откуда? с каких пор?)	-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен
Көмектес септік	Творительный падеж	Кіммен? Немен? Қалай? (с кем? чем? как?)	-мен, -бен, -пен

1-жаттығу. Берілген сөздерді жекеше, көпше түрде жіктеңіз.

Мұнайшы, бұрғышы, құрылысшы, студент, жұмысшы, мұғалім, кітапханашы, дәрігер.

2-жаттығу. Төмендегі сөздерге жалғау жалғаңыз.

Мен оқушы-
Сен оқушы-
Сіз оқушы-
Ол оқушы-

Біз оқушы-
Сендер оқушы-
Сіздер оқушы-
Олар оқушы-

3-жаттығу. Берілген сөздердің баламасын көрсетіңіз.

«Водяной газ»

1. сулы газ;
2. ылғал газ;
3. белсенді газ;
4. сіңген газ;
5. жемір газ.

«Тереңде орналасқан кен орны»

1. глубинное месторождение;
2. истощенное месторождение;
3. конденсатное месторождение;
4. глубоководное месторождение;
5. многопластовое месторождение;

«Место расположения скважины»

1. мұнайдың таралу аймағы;
2. мұнайды дәнекерлейтін жер;
3. ұңғының тұрған жері;
4. мұнай қиылыстарын топтастыратын жер;
5. ұңғы орналасқан жер.

«Опора бурового долота»

1. бұрғы қашауының бітелген тірегі;
2. бұрғы қашауының тірегі;
3. теңгергіш тірегі;
4. бұрғы қашауының ашық тірегі;
5. майланған бұрғы қашауының тірегі.

«Поперечная опора нефти»

1. мұнай бұрғысының призмалық тірегі;
2. мұнай бұрғысының аралық тірегі;
3. мұнай бұрғысының көлденең тірегі;
4. мұнай бұрғысының тарамдалған тірегі;
5. мұнай бұрғысының сырғыма тірегі.

«Вытеснение нефти водой»

1. мұнайды сумен ығыстырып шығару;
2. мұнайды бумен ығыстыру;
3. мұнайдың оңуы;
4. қолма-қол картасы;
5. мұнайды судан сарқып алу;

Өздік жұмыс тапсырмалары

1- тапсырма.

АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ

Қазақстанның мұнай өңдеу саласындағы тұңғыш кәсіпорны – Атырау мұнай өңдеу зауыты.

Атырау мұнай өңдеу зауыты өзінің айбынды тарихымен, дәстүрлерімен және еңбектегі жетістіктерімен мұнай айдау саласындағы алғашқы қазақстандық кәсіпорны болып табылады. Зауыттың құрылысы 1943 жылы соғыс уақытының ауыр жағдайларында басталып, 1945 жылдың қыркүйек айында ол пайдалануға енгізілген болатын.

Зауыттың техникалық жобасын америкалық «Баджер және оның ұлдары» фирмасы әзірлеген, ол соған арнап жоспар бойынша жабдықты жеткізіп тұратын. Мұнай өңдеу зауытының бастапқы қуаттылығы жылына 800 мың тоннаны құрады және ол Ембі кенорнының мұнайына, тасып әкелінетін Бакулық дистиллятқа негізделген болатын. Бұрын зауыт отындық бағыт бойынша дамып отырды, ол авиациялық және автокөліктік бензиндерді, әртүрлі моторлық және қазандық отындарды шығарды.

Батыс-Қазақстан аймағының дамуына, 1965 жылдан бастап мұнай өндірісінің артуына байланысты зауыт қайта құру арқылы бағасы қымбат тасып әкелінетін дистиллятты өзі шығаратын дистиллятпен алмастыру туралы мәселесін қарастыра бастады.

Бүгінде Атырау мұнай өңдеу зауыты елдің ежелгі мұнай өндіру аймағында орналасқан қазіргі заманға сай ірі кәсіпорын болып табылады.

2006 жылдың маңызды оқиғасы Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта құру ісінің аяқталуы болды. Мұнай өңдеу жөніндегі барлық технологиялық қондырғылар үлкен көлемді техникалық қайта жарақтандырудан өткізілді, бұл зауыттың қуаттылығын жылына 5 миллион тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік берді. Зауытта ЭЛОУ-АТ-2, ЭЛОУ-АВТ-3 мұнайды бастапқы айдау қондырғылары жұмыс істейді.

Қайта құрудан өткеннен кейін, 60-жылдан артық уақыт бойы жұмыс істеп келе жатқан қазақстандық мұнай «патшасы» мұнай өңдеу тереңдігінің, өнім сапасын арттырудың, қоршаған ортаны қорғау мен ресурс үнемдеудің жаңа технологиялық деңгейіне шықты.

Шығарылып жатқан өнімдердің ассортименті жылдан жылға көбейіп келеді. Қазіргі кезде зауыт 16 түрлі мұнай өнімдерін шығарады.

Атырау мұнай өңдеу зауыты өндірістік қуаттылықтарды үнемі жаңартып, өнім сапасын арттырып, сан түрлі шетелдік және отандық фирмалармен ынтымақтастықта жемісті жұмыс жүргізіп келеді.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді мұқият түсініп, дауыстап оқыңыз.
2. Мәтінде кездесетін жаңа сөздерді теріп жазыңыз.
3. Атырау мұнай өңдеу зауытының әлемдік экономикаға дағы орнын анықтаңыз.

4. Мұнай, зауыт сөздерін септеңіз.
5. Ұлттық энциклопедияны пайдалана отырып, атақты мұнайшылардың өмірінен мәлімет жазыңыз.
6. Интернет материалдары негізінде Атырау мұнай өңдеу зауытының қазіргі жай-күйі жайында баяндаңыз.
7. Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.

2-тапсырма. *Септік жалғауына байланысты айтылған мына өлеңді жаттап алыңыз, жалғауларды ажырата біліңіз.*

СЕПТЕУ

Атау

Барлығына үлгі болар, қарақтар,
Байсалды да ақылды да Марат бар.

Ілік

Жеке басым ең алдымен Мараттың
Жасы үлкенді сыйлағанын жараттым.

Барыс

Сенбейсің бе күнделікті паракқа:
Талай «бестік» қойылыпты Маратқа.

Табыс

Батыл емес дей алмайсың Маратты,
Сол үйретті ауладағы сұр атты.

Жатыс

Алғыссыз күн болған емес Маратта,
Жетеді онда ынта, жігер, талап та.

Шығыс

Қай өнер де табылады Мараттан,
Ән салғанда жұртты өзіне қаратқан.

Көмектес

Міне, сондай жақсы бала Маратпен
Дос бола алмай жүргендер де бар, әттең!

(*Қадыр Мырза-әлі*)

3-тапсырма. Мәтін бойынша жұмыс түрлерін жүргізіңіз.

АБАЙДЫҢ СЫНЫ

Наушабай атты кісі жол жүріп келе жатып, Абай үйіне түсіпті. Жайғасып отырған соң ол:

– Абайжан, өзіңе асыл сөз, алғыр ой тауып айтқан кісі болды ма? – деп сұрапты.

Абай сәл ойланып отырыпты да, мына бір әңгімені айтып береді:

– Менің Әбдірахман деген балам бар еді. Тоғыз жасында Семейге орысша оқуға бердім. Оны бітірген соң Петерборға жібердім. Онда екі қыс оқып, жазғы демалыста ауылға келді. Абайласам, жақсы оқып, әжептәуір білім игерген екен. Баламның ақылын сынап байқайын деп ойладым. Бір күні әңгімелесіп отырып:

– Қалқам Әбіш, жаратылыста ақ түсті зат асыл ма, қара түсті зат асыл ма? – деп сұрадым. Әбіш:

– Ақ түсті зат асыл, - деді.

– Жоқ, олай емес, қара түсті зат асыл, - дедім.

Ол бетіме қарап күлді де:

– Қараны қалай асыл дейсіз? – деді.

Мен айттым:

– Адам баласы барлық дүниедегі жаратылысты көзбен көреді. Ақтың ортасындағы кішкене қара дақ көзге бірден түседі. Қараның асылдығына осы дәлел. Қағаз ақ, одан адам оқып, білім алмайды, бетіне жазған қара жазудан өнер-білім үйренеді. Жас кезінде адамның шашы, сақалы қап-қара болады, қартайғанда ағарады. Жас күнінде ақылың, білімің, қайратың көп. Қартайғанда ақыл да, білім де, қайрат та азаяды... Сондықтан ақтан қараны асыл ма деп ойлаймын, - дедім. Сонда Әбіш:

– Осының бәрін қалай ойлап білдіңіз? – деді.

– Ақылмен ойлап білдім.

– Олай болса, ақыл мида болмай ма? Мидың түсі ақ емес пе? – деді Әбіш.

Ақыл – нұр, жарық зат, ол да аққа ұқсайды...

Баламның тауып айтқан сөзіне разы болып, маңдайынан иіскедім. Әй, Наушабай, сол Әбішімнің арманы әлі көңілімнен кетпейді. Тірі болса, еліне көп қызмет ететін адам болар еді...

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді түсініп оқыңыз
2. Абайдың өмірі, шығармашылығы турасында қысқаша әңгімелеп беріңіз
3. Төменде берілген сөздікті пайдаланып мәтінді орыс тіліне аударыңыз

Сөздік

Наушабай атты кісі – человек по имени Наушабай

жол жүріп келе жатып – проездом, проезжая

Абай үйіне түсті – остановился у Абая

асыл сөз – ценные слова

алғыр ой – находчивая мысль

алғыр – хваткий, находчивый, предприимчивый
сәл ойланып – немного подумав
бітірген соң – после окончания
жазғы демалыс – летний каникул
әжептәуір – неплохо
білім игеру – получить знания
ақыл – ум
сынау – проверить
байқау – наблюдать
ойлау – думать
бір күні – однажды
жаратылыста – в природе
зат – вещь
олай емес – не так
адам баласы – человечество
кара дақ – черная точка, пятно
көзге бірден түсу – сразу попасть на глаза
дәлел – доказательство
білім алмайды – не получает знания
жас күнінде – в молодости
сақал – борода
қарт – старик
қартайғанда – на старости
ағарады – белеет, белеют
қайрат – сила
ми – мозг
ми ақ – мозг белый
нұр – луч
жарық зат – светлая вещь
ұқсау – быть похожим

Сұрақтарға жазбаша жауап жазыңыз:

1. Абайдың үйіне кім келді?
2. Наушабай Абайға қандай сұрақ қойды?
3. Абай оған кімді мысалға келтірді?
4. Әбішті қалай сынады?
5. Әбіштің сөзін әңгімелеп айтыңдар.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Мұнай тарихы турасында М.В.Ломоносов, Л.Лекер, А.Д.Архангельский, И.М.Губкин т.б. ғалым-зерттеушілердің болжам-пікірлерін баяндап беріңіз.
2. Жіктік жалғауларын атаңыз, мысал келтіріңіз.
3. Қазақ тілінде қанша септік бар, орыс грамматикасынан айырмашылығын көрсетіңіз.
4. Атырау мұнай өңдеу зауытының тарихы жайында мазмұндама жазыңыз.

5. Бүгінгі үйренген жаңа сөздеріңізді сөздік дәптерлеріңізге жазып алыңыз.
6. Абай кім? Ұлттық энциклопедиясынан Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайынжа жазып келіңіз.
7. Атақты мұнайшы Рахмет Өтесіновтің өмірі жайында не білесіз, қысқаша өз сөзіңізбен баяндаңыз.

АЛТЫНШЫ САБАҚ

МҰНАЙДЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Мұнай сұйық көмірсутектердің метандық, нафтендік, ароматтық қатарларының күкіртті, азотты және оттекті қосылыстардың қоспаларынан тұрады. Мұнайдағы шекті көмірсутектерді метаннан, пропаннан, бутаннан бастап осы қатарға дейінгі көмірсутектерінен тұрады. Ароматтық көмірсутектері бензол мен дефилиннің туындылары болып саналады. Бұларда нафталин сияқты қоюланған жүйелер де ұшырайды. Нафтендер шекті және ароматтық көмірсутектер аралығынан орын алады.

Жеңіл мұнайлар елу-жүз градууста, ал ауыр мұнайлар жүз градустан жоғары температурада қайнайды.

Мұнайдың тығыздығы жоғарылаған сайын қайнау температурасы арта береді. Мұнайлардың құрамын анықтау үшін элементтік және фракциялық талдаулар қолданылады. Құрамына қарай мұнай бензинді-керосинді және бензинсіз болып ажыратылады. Мұнайларды көбіне айдау кезінде 13-15 пайыздан 16-20 пайызға дейін керосин, бензин шығады. Табиғатта метанды, метанды-нафтинді, аз күкіртті және құрамында екі пайызға дейін күкірті бар мұнайлар кең тараған. Мұнайдың электрлік кедергісі аса жоғары. Бұл қасиет жердің терең қойнауларындағы мұнай иірімдерін анықтау үшін электрлік жүйені қолдануға мүмкіндік береді. Мұнай сумен қосылғанда тұрақты, берік барынша мықты болады. Мұнайдың жылу шығарғыштық қабілеті күшті. Қазіргі заманғы іштен жанатын және реактивтік двигательдердің отындары, түрлі жағар майлар мұнайдан алынады. Химия өндірісінің көптеген салалары мұнай өнімдері мен мұнай газдарын өндіруге негізделген.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді түсініп оқыңыз.
2. Мұнайдың құрамы мен физикалық қасиеттері жайында әңгімелеңіз.
3. Жаңа сөздерді дәптерге жазыңыз.
4. Мәтіннің 1 абзацынан септік жалғауларын табыңыз.
5. 3-абзацтан зат есімдерді тауып, құрамына талдаңыз.

Сөздік

мұнайлы аймақ – нефтенасосная зона
сұйық көмірсутектер – жидкий углеводород
қатты көмірсутектердің тұнбасы – осадки твердых углеводородов

қабат қалыңдығының өзгеруі – изменение толщины пласта
барлау – разведка
қысым тепе-теңдігі – равновесие давлений
тұнбаның түзілуі, шөгіндінің пайда болуы – осадкообразование
теңіздегі ізденістер – морские изискания
мұнай қабатын бөлу – распределение залежей нефти
мұнайдағы газдың тарауы – распределение газа в нефти
бұрғы ерітіндісі – буровой раствор
ұңғы – скважина
тау-кен ісі – горное дело
дайын бөлшек – готовая деталь
қозғалмайтын бөлшек – неподвижная деталь
ақау, кемістік – дефект
бұрғылау диаметрі – диаметр забуривания
тұрба ұзындығының үлкендігі – диапазон длин труб
ұңғыдағы жоғары қысым жағдайына арналған қоспа – добавка для условий
высоких давлений в скважине

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

МОРФОЛОГИЯ: СӨЗ ТАПТАРЫ (ЧАСТИ РЕЧИ)

Зат есім. - Имя существительное

Заттың атын білдіріп, кім? кімдер? не? нелер? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы зат есім деп аталады. Зат есімге жататын сөздердің өзі іштей мағыналық жақтан бірнеше жікке бөлінеді: деректі және дерексіз, жалпы және жалқы, заттық, жинақтау. Деректі зат есім деп көзге көрінетін, денеге сезілетін деректі зат атауларын атаймыз. Мысалы: Асан, қала, қоян, балға. Дерексіз зат есім деп көзге көрінбейтін, денеге сезілмейтін, тек ойша топшылап барып қана айтуға келетін заттарды атаймыз. Мысалы: ой, мінез, арман, кек, реніш. Жалпы зат есім деп бірыңғай көптеген заттардың жалпылама атын көрсететін зат есімдер аталады. Мысалы: кітап, сиыр, ағаш, сия. Бірыңғай көптеген заттың ішінен дараланған жеке нәрсенің арнаулы атын білдіретін сөздер жалқы зат есімдер деп аталады. Мысалы: Абай Құнанбаев, Жамбыл облысы, «Егеменді Қазақстан» газеті, Құлагер. Лексика-семантикалық жақтарынан үнемі жалпылық мағынада қолданылып, оларға көптік жалғауы жалғанбайтын сөздерді заттық зат есім деп атайды. Мысалы: су, мұнай, көмір, ұн, сүт т.б. Жинақтау зат есім деп жинақтық, топтау ұғымдарды білдіретін зат есімдер аталады. Мысалы: ата-ана, туыс-бауыр, бала-шаға, жастық, мал-мүлік т.б.

Имя существительное - часть речи, которая обозначает предмет и отвечает на вопросы кім? кімдер? (кто?), не? нелер? (что?). По значению имена существительные делятся на несколько групп: деректі (конкретные) и дерексіз (абстрактные), жалпы (нарицательные) и жалқы (собственные), заттық (вещественные), жинақтау (собирательные). К конкретным именам

существительным относятся отдельно считаемые предметы, которые можно увидеть и почувствовать. Например: Асан, қала (город), қоян (заяц), балға (молоток). К абстрактным именам существительным относятся слова, обозначающие отвлеченные понятия, которые невозможно увидеть или почувствовать. Например: ой (мысль), мінез (характер), арман (мечта), кек (месть), реніш (обида). нарицательные имена существительные - это общее название для всех однородных предметов и явлений. Например: кітап (книга), сиыр (корова), ағаш (дерево), сия (чернила). Собственные имена существительные - это названия отдельных, единичных предметов. Например: Абай Құнанбаев, Жамбыл облысы (Джамбульская область), «Егеменді Қазақстан» газеті (газета «Егеменді Қазақстан»), Құлагер. Вещественными именами существительными являются существительные, которые обозначают несчитаемые предметы, вещества. Они не могут употребляться во множественном числе. Например: су (вода), мұнай (нефть), көмір (уголь), ұн (мука), сүт (молоко) т.б. Собирательными именами существительными являются существительные, которые обозначают совокупность однородных предметов. Например: ата-ана (родители), туыс-бауыр (родня), бала-шаға (детвора), жастық (молодежь), мал-мүлік (имущество) т.б.

Қазақ тілінде кім? кімдер? деген сұраулар адамға қойылады. Оған кісі аттары, адамның туыстық қатынасы мен кәсіби мамандығына байланысты атаулар жатады. Мысалы: Жәнібек, Самат, нағашы, құда, ұшқыш, балықшы. не? нелер? деген сұраулар адамнан басқа жанды, жансыз заттардың бәріне де қойылады. Мысалы: қой, жылқы, ағаш, ауыл, кітап, ит.

В казахском языке вопросы кім? кімдер? (кто?) употребляются только относительно людей. К данным словам относятся имена людей, названия родственных отношений, профессий. Например: Жәнібек, Самат, нағашы (родственник по матери), құда (сват), ұшқыш (летчик), балықшы (рыбак). Вопросы не? нелер? (что?) употребляются с остальными существительными, независимо от одушевленности и неодушевленности предмета. Например: қой (баран), жылқы (лошадь), ағаш (дерево), ауыл (аул), кітап (книга), ит (собака).

Зат есім тұлғасына қарай негізгі және туынды болып бөлінеді. Негізгі зат есімдер тұлғалық құрамы жағынан, ең алдымен, түбірлі зат есім болып келеді. Мысалы: ат, қол, терезе, бор. Басқа сөз таптарынан (зат есім, сын есім, етістік, одағай) жұрнақтар қосылу арқылы жасалатын зат есімдерді туынды зат есім деп атаймыз. Мысалы: малшы, сусын, білім, кеңшілік.

По способу образования имена существительные делятся на негізгі (непроизводные) и туынды (производные). Непроизводные существительные являются корневыми. Например: ат (конь), қол (рука), терезе (окно), бор (мел). Существительные, которые образованы от других частей речи (имя существительное, имя прилагательное, глагол, междометие) с помощью суффиксов называются производными. Например: малшы (животновод), сусын (напиток), білім (знание), кеңшілік (широта, простор).

Зат есім құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді. Дара зат есімдер бір сөзден, күрделі зат есімдер бірнеше сөзден құралады. Дара зат есімдер: бал, үй, адам, есік. Күрделі зат есімдер: өнеркәсіп, азық-түлік, Ақтау.

По составу имена существительные делятся на дара (простые) и күрделі (сложные). Простые имена существительные состоят из одной основы, одного слова, а сложные имена существительные состоят из двух основ или слов. Простые имена существительные: бал (мед), үй (дом), адам (человек), есік (дверь). Сложные имена существительные: өнеркәсіп (промышленность), азық-түлік (продукты), Ақтау.

1-жаттығу. *Берілген сөйлемдерден зат есімдерді тауып, астын сызыңыз.*

Мұнай мен газдың мол қоры: Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында шоғырланған. Мұнай елімізде бірінші рет 1899 жылы Қарашүңгілдегі Ембі кен орнындағы мұнай ұңғысынан атқылады. Ал 1911 жылы Доссор, 1915 жылы Мақат кен орны пайдалануға берілді. Бұл кен орындарына алпысыншы жылдары Маңғыстау түбегіндегі Өзен мен Жетібай қосылады. Кейінірек олардан да қуатты Қаражанбас пен Қаламқас, Теңіз (Атырау облысы), Кеңқияқ және Жаңажол (Ақтөбе облысы), Қарашығанақ (Батыс Қазақстан облысы) кен орындары ашылды. Қазір Қазақстанда мұнай мен газ шоғырланған 14 алып және 207 кен орны бар. 1999 жылы Қазақстан қойнауынан алғашқы отынды мұнай алынғанына 100 жыл толғаны тойланды. Қазіргі таңда еліміз жылына шамамен 45 млн. т мұнай, 7,5 млрд. м. куб газ өндіреді. Шет елге 17 млн-дай өңделмеген мұнай шығарылады.

2-жаттығу. *Төмендегі мәтіннен жалқы есімдерді табыңыз.*

Түбектің жер асты байлықтарының кілті барлаушы-геологтардың қолына оңайлықпен түсе қойған жоқ. Мұнда мұнайдың бар екені бұраннан-ақ мәлім болды. Мұнай жер бетінде өзі шығып жатқандай әсер қалдыратын учаскелер де белгілі болатын: май сіңген қап-жыныстар ғасырлар бойы күн сәулесімен балқып жатқан-ды. Түбекті тұңғыш зерттеушілердің өзі-ақ Каспий жағалаудағы теңіз толқынынан майдың қызыл-жасыл жолақтарын көргендерін жазған. Әсіресе, Түбіжік пен Қарасаз-Таспас тұстарында көбірек кездеседі екен.

«Қара алтынның» республикадағы аса ірі кен орындарын ашуға табандылық пен сенім, жігерлі үмітпен жүректілік, білім мен шеберлік негіз болды.

1961 жылғы 5 шілдеде Жетібайдағы № 6 ұңғыдан алғаш рет мұнай фонтаны атқылады. Оның гүрілі түбекте мұнайдың дүниеге келгенін паш етті.

Мұнай өңдеу заводы Ақтау қаласының солтүстік жағынан 40 шақырым қашықтықта орналасқан. Зауыт құрылысы 1992 жылы басталды. Жоспар бойынша оның бірінші кезегі 1995 жылы, ал екінші кезегі 1998 жылы іске қосылды. Зауыт жылына 6 млн. тонна Бозашы мұнайын өңдемекші болатын. Сол мөлшерде өңделген мұнайдан мынадай товарлар алынуы керек еді: мотор жанармайы (автобензин АИ-93 және автобензин АИ-76), дизель жанармайы, суытылған газ, трансформаторлық май, күкірт, отындық жанармай, металл концентраты, аммоний сульфаты, ас көмірқышқылы.

Бірақ қаржы жетіспегендіктен зауыт салынбай қалды. Оның орнына шыныпластикалық құбырлар зауыты дүниеге келді.

Бұл жұмыс негізінен алдағы уақытта жоспарға енетінін мұнай саласының басшылары айтқан болатын.

3-жаттығу. *Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, бірнеше сөйлем құраңыз. Зат есімдерді түрлеріне (негізгі, туынды, деректі, дерексіз) ажыратыңыз.*

Мұнайшы, дәнекерлеуші, пайдалы қазбалар, қоршаған орта, мұнай кәсіпшілігі, зауыт, мұнай өңдеу шаралары, қысым, келісім-шарт, мұнай кен орны, бұрғыланған кен орын, тұнба, лай айырғыш, шикізат, бұрғы тұрбалары.

4-жаттығу. *Сөздерді қазақшаға аударып, сөйлем құрастырыңыз.*

Обновление, разведка, резерв, нефтеностность, нефтепровод, глубина, грань, гребень, акватория, анализ, бок, бурение, башня.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма.

Ұлы адамдар өмірінен.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИ

(XI ғасыр)

Жүсіп Баласағұни Шу алқабындағы Тоқмақ қаласына жақын жердегі орта ғасырлық Баласағұн жерінде дүниеге келген. «Құдатқу білік» «Құт негізі – білік» – «Құтты білік» Жүсіп Баласағұнидің бізге жеткен құнды еңбегі. Түрік тілінде жазылған алғашқы шығарма деп есептеледі. Орта Азия мен Қазақстан халықтарына ортақ рухани ескерткіш кітап 85 баптан, 6645 бәйіттен тұрады.

Данагөйдің пікірінше, баланың мінез-құлқы жақсы тәрбиемен қалыптасады. Баланы бесігінен оқытып, тәрбиелеу керек.

Жас ұрпақты қолөнер мен сан салалы білімге баулу – ата-ананың басты парызы. Балаңыз өмірде жыламас үшін, оған білім мен кәсіп бер. Тәртіптің негізі – білім, әдеп дағдыларын алу. Сондықтан жас шағынан балаларды білім алуға, үлкендерді сыйлауға, ата-анасын қастерлеп, құрметтеуге үйретуі керек. Автор адам баласына ғылымды үйренуге, өзінің ақыл-ойын дамытуға шақырады. Сонда ғана олар табиғаттың құпия сырларын танып білетін болады. Егер адам болғың келсе, онда сан түрлі білім саласын игеретін бол. Білімсіз адам – надан. Туындыда сондай-ақ айналандағылармен жақсы қарым-қатынас жасау, сөз өнеріне жетілу, оның пайдасы мен зияны, әр түрлі жақсы-жаман қасиеттер сөз болады.

Мәтінмен жұмыс

1. Берілген мәтіндегі Жүсіп Баласағұнның өмірі мен шығармашылығы туралы Ұлттық

энциклопедиядан қараңыз.

2. Ғұламаның бала тәрбиесі жайында айтқан сөзінің мәнін түсіндіріңіз.

3. Төменде берілген сөздікті пайдалана отырып мәтінді орыс тіліне аударыңыз.

4. Мәтіннен зат есімдерді тауып, жасалу жолдарына назар аударыңыз.

Сөздік

орта ғасыр – средний век
жеткен еңбегі – дошедший до нас труд
алғашқы дерегі – первые сведения
саналады – считается
ортақ рухани игілігі – общее духовное наследие
баптан – из глав
бәйіттен из четверостиший
көлемі – объем
баспа табақ – печатный лист

2-тапсырма. Төменде берілген сөз тіркестерінің баламасын табыңыз.

«Сепаратор жидкости»

- 1) аралас ажыратқы;
- 2) жабық ажыратқы;
- 3) жылжымалы ажыратқы;
- 4) сұйықтықты ажыратқы;
- 5) ылғал айырғыш аппарат.

5) бұрғылау жылдамдығы.

«Стабилизация нефти»

- 1) мұнайды тасымалдау;
- 2) мұнайды өндіру;
- 3) мұнайды сақтау;
- 4) мұнайды тұрақтандыру;
- 5) мұнайды тазарту.

«Скорость бурового долота,
оружная»

- 1) бұрғы шығырының жоғарғы шапшаңдығы;
- 2) айналмалы кеңістіктегі жылдамдық;
- 3) бұрғы ерітіндісі ағысының жоғарылау жылдамдығы;
- 4) бұрғы қашауының айналу шапшаңдығы;
- 5) орын ауыстыру шапшаңдығы.

«Скорость срабатывания»

- 1) тозу жылдамдығы;
- 2) ретсіз тасқын жылдамдығы;
- 3) сіңіру жылдамдығы;
- 4) толқын жылдамдығы;

Мемлекеттік рәміздерге елтаңба, ту, әнұран жатады.

- 1) Символами государства являются его территория, язык и национальная валюта.
- 2) Символами государства являются герб, флаг, гимн.
- 3) Герб, флаг, гимн не являются символами государства.
- 4) Каждый гражданин обязан знать символы государства.
- 5) Символы нашего государства сочетают в себе 2 цвета: голубой и золотой.

3-тапсырма. *Өлеңді жаттап алыңыз.*

СҮЙЕМІН

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағыми сіңірген таныс үнім.
Сол тілмен шешем мені әлдилеген,
Еркелеткен «кұлыным, жаным» деген.
Сол тілменен бірінші білгізілген,
Ана деген сүйгендік сөз Іәм менен.

(Сұлтанмахмұт Торайғыров)

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Мұнайдың құрамы жайында не білдіңіз, өз сөзіңізбен әңгімелеңіз.
2. Қазақ тіл білімінің морфология саласы нені зерттейді?
8. Зат есім дегеніміз не?
9. Жалқы есім мен жалпы есімді түсіндіріңіз, мысал келтіріңіз.
10. Зат есім құрамына қарай қалай бөлінеді?
11. Деректі зат есім дегенім не?
12. Туынды зат есімнің жасалу жолдарын көрсетіңіз.
13. Жүсіп Баласағұнның өмірі мен шығармашылығы жайында не ұқтыңыз?
14. С.Торайғыровтың «Сүйемін» өлеңі не жайында?

ЖЕТІНШІ САБАҚ

МҰНАЙДЫ ҚАЙТА АЙДАУ

Мұнайды қайта айдау – мұнайды және оның құрамды бөліктеріне немесе фракцияларға айыратын термиялық үдеріс. Мұнан бензин, лигроин, керосин, т.б. жанар-жағар майлар алынады. Мұндай айдаудан кейінгі қалған қалдық – мазут жағар май өндіретін шикізат ретінде, сондай-ақ парафин, гудрон, кокс, т.б. мұнай өнімдерін алу үшін қолданылады.

Мұнайды қайта айдаудың зертханалық және өндірістік әдістері бар. Зертханалық жағдайда мұнайды қайта айдау үшін мұнайды бөлетін арнаулы аппараттар қолданылады. Екі жүз градусқа дейінгі фракциялар он

миллиметрлік сынап бағанасы қысымында, қалғандары бір миллиметрлік сынап бағанасы қысымында бөлініп алынады.

Мұнайды өндірістік жағдайда фракцияларға бөлу үздіксіз жұмыс істейтін түтікті қондырғыда жүргізіледі. Шикізатты сатылап буландыруға байланысты түтікті қондырғылар бір, екі, үш және көп сатылы болып келеді. Кеңістіктегі түтікті қондырғы деп аталатын екі сатылы құралдың екі созылмалы колоннасы бар. Бастапқы колоннадан негізгі өнім ретінде жеңіл бензин және су буы бөлінеді. Бензинсіздендірілген мұнай әрі қарай бірнеше бөліктері бар негізгі колоннаға жіберіледі. Ондай су буымен өңделу арқылы тез қайнайтын фракциялардан бөлінеді. Кеңістіктегі түтікті қондырғымен мұнайды айдағанда қалдық зат ретінде мазут алынады. Мұнайды қайта айдау үшін кеңістік – вакумдық түтікті қондырғы да бар, онда мазут гудронға дейін вакумда қайта айдалады және майлар бөлініп алынады.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді мұқият түсініп оқыңыз.
2. Мәтін бойынша жоспар құрыңыз.
3. Жаңа сөздерді теріп жазыңыз.
4. Мұнайды қайта айдаған мезгілде не алынады, өз сөзіңізбен баяндаңыз.
5. Мұнайды қайта айдаудың қандай әдістері бар?
6. Мәтіннен сын есімдерді тауып, астын сызыңыз.

Сөздік

газ айдайтын агрегат – газоперекачивающий агрегат

суасты бұрғылау – подводные бурение

мұнай өндіру тізімхаты – ведомость добычи нефти

мұнайға қанығу мөлшері – величина нефтенасыщения

мұнайды еріткіш зат – вещество растворяющее нефть

үрлеу – вздувание

жарылыс – взрыв

су айырғыш – водоотделитель

су құбыры – водопровод

айдағыш ауа үрлегіш – нагнетающая воздуходувка

мұнайдың геологиялық жасы – возраст нефти, геохимический

мұнайды газбен шығару – вынос нефти газом

мұнайды сумен ығыстырып шығару – вытеснение нефти водой

мұнай қабатының сыртқа шығуы – выход нефтяного слоя на поверхность

мұнайға арнап бұрғылау мұнарасы – вышка для бурения на нефть

бұрғы ерітіндісінің тұтқырлығы – вязкость бурового раствора

түтін – дымовой газ

мұнай газы – нефтяной газ

газ сақтағыш, газсауыт – газгольдер

газ құбыры – газопровод

мұнай кәсіпшілігіндегі газ тазартқыш – нефтепромысловый газосепаратор

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

Сын есім. - Имя прилагательное.

Заттың түрін, түсін, сипатын, көлемін, сапасын білдіретін сөз табын сын есім дейміз. Сын есім қандай? қай? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: жақсы, таза, үлкен, кең, кіші, әдемі, қара торы. Құрамына қарай сын есім дара және күрделі болып бөлінеді. Дара сын есімдер: ақ, ащы, жақсы, салқын, тар. Күрделі сын есімдер: қара торы, шұбар ала, ақ-қара. Тұлғасына қарай сын есім негізгі және туынды болып бөлінеді. Негізгі сын есімдер: үлкен, тәтті, жұмсақ, қысқа. Туынды сын есімдер: кешкі, аудандық, тарихи, қысқы.

Имя прилагательное - это часть речи, которая обозначает признаки, качество, свойства предметов и отвечает на вопросы қандай? (какой?), қай? (который?). Например: жақсы (хороший), таза (чистый), үлкен (большой), кең (просторный), кіші (младший), әдемі (красивый), қара торы (смуглый). По составу имена прилагательные делятся на дара (простые) и күрделі (сложные). Простые имена прилагательные: ақ (белый), ащы (горький), жақсы (хороший), салқын (холодный), тар (тесный). Сложные имена прилагательные: қара торы (смуглый), шұбар ала (пестрый), ақ-қара (черно-белый). По способу образования имена прилагательные делятся на негізгі (непроизводные) и туынды (производные). Непроизводные прилагательные: үлкен (большой), тәтті (сладкий), жұмсақ (мягкий), қысқа (короткий). Производные имена прилагательные: кешкі (вечерний), аудандық (районный), тарихи (исторический), қысқы (зимний).

Семантикалық мағыналары мен грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сын есімдер сапалық және қатыстық болып екіге бөлінеді. Сапалық сын есімдер деп мағынасы жағынан заттың әр алуан сыр-сипатын білдіретін, атап айтқанда, түрі мен түсін, сыры мен сапасын, көлемі мен аумағын, дәмі мен иісін және де басқа қасиеттерін білдіретін сөздерді айтамыз. Мысалы: ақ, көк, жақсы, нашар, ауыр, кең, тәтті, хош иісті т.б. Қатыстық сын есімдер деп бір зат пен екінші заттың қатысын, байланысын білдіретін сын есімдерді атаймыз. Қатыстық сын есімдер басқа есімдер мен етістіктерден жұрнақтар арқылы жасалады да, заттың түрі мен түсіне, кескіні мен келбетіне, сыры мен сынына, я ішкі қасиеті мен сипатына, мекені мен мезгіліне және басқа да сол сияқты қасиетіне қатыстық ұғымды білдіреді. Мысалы: сусыз жер, сөзшең адам, темір есік, теңіз порты, кешкі жаңалықтар.

В зависимости от характера значения и грамматических особенностей имена прилагательные делятся на сапалық (качественные) и қатыстық (относительные). Качественные имена прилагательные обозначают постоянные признаки и качества предметов: природные и физические свойства, вес, вкус, цвет, запах и т.д. Например: ақ (белый), көк (синий), жақсы (хороший), нашар (плохой), ауыр (тяжелый), кең (просторный), тәтті (сладкий), хош иісті (ароматный) и т.д. Относительные имена прилагательные обозначают признаки и качества предметов по местоположению, времени, обстоятельствам существования и т.д. Относительные имена прилагательные

представлены производными основами. Например: сусыз жер (безводная местность), сөзшең адам (красноречивый человек), темір есік (железная дверь), теңіз порты (морской порт), кешкі жаңалықтар (вечерние новости).

Сын есімнің шырайлары. –

Степени сравнения имени прилагательного.

Заттың сындық сапасының белгілі бір заттың сындық сапасынан артық не кем екендігін білдіретін сын есімнің белгісін шырай дейміз. Қазақ тілінде төрт шырай бар: жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, асырмалы шырай.

Заттың жай белгісін, түрін, түсін, сапасын, көлемін, салмағын, аумағын, исін, дәмін, т.б. көрсететін белгіні жай шырай дейміз. Мысалы: ақ, қара, жақсы, жаман, үлкен, кіші, ащы, тәтті. Бұл шырай қалған шырайларды жасауға негіз болады.

Біркелкі сынның, сапаның бір-бірінен артық не кем екенін көрсететін сын есімнің түрін салыстырмалы шырай дейміз. Салыстырмалы шырай төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалады:

Жұрнақтар	Жай шырай	Салыстырмалы шырай
-рақ/-рек, -ырақ/-ірек	Аз, көп, қысқа, жеңіл	Азырақ, көбірек, қысқарақ,
-лау/-леу, -дау/-деу, -тау/	Аз, көп, қысқа, жеңіл	Аздау, көптеу, қысқалау, жеңілдеу
-ғыл/-қыл, -ғылт/-қылт	Қызыл, сары	Қызғылт, сарғылт
-ғыш	Сары	Сарғыш
-ілдір	Көк	Көгілдір
-шыл/-шіл	Көк, ақ	Көкшіл, ақшыл
-аң/-ең	Боз	Бозаң
-ша/-ше	Ақ, сұр	Ақша, сұрша

Заттың бастапқы жай белгісін, сапасын, көлемін, аумағын, дәмін, исін, т.б. қасиеттерін күшейте түсетін сын есімнің түрін күшейтпелі шырай дейміз. Күшейтпелі шырай күшейтпелі буындар арқылы жасалады. Сын есімнің алғашқы дауысты дыбысынан кейін «п» дыбысы қосылып күшейткіш буын жасалады. Мысалы: қып-қысқа, жеп-жеңіл, топ-толық, әп-әдемі, үп-үлкен.

Заттың сындық белгісін я тіпті асыра, я тіпті төмендете көрсететін сын есімнің түрін асырмалы шырай дейміз. Асырмалы шырай күшейткіш үстеулер арқылы жасалады. Мысалы:

Күшейткіш үстеулер	Жай шырай	Асырмалы шырай
Ең, аса, тым, тіпті, нағыз, нақ, өте, шымқай, кілең, орсан, тамаша, тәрізді	әдемі, құрметті, биік, жақсы, қатал, қорқақ, жақын	ең әдемі, аса құрметті, өте биік, тым жақсы, тіпті қатал, нағыз қорқақ, кілең жақын

Качество предмета или явления может проявляться в предмете в большей или в меньшей степени. Выражается степень проявления признака разными формами прилагательных, называемых степенями сравнения. В казахском языке имеется 4 степени сравнения: жай шырай (положительная степень),

салыстырмалы шырай (сравнительная степень), күшейтпелі шырай (усилительная степень), асырмалы шырай (превосходная степень).

Жай шырай (положительная степень) не имеет специальных морфологических показателей и является основой образования других степеней сравнения прилагательного. Обозначает признаки, свойства, качества предмета. Например: ақ (белый), қара (черный), жақсы (хороший), жаман (плохой), үлкен (большой), кіші (маленький), ащы (горький), тәтті (сладкий).

Салыстырмалы шырай (сравнительная степень) показывает, что в том или ином предмете признак проявляется в большей или в меньшей степени, чем в другом. Салыстырмалы шырай образуется при помощи следующих суффиксов:

Жұрнақтар (суффиксы)	Жай шырай (положительная степень)	Салыстырмалы шырай (сравнительная степень)
-рақ/-рек, -ырақ/-ірек	Аз (мало), көп (много), қысқа (короткий), жеңіл (легкий)	Азырақ (меньше), көбірек (больше), қысқарақ (короче), жеңілірек (легче)
-лау/-леу, -дау/-деу,	Аз, көп, қысқа, жеңіл	Аздау, көптеу, қысқалау, жеңілдеу
-ғыл/-қыл, -ғылт/-қылт	Қызыл (красный), сары (желтый)	Қызғылт (красноватый), сарғылт (желтоватый)
-ғыш	Сары	Сарғыш
-ілдір	Көк (синий)	Көгілдір (голубой)
-шыл/-шіл	Көк, ақ (белый)	Көкшіл (синеватый), ақшыл (беловатый)
-ан/-ең	Боз (бледный)	Бозаң (бледноватый)
-ша/-ше	Ақ, сұр (серый)	Ақша (беловатый), сұрша (сероватый)

Күшейтпелі шырай (усилительная степень) особо выделяет то или иное природное свойство, признак, качество предмета. Для образования усилительной степени используется удвоение первого слога путем прибавления звука «п» к первому гласному в слове, Например: қып-қысқа, жеп-жеңіл, топ-толық, әп-әдемі, үп-үлкен.

Асырмалы шырай (превосходная степень) показывает, что тот или иной предмет превосходит остальные предметы по какому-либо признаку. Асырмалы шырай образуется с помощью аналитических форм, которые включают в себя наречия. Например:

Күшейткіш үстеулер (усилительные наречия)	Жай шырай (положительная степень)	Асырмалы шырай (превосходная степень)
Ең (самый), аса (много), тым (слишком), тіпті (совсем), нағыз (истинно), өте (очень), кілең (самые, одни)	әдемі (красивый), құрметті (уважаемый), биік (высокий), қатал (строгий), қорқақ (трусливый), жақын (близкий)	Ең әдемі (самый красивый), аса құрметті (многоуважаемый), өте биік (очень высокий), тым жақсы (слишком хороший), тіпті қатал (совсем строгий), нағыз қорқақ (истинно трусливый), кілең жақын (самые близкие).

1-жаттығу. *Мәтінді көшіріп жазып, сын есімдерді табыңыз. Құрамына назар аударыңыз.*

Мұнай мен газдың аралас қоспасы кеніштегі қайта өңдеу кешендерінің біріне түсіп, газ бен мұнай ағымдарына бөліну үдерістерінен өтеді. Мұнай бен газды бөлу қос сұйықты салқындату гравитациялық тәсіл арқылы жүзеге асырылады.

Кейбір ұңғымалардың өнімі сондай-ақ сынақ алаңына жіберіледі. Осындай үнемі бақылау мұнайгаз ұңғымаларының өндірістік көрсеткіштерін өлшеу үшін және жұмыс қысымын анықтау үшін қажет. Осындай өлшемдер инженерлерге кеніштегі өндіру көлемін жақсартуға мүмкіндік береді.

Барлық қайта өңдеу кешендеріне өндірістік үдерістерді басқаратын қазіргі заманғы жүйе орнатылған, ол операторларға жұмыс қондырғыларын қадағалауға, басқа кешендерімен ақпарат алмасып отыруға мүмкіндік береді.

2-жаттығу. *Төмендегі сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыз.*

Таулы, жерсіз, күзгі, жылдық, өлкелік, терең, тайғақ, сулы, ойпаң, бозаң, таяз, құмды.

3-жаттығу. *Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып көшіріп жазыңыз. Сын есімдердің астын сызыңыз.*

М...най-газ кендері – бірыңғай қ...рылымдық элементтермен сипатталатын жеке алаң қойнау...нда орналас...ан мұнай мен газ иір...мдері шо...ырларының жиынтығы. Мұнай-газ кендері тек мұнай немесе газ т...рінде және аралас мұнайлы-газды, газды-мұнайлы кендер түр...нде ғана ұшырайды. Мұнай-газ кендері топтал...ан иірімдерд...ң жиыны түрінде кездеседі. Оқшаулан...ан жеке кендер өте с...рек болады. Олар ж...р қыртысының геологиялық элементтер...мен за...ды түрде байланысқан зор аймақ...арды қамтиды. М...най мен газ сиыст...рушы геологиялық-құрылымдық белг...лі аудандық геология қ...рылысының және оған қоса онда...ы мұнай жаралу мұнай-газ кендерінің қалыптасу жа...дайларының ұқсасты...ымен сипатталады.

Қазақстанның мұнай-газ кендер...нің дамуы әр түрлі болып келетін үш м...найлы-газды аймақта орнал...сқан. Ең к...не мұнайлы-газды айма...тардың кендері Шы...ыс Еуропаның шеткі ойысы болып саналады. М...нда өнд...руге тұрарлық мұнай мен газ ж...здеген метрден бес мың метрге дей...нгі тереңд...кте жатқан шөгінділер орналас...ан Үшінші м...найлы-газды аймақ герцин және каледон қатпарлы құрылымдар...ның арасынан орын алған. Шу-Сарысу айма...тарында жан...ыш газдардың қоры және ша...ын кендері ашылды.

4-жаттығу. *Берілген сын есімдерді қатыстырып, сөйлем құраңыз. Шырай түрлеріне ажыратыңыз.*

Қымбат, толық, өткір, тым қысқа, өте ауыр, ұп-ұзын, түзу, мөлдір, қып-қызыл, аса биік, ащы, тұп-тұщы, кеп-кең, орта, жақсы, тәуір, топ-толық, асау, жуас, сирек, теп-терең, жап-жасыл, сап-сары, қоңыр, күрең, құп-құрғақ.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма.

МҰНАЙ-ГАЗ ШИКІЗАТ ШЫРМАУЫНАН ШЫҒУ ЖОЛЫ

Бүгінгі таңда, Қазақстанда Атырау, Павлодар, Шымкент мұнай өндіру зауыты және Теңіз, Қазақ, Жаңажол газ өңдеу зауыттары істеп жатыр. Мұнай зауыттарының жалпы өндірістік қуаты жылына 20 млн тонна құрайды. Осымен қатар, олардың қуат қабілеттілігі тек 40 %-ға пайдаланып келеді, бұл қондырғылардың жұмысына және 60 % құрайтын шикізат өңдеу тереңдігіне кедергі келтіреді. Газ өңдеу зауыттары 6,25 млрд текше метр газды өңдеп, ілеспе газдың тек 60 % өңдейді. Осының салдарынан, жалпы көмірсутегін өңдеу мұнай мен газды айырумен ғана шектеліп, мұнай-химия шикізаты пайдаланудан тыс қалады. Ал осы шикізат полистирол, техникалық резина, шиналар сияқты бұйымдар өндіретін кәсіпорындардың іске қосылып, қалыпты жұмыс жасауына аса қажет.

Мұнай мен газды терең өңдеуді қолға алмайынша, мұнай-химия шикізат қорын қалыптастыру мүмкін емес. Қазіргі кезде еліміздегі мұнай-химия өнімдерін тұтынудың басым бөлігі сырттан келетін импорт арқасында қамтамасыз етіліп жатыр. ҚР статистика агенттігінің мәліметтері бойынша химия өнімдерінің импорт айналымы 500 млн. доллардан асады, оның жартысынан көбі мұнай өнімдері.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді дауыстап мұқият оқыңыз.
2. Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.
3. Интернеттен қазіргі таңдағы мұнай өндіру көрсеткіштері жайында мәліметті қараңыз.
4. Мәтіннен сын есімдерді теріп жазып, мағыналық түрлеріне ажыратыңыз.
5. Теледидардан (соңғы жаңалықтар) мұнай тақырыбында хабарлар тыңдаңыз.

2-тапсырма. *Өлеңді жаттаймыз.*

ҚАЗАҚСТАН

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаған байрақтым,
Қанша жұлдыз жайнаттың,
Қанша бұлбұл сайраттың,
Қазақстан, ардақтым!

Әрбір тасы – киелім,
Әр уығы – жүйелім,
Ән кернеген жүрегін,
Күй кернеген тиегін,
Сары алтыннан сүйегің,

Қазақстан – жыр елім!

Шаңырағың – шырағым,
Топырағың – тұмарым,
Ғаламда жоқ сыңарың,
Ғажайыбым, жұмағым,
Басы таза бұлағым,
Басылмайтын құмарым,
Қазақстан құмарым!

(Ұлықбек Есдәулетов)

Өлеңмен жұмыс

1. Өлеңді дауыстап мәнерлеп оқыңыз.
2. Ақын Қазақстанды неге теңеген, өз түсінгеніңізді баяндаңыз.
3. Өлеңдегі теңеу сөздерді дәптерге жазып, мағынасын түсіндіріңіз.

3-тапсырма.

Ұлы адамдар өмірінен.

ҚАЗЫБЕК БИ

(1667-1764)

Қазыбек би – ХҮІІ ғасырдың аяғы мен ХҮІІІ ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақтың атақты биі. Тәуке хан Қазақтың үш жүзін билеу үшін Ұлы жүзге Төле биді, Кіші жүзге Әйтеке биді, Орта жүзге Қазыбек биді тағайындаған.

Қазыбек би Тәуке, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандардың тұсында мемлекет басқару ісіне белсене араласты. Қазақ хандықтарының ішкі және сыртқы саясатына едәуір ықпал жасап отырды. Ол жоңғар басқыншыларына қарсы халық күресін ұйымдастырушылардың бірі болды. ХҮІІІ ғасырдың қырықыншы жылдарында Абылай жоңғарлардың қолына түсті. Оны тұтқыннан босатып алу жұмысына Қазыбек би белсене араласады. Ол Қытайдың қол астына қарауға қарсылық білдіреді. Абылайды Шың (Қытай) империясымен тығыз қарым-қатынас жасамауға шақырады.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңмен баяндап беріңіз
2. Төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап жазыңыз:
 - а). Қазыбек би заманында қандай адам болған?
 - б). Ол қай хандардың тұсында мемлекет ісіне белсене араласты?
 - в). Қазбек қай жүзді биледі?
3. Сөздіктің көмегімен мәтінді орыс тіліне аударыңыз
4. Мәтіннен сын есімдерді тауып астын сызыңыз.

Сөздік

тағайындалған – назначен (а)

тұсында – в тот период

белсене – активно

араласты – принимал участие, вмешивался

ішкі – внутренний

сыртқы – наружный

ықпал – влияние

ықпал жасап отырды – оказывал влияние

басқыншы – захватчик, грабитель, оккупант

жоңғар басқыншыларына қарсы – против жунгарских захватчиков

қарсы – против, навстречу

қарсылық – сопротивление, выражение

қарсылық білдірді – возражал

қол астында – под его руководством

тығыз – плотный, тесно, срочный, экстренный

қарым-қатынас жасау – общаться

сақталған – сохранившийся

шешендердің бірі – один из ораторов

белгілі – знаменитый

біріктіру – соединить, объединить

орталыққа бағындырған – подчинял центру

4-тапсырма. *Мақал-мәтелдердегі сын есімнің мағыналарын айқындап, негізгі және туынды сын есімдерді ажыратып жазыңыз.*

Мейірімі мол ананың

Жүрегі жылы, қолы кең.

Кеңпейілді атаның

Жүзі жылы, жолы кең.

Жақсы бала қонаққа үйір,

Жақсы тай атқа үйір.

Ұрысқақ болса, ұлың жау,

Керіскек болса, қатының жау.

Айлалы батыр алдырмас.

Ақылды кісі ісіне сенеді,

Ақымақ кісі күшіне сенеді.

Ер жігіттің өлгені –

Ессіз болса алғаны,

Әділ бидің өлгені –

Сөзінің болса жалғаны.

Әлсіз адам сүріншек,
Ақылсыз адам еріншек.

Білекті адам бірді жығады,
Білімді адам мыңды жығады.

Мақал-мәтелдермен жұмыс

1. Мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіріңіз.
2. Берілген мақал-мәтелдердегі туынды сын есімдердің жасалу жолдарын көрсетіңіз.
3. Құрамында сын есімдері бар 3 мақал-мәтел жазыңыз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Мұнайды қайта айдау үдерісін қалай түсіндіңіз, дәптеріңізге өз сөзіңізбен жазыңыз.
2. Сын есімнің анықтамасын айтыңыз, мысал келтіріңіз.
3. Негізгі, туынды сын есім дегеніміз не, мысал арқылы дәлелдеңіз.
4. Қатыстық, сапалық сын есімдер, мысалдар келтіріңіз.
5. Сын есімнің қанша шырайы бар?
6. Шәкәрім Құдайбердіұлы жастарға қандай өсиет айтады, ауызша баяндаңыз.
7. Қазақ тарихында Қазбек биден басқа қандай билер өмір сүрді?
8. Асырмалы шырайдың күшейтпелі шырайдан айырмашылығын мысал арқылы дәлелдеңіз.

СЕГІЗІНШІ САБАҚ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ ҚОРЫ ҚАНША ЖЫЛҒА ЖЕТЕДІ?

Қазіргі уақытта мұнай мен газ конденсатының расталған қоры шамамен 2,7 млрд. тоннаны құрайды. Егер өндіру жылына 17,5 % өссе және 2015 жылға қарай қазіргі 35 млн. тоннадан шын мәнінде 400 млн. тоннаға дейін жететін болса, онда оның барлық көлемі сол 2,7 млрд. тоннаға жететін еді.

Мұнайдың болжамды ресурстарының бағалаулары 3,4 млрд. тонна мен 12 млрд. тонна арасында өзгеруде. Мәселен, әлі барланбаған алынатын қор шамамен 6 млрд. тонна құраса, АҚШ Геологиялық қызметінің күрделі еңбектерінде көрсетілген бағамдар бойынша, орташа есеппен алғанда 2,8 млрд. тонна кезінде, Қазақстан ресурстарының 1 млрд. тонна мен 7 млрд. тонна арасында өзгеретіндігін ескеретін болсақ, бұл өте қуанарлық болжам. Онда, мұнай өндіруді 2015 жылға қарай 400 млн. тоннаға жеткізе, оны одан әрі осы деңгейде сақтай отырып, "саудтық" нұсқа қолданылған жағдайда, Қазақстанға мұнай 2030 жылға дейін жетер еді.

Әрине бұл болжам Норвегия, Англия, Канада, Қытай және басқа да мұнай өндіруші елдердің мұнай өндірісінің 8 және 15 жыл аралығында өзгеретін

пайдалану уақытынан көп. Бірақ, Сауд Аравиясының (өндірудің қазіргі деңгейі сақталғанда және болжамды ресурстарды ескермегенде 85 жыл) және Ирактың (120 жыл) қорларын пайдалану мерзімінен және біздің қалауымыздан анағұрлым аз. Ресурстар туралы жоғарыда айтылған болжамдар кезінде өндіруді 2015 жылға дейін жылына 10 % өсіре отырып, оны кейіннен 150 млн. тонна деңгейінде ұстап, біркелкі пайдалану нұсқасын қолданған дұрыс болар еді. Бұл жағдайда – мұнай 2067 жылға дейін жетеді.

Келтірілген есептер көп жағдайда шартты сипатқа ие екендігі түсінікті. Бір жағдай анық: мұнай өндірісін дамыту стратегиясы ұзақ мерзімді негізде және барланған мұнай қорын ескере отырып, құрылуы және түзетілуі тиіс.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді мұқият түсініп оқыңыз. Қазақстанның мұнай қоры жайындағы болжам-пікірді әріптесіңізбен бөлісіңіз.
2. Мәтін бойынша жоспар құрыңыз.
3. Жаңа сөздерді теріп жазыңыз.
4. Интернеттен Қазақстандағы мұнай қоры, алдағы уақытта өндірілу жоспары жайында материалдар қарап, өз түсінігіңізді жазыңыз.
5. Мәтіннен сан есімдерді тауып, астын сызыңыз.

Сөздік

мұнай көзі – нефтяной источник
газ құбырының көлемі – емкость газопровода
бөлу әдісі – метод разделения
мөлшерлеу – нормирование
шикі мұнай – сырая нефть
химиялық өңдеу – химическая обработка
ыстық мұнайды қабатқа айдау – обработка пласта горючей нефти
қабатты қысыммен өңдеу – обработка пласта под давлением
ресурстар, қорлар – ресурсы
газды аймақ – газоносная зона
шұңқыр, қуыс – лунка
ұңғылық спектрометр – спектрометр скважинный
мұнай кәсіпшілігінің геологиясы – нефтепромысловая геология
мұнай геологиясы – геология нефти
мұнайшы-геолог – геолог-нефтяник
ұңғы сағасын, аузын бітеу – герметизация устье скважины
балшық, топырақ, саз – глина
мұнайды газбен шығару – вынос нефти и газом
ұңғының жатықталуы – выполаживание скважины
шығару – выпускать
барлау қазбасы – разведочная выработка
қуаттылығы жоғары – высокомощный
ағу – вытекать

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

Сан есім. - Имя числительное.

Белгілі бір заттың санын, мөлшерін, ретін білдіретін сөз табы сан есім деп аталады. Олар: қанша? неше? нешінші? деген сұрақтарға жауап береді. Сан есім құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді. Дара сан есімдер: бір, екі, отыз, қырық, жүз, мың т.б. Күрделі сан есімдер: он екі, елу алты, үш жүз алпыс бес т.б. Тұлғасына қарай сан есім негізгі және туынды болып бөлінеді. Негізгі сан есімдер: бес, жеті, елу, жүз т.б. Туынды сан есімдер: үшінші, екеу, қырықтай, мыңдаған т.б.

Имя числительное - это часть речи, которая обозначает число, количество и порядок следования предметов. Имя числительное отвечает на вопросы қанша? неше? (сколько?), нешінші? (который?). Имя числительное по составу делится на дара (простое) и күрделі (сложное). Простые имена числительные: бір (один), екі (два), отыз (тридцать), қырық (сорок), жүз (сто), мың (тысяча) и др. Сложные имена числительные: он екі (двенадцать), елу алты (пятьдесят шесть), үш жүз алпыс бес (тристо шестьдесят пять) и др. По способу образования имена числительные делятся на негізгі (непроизводные) и туынды (производные). Непроизводные имена числительные: бес (пять), жеті (семь), елу (пятьдесят), жүз (сто) и др. Производные имена числительные: үшінші (третий), екеу (двое), қырықтай (около сорока), мыңдаған (тысячи) и др.

Сан есімнің мағыналық топтары

Разряды имени числительного

Мағынасына қарай сан есімдер алты топқа бөлінеді: есептік, реттік, жинақтық, болжалдық, топтау, бөлшектік.

В зависимости от особенностей значения имена числительные делятся на шесть групп: есептік (количественные), реттік (порядковые), жинақтық (собирательные), болжалдық (предположительные), топтау (группирующие), бөлшектік (дробные).

1. Есептік сан есім заттың жалпы санын білдіреді, неше? қанша? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: тоғыз, төрт, жиырма жеті, екі мың бес т.б.

Количественное имя числительное обозначает количество предметов и отвечает на вопросы неше? қанша? (сколько?). Например: тоғыз (девять), төрт (четыре), жиырма жеті (двадцать семь), екі мың бес (две тысячи пять) и т.д.

2. Реттік сан есім заттың рет санын білдіріп, нешінші? қаншасыншы? деген сұраққа жауап береді. Реттік сан есімнің жасалуына есептік сан есім негіз болады. Реттік сан есім ншы/-нші, -ыншы/-інші жұрнақтар арқылы жасалады. Мысалы: алты + ншы, жеті + нші, тоғыз + ыншы, бес + інші. Реттік сан есім күрделі де болып келеді. Ондай жағдайда жұрнақтар күрделі сан есімнің ең соңғы сөзіне жалғанады. Мысалы: он алты - он алты + ншы.

Порядковые имена числительные обозначают порядок предметов при счете и отвечают на вопросы нешінші? қаншасыншы? (который?). Порядковые имена

числительные образуются путем прибавления к количественным именам числительным суффиксов -ншы/-нші (если корень оканчивается на гласный), -ыншы/-інші (если корень оканчивается на согласный). Например: алты + ншы (шестой), жеті + нші (седьмой), тоғыз + ыншы (девятый), бес + інші (пятый). При образовании сложного порядкового числительного суффиксы прибавляются только к последнему числительному. Например: он алты (шестнадцать) - он алты + ншы (шестнадцатый).

3. Жинақтық сан есім нешеу? деген сұраққа жауап беріп, заттың жинақталған санын білдіреді. Жинақтық сан есім есептік сан есімге -ау, -еу жұрнақтарын жалғау арқылы жасалады. Жинақтық сан есім бірден жетіге дейін ғана: біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу. «Біреу» деген жинақтық сан есімі белгісіздік есімдігі ретінде де қолданылады. Мысалы: Сізге біреу келді. Біреу есік қақты.

Собирательные имена числительные обозначают собирательное количество предметов. Образуются от количественных имен числительных с помощью суффиксов -ау (после твердой основы) и -еу (после мягкой основы). При прибавлении этих суффиксов к числительным екі, алты, жеті конечные -ы/-і выпадают. В казахском языке семь собирательных числительных (от одного до семи): біреу, екеу (двое), үшеу (трое), төртеу (четверо), бесеу (пятеро), алтау (шестеро), жетеу (семеро). Собирательное числительное «біреу» выступает также в качестве неопределенного местоимения «кто-то». Например: Сізге біреу келді. (К вам кто-то пришел.) Біреу есік қақты. (Кто-то постучался в дверь.)

4. Болжалдық сан есімдер заттың санын дәл атамайды, шамалап көрсетеді, қанша? неше? қаншадан? қай шамалы? сұрауларына жауап береді. Болжалдық сан есімдер есептік сан есімдерден төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалады:

Болжалдық сан есім есептік сан есімге *шамалы, астам, шақты, тарта, жуық, жақын, таяу* т.б. көмекші сөздер қосу арқылы да жасалады. Мысалы: Тойда жүз елу шақты қонақ болды. Кездесуге отызға жақын студент қатысты.

Предположительные имена числительные обозначают приблизительное или предположительное количество предметов или явлений и отвечают на вопросы қанша? неше? (сколько?), қаншадан? қай шамалы? (сколько приблизительно?). Предположительные имена числительные образуются, главным образом, от количественных имен числительных с помощью суффиксов:

Аналитический способ образования предположительных имен числительных осуществляется прибавлением к числительным слов: *шамалы* (в пределах), *астам* (свыше), *шақты* (около, приблизительно), *тарта*, *жуық*, *жақын*, *таяу* (близко к, приблизительно) и т.д. Например: Тойда жүз елу шақты қонақ болды. (На свадьбе было около ста пятидесяти гостей.) Кездесуге отызға жақын студент қатысты. (На встрече присутствовали почти тридцать студентов.)

5. Топтау сан есімі заттың санын топтап көрсетеді, нешеден? қаншадан? сұрақтарына жауап береді. Топтау сан есімдер дара сан есімдер мен қосарланған сан есімдерге шығыс септік жалғауын қосу арқылы жасалады. Мысалы: екіден, жүзден, қырық-елуден, бес-алтыдан т.б. Күрделі түрде де,

қосарланған түрде де қолданылады. Мысалы: екі-екіден, он-он бестен, жиырма бестен, жүз елуден т.б.

Группирующие имена числительные обозначают количество предметов, объединенных в равные части или группы предметов и явлений, и отвечают на вопросы нешеден? қаншадан? (по сколько?). Группирующие имена числительные могут быть образованы от разных групп числительных, но, в основном, они образуются от количественных и собирательных числительных с помощью окончаний шығыс септік, которые прибавляются к основе простого или к последней основе сложного числительного. Кроме того, группирующие числительные могут образовываться с помощью повторения основы (қосарлану). В этом случае окончание шығыс септік также прибавляется к последней основе. Например: екіден (по двое), жүзден (по сто), қырық-елуден (по сорок-пятьдесят), бес-алтыдан (по пять-шесть) и т.д.

б. Бөлшектік сан есімдер заттың бөлшектік санын білдіреді. Бөлшектік сан есімдер жай бөлшек және ондық бөлшек болып екі түрде қолданылады. Жай бөлшек сандар есептік сан есімнің бөлімі шығыс не ілік септікте, алымы тәуелдік тұлғада жұмсалады. Мысалы: $1/2$ (екіден бірі), $1/3$ (үштен бірі), $2/10$ (оннан екісі) т.б. Сол сияқты бөлшектік сан есімдер есептік сан есімге *бүтін, жарты, жарым, ширек* сөздердің тіркесінен де жасалады. Мысалы: 2,3 (екі бүтін үш ондық); 5,04 (бес бүтін төрт жүздік) т.б.

Дробные имена числительные обозначают части дробных чисел (жай бөлшек) и десятичных дробных чисел (ондық бөлшек). Способы образования жай бөлшектік сан есім: сначала называется знаменатель в шығыс или ілік септік, затем числитель с окончанием притяжательности (тәуелдік жалғау). Например: $1/2$ (екіден бірі), $1/3$ (үштен бірі), $2/10$ (оннан екісі) и т.д. В образовании дробных чисел (жай бөлшек) могут участвовать также количественные слова *бүтін, жарты, жарым, ширек*. Например: $2 \frac{1}{2}$ - екі жарым, $\frac{1}{4}$ - бір ширек, 8,0 - сегіз бүтін. Десятичные дробные числа (ондық бөлшек) образуются по следующему образцу: 5,2 - бес бүтін оннан екі; 1,02 - бір бүтін жүзден екі; 52,823 - елу екі бүтін сегіз жүз жиырма үш.

1-жаттығу. *Мәтінді көшіріп жазып, сан есімдердің астын сызыңыз. Мағыналық түрлеріне ажыратыңыз.*

Каспий аймақтық тау-кен металлургия комбинаты жанынан 1976 жылы 1-сәуірде Шевченко қаласында жалпы техникалық факультет ашылды. Оның тұңғыш деканы профессор Кеңесбай Табылдиев болды. 1988 жылға дейін кешкі, сырттай оқыту нысандарымен бес мамандық бойынша инженерлер дайындады. 1980 жылы бір мамандық бойынша күндізгі бөлім ашылды. 1983-1990 жылдары бұл факультеттің күндізгі, кешкі және сырттай бөлімдерінде он алты мамандық бойынша жоғары білімді кадрлар даярланды. 1990 жылдың 5 қыркүйегінде Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің № 3 қаулысымен Жалпы техникалық факультет Қазақ политехникалық институтының Маңғыстау филиалы болып қайта құрылды. Филиалдың директоры болып профессор Есберген Божанов бекітілді. Оқу үдерісі 145 профессор-оқытушылар ұжымымен жүзеге асырылды. Оның 15 кафедрасында 4 профессор, 27 доцент,

ғылым кандидаттары қызмет істеді. Олар оқудың барлық түріндегі 2445 студентке дәріс берді.

2-жаттығу. *Берілген есептік сан есімдерден реттік, топтау, жинақтық, болжалдық сан есімдер жасап, ерекшеліктеріне назар аударыңыз.*

1, 5, 7, 9, 10, 100, 545, 1000.

Үлгі:

Есептік сан есім: бір, ...

Реттік сан есім: бірінші, ...

Жинақтық сан есім: біреу, ...

Топтау сан есім: бір-бірден, ...

Болжалдық сан есім: бірер, ...

3-жаттығу. *Мәтіндегі сан есімдерді жазбаша жазыңыз.*

Қарашығанақ мұнай-газконденсат кенорны – Батыс Қазақстан облысының Бурлин ауданында, Орал қаласының шығысынан 150 км жерде орналасқан. 1978 жылы ашылып, 1984 жылы игеруге берілген. Өнімді қабаттың қалыңдығы 2600 метрден 5150 метрге дейінгі аралықты құрайды. Кенорын 450 шақырым ауданды алып жатыр. Қарашығанақ кенорны әлемдегі ең ірі кенорындардың бірі. 2002 жылы кенорын конденсат өндірудің ең жоғарғы шегіне жетіп, 5,2 млн.тонна конденсат өндірді. Өндірілетін газдың негізгі көлемі Орынбор қаласындағы газ өңдеу кешеніне тасымалданады. 2003 жылы Қарашығанақ газ өңдеу кешені іске қосылды.

4-жаттығу. *Берілген сан есімдерді жазбаша жазыңыз.*

2, 5, 7, 10, 10,5, 100, 1500, 1,5, 7,7, 19000, 17,15, 52, 2012, 17.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма. *Берілген мәтіннен сан есімдерді тауып, жасалу жолдарына назар аударыңыз.*

Бүгінде жалпы қазақстандық қара алтынды өндіру саласы 111 жылдық тарихын артқа тастады. Ал әлемдік мұнай индустриясы 150 жылдан асты.

Қазіргі күні мұнай тарихын абыроймен жалғастырып келе жатқан «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы Маңғыстау мен Атырау облыстарындағы құрлық бетіндегі 40-тан астам мұнай-газ кен орындарының меншік иесі болып табылады.

2010 жылдың басынан бері 6 ай ішінде 10,7 млн. тонна мұнай мен газ конденсаты өндірілді, бұл 2009 жылдың деңгейінен 18,6 пайызға артық.

«Petroleum Intelligence Weekly» атты беделді халықаралық басылымның берген бағасына сәйкес бүгінгі күні «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы әлемнің жетекші 50 мұнай-газ компанияларының қатарына кіреді. Рейтингке 130-дан астам компания қатысқан.

1960-жылдардың басында Маңғыстаудың жерасты байлықтарын игеру ірі Оңтүстік Маңғыстау мұнай-газ бассейнінің ашылуынан басталған болатын. Сол жылдарда жүргізілген іздеу және барлау жұмыстары табысты аяқталды. Өзен және Жетібай, ал одан кейін Теңге, Тасболат, Қарамандыбас, Шығыс Жетібай және басқа да мұнай кен орындары ашылып, игеріле бастады.

2-тапсырма. «Қазақстан экономикасы және мұнай өндірісі» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз. Мәтінде сан есімнің түрлері болуын ескеріңіз. Сан есімдердің жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

3-тапсырма. Төменде берілген сан есімдермен сөйлем құраңыз.

Он шақты, жиырмаға жуық, екі бүтін оннан бес, алпыстан астам, бесінші, жеті бүтін жүзден бір, жетпіске жуық, жетінші, жүзге тарта, елу шақты, бес бестен, бес бүтін оннан екі, бес, тоғызыншы, бестен бір, бір бүтін мыңнан бір.

4-тапсырма. Негізгі, туынды сан есімдерге бес-бестен сөйлем жазыңыз. Жасалу жолдарына назар аударыңыз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Қазақстандағы мұнай қоры жайында түсінігіңізді баяндаңыз.
2. Сан есім дегенім не?
3. Сан есімнің түрлерін айтыңыз, мысал арқылы жасалу жолдарын талдап беріңіз.
4. 1-жаттығуда берілген өзін оқитын университеттің тарихын жадыңызда сақтаңыз.
5. Оқулықтың соңында сан есімдерге берілген тест тапсырмаларын орындаңыз.
6. Абайдың кез келген өлеңін жаттап келіңіз (өлең ішінде сан есім болуын ескеріңіз.)

ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ

МАҢҒЫСТАУДЫҢ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Маңғыстау жер қыртысының құрылымы негізінен пермь, триас, юра, бор дәуірі шөгінділерінің нәтижесінде пайда болған әр түрлі жыныстардан тұрады. Маңғыстау жерін Каспий теңізінің жартылай қоршап жатуы және оның деңгейінің бірде жоғарлап, бірде төмендеуі маңайында орналасқан аймақтардың ауа райына немесе өсімдіктер дүниесіне ғана емес, геол. құрылымына да айтарлықтай әсер еткені даусыз. Түбектің кез келген бұрышынан мұнай мен газдың атқылауында бір кездегі осы аймақты қымтай құшағына алып кейін тартылып қалған Тетис мұхитымен оның қазіргі замандағы көзі Каспийдің атқарар орны орасан зор. Сондықтан да мамандардың дәлелдегеніндей қазіргі Маңғыстаудың жер қыртысындағы көрер

көзге сайрап жатқан геол. түзілімдердің көпшілігі бұл аймақтың түгелімен су астында жатқан көне дәуірімен тұстас келеді.

Палеозой дәуірінің соңы мен мезозой дәуірінің бас шамасындағы пермь, триас кезеңдерінен (бұдан бұр. 190 млн. жыл шамасы) қалған құм, тас, саз, сланец, көк сұр, әк тастар қазіргі Қаратау баурайларынан жиі кездеседі. Батыс және шығыс Қаратау мен оның сілемдері сол пермь және триас кезеңінің шөгінділерінен түзілген ежелгі жыныстар болып табылады.

Юра (бұдан 140-150 млн. жылдар бұрын шамасы) кезеңінің қалдықтары құм, саз, карбонатты жыныстар күйінде түбектің өне бойынан түгел табылады.

Маңғыстаудағы юра қабаты шамамен 1300 м-ге дейін жетеді. Жетібай, Өзен кен орындарында бұл қабаттан қазірде мұнай алынып отыр.

Маңғыстауда ең көп кездесетін тау жыныстарының бірі бор (бұдан 115-120 млн. жыл шамасы бұрын) кезеңінің қалдықтары.

Солтүстік пен оңтүстік Ақтау және олардың арасындағы ірілі-уақты алқаптар негізінен бор дәуірінің шөгінділері құм, тастан ақмергель бор, әктас, саз тастардан тұрады. Бор дәуірінен қалған, жел мен судың және күннің әсерінен адам таңқаларлық әр түрлі бейнедегі қотыр тастарды жиі кездестіруге болады.

Кайнозой дәуірінің палеоген (30-65 млн. жыл шамасы бұрын) кезеңінің жұрнақтары түбектің кез келген пұшпағында кездеседі. Палеогеннің аяқ кезеңі олигоцен тұсында (бұдан 30-40 млн. жыл шамасы бұрын) теңіз қайтадан тасып, қазіргі Маңғыстау түп-түгел су астында жатты. Бірақ теңіз қайтадан қайтып, тау жоталары пайда болып, қара жер көріне бастайды.

Неоген (20-30 млн. жыл шамасы бұрын) кезінде Каспий оқтын-оқтын тасып, Оңт. Маңғыстау жоталарын қайта-қайта су басып, қазіргі ұлутастар қабатын құраған.

Геол. жас дәуір бас-аяғы ең соңғы бір млн. жыл ауқымымен шектелетін ширектік кезеңнің қалдықтары да бұл түбекте өте мол. Каспий жағалығы, Қарақия ойпаты мен Бозашы түбегі сол ширектік кезең шөгінділерінен тұрады. Жоғарыдағы көріністерге қарағанда Маңғыстауда алғашқы құрғақ жер триас дәуірінің аяқ кезеңінде, бұдан 190-200 млн. жылдар шамасында қазіргі Қаратау қыраты жатқан тұстан пайда болған.

Мәтінмен жұмыс

1. Маңғыстаудың жер қыртысы жайында баяндаңыз.
2. Мәтінді түсініп оқыңыз.
3. Жаңа сөздермен сөздік жұмысын жүргізіңіз.
4. 1-ші абзацты орыс тіліне аударыңыз.

Сөздік

мұнай тасығыш автомобиль – автомобиль-нефтевоз

мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған автоцистерна – автоцистерна для перевозки нефтепродуктов

газ түріндегі агент – газообразный агент

ұңғыларды күрделі жөндеуге арналған агрегат – агрегат для капитального ремонта скважина
сору, сіңіру, тарту – адсорбировать
бұрғылау ерітіндісінің белсенділігі – активность бурового раствора
сүзу белсенділігі – фильтрационная активность
мұнай қоймасы – нефтяной амбар
бұрғылау тізбегінің жұмсартқышы – амортизатор буровой колонны
серіппелі жұмсартқыш – пружинный амортизатор
талдағыш – анализатор
талдау – анализ
мұнайлы антиклиналь – нефтяносная антиклиналь
мұнайды жылумен өңдеуге арналған аппарат – аппарат для термообработки (нефти)
ұңғыларды зерттеуге арналған аппараты – аппарат для исследования скважин
бақылау-өлшеу аппаратурасы – контрольно-измерительная аппаратура
мұнайға арналған ареометр – ареометр для нефти

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

Есімдік. - Местоимение.

Есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есім) орнына жүретін сөз табы есімдік деп аталады. Есімдік заттың өз атауын да, белгісінің, санының да атауын білдірмейді, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді де, олардың орнына қолданылады. Тұлғасына қарай есімдіктер негізгі және туынды болып бөлінеді. Негізгі есімдіктер: мен, сен, кім, осы т.б. Туынды есімдіктер: біреу, әлдеқайда, әрқашан, өзің т.б. Құрамына қарай есімдіктер дара және күрделі болып бөлінеді. Дара есімдіктер: ол, міне, Сіз т.б. Күрделі есімдіктер: әлдекім, қайқайсысы т.б.

Местоимение - это часть речи, которая указывает на предметы, лица, признаки, количество, но не называет их. Оно может заменить собой любую именную часть речи (имя существительное, имя прилагательное, имя числительное). По способу образования местоимения делятся на производные и непроизводные. Непроизводные местоимения: мен (я), сен (ты), кім (кто), осы (этот) и т.д. Производные местоимения: біреу (кто-то), әлдеқайда (где-то), әрқашан (всегда), өзің (сам) и т.д. По составу местоимения делятся на простые и сложные. Простые местоимения: ол (он), міне (вот), Сіз (Вы) и т.д. Сложные местоимения: әлдекім (кто-либо), қайқайсысы (каждый) и т.д.

Қазақ тіліндегі есімдіктер мағыналық және тұлғалық ерекшеліктеріне қарай 7 топқа бөлінеді.

В зависимости от значения и синтаксических особенностей местоимение представлено 7 разрядами:

1. Жіктеу есімдіктері (личные местоимения): мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар.

2. Сұрау есімдіктері (вопросительные местоимения): кім, не, қандай, қай, қалай, қанша, неше, қашан, қайда т.б.
3. Жалпылау есімдіктері (обобщенно-определятельные местоимения): бәрі, барлық, бар (адам), барша, күллі, бүтін, түгел т.б.
4. Болымсыздық есімдіктері (отрицательные местоимения): еш, ешкім, ештеңе, ешбір, ешбіреу, ешқайсысы, ешқандай, бірде-бір, түк, дым т.б.
5. Сілтеу есімдіктері (указательные местоимения): бұл, бұлар, осы, осынау, осылар, сонау, ол, олар, мына, мынау, мыналар, анау, ана, аналар, эне, энеки, міне, мінеки т.б.
6. Өздік есімдікке жалғыз ғана «өз» деген сөз жатады. К возвратному местоимению относится лишь местоимение «свой».
7. Белгісіздік есімдіктері (неопределенные местоимения): біреу, бірдеңе, бірнеше, кейбір, әлдекім, әлдеқайда, әлдақашан т.б.

1-жаттығу. *Өлең жолдарынан есімдіктерді тауып, мағыналық топтарына ажыратыңыз.*

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
 Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.
 Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
 Абайлар әрбір сөзді өз халінше.
 Керек іс бозбалаға – талаптылық,
 Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
 Кейбір жігіт жүреді мақтан сөйлеп,
 Сыртқа пысық көрінер, көзге сынық.

(Абай Құнанбаев)

2-жаттығу. *Өздік есімдіктерді тауып, астын сызыңыз. Мақалдардың мағынасын түсіндіріңіз.*

Кісі елінде сұлтан болғанша,
 Өз елінде ұлтан бол.

Өз үйім – өлең төсегім.
 Сараң өз затын өзінен қызғанады.

Қорқақ өз көлеңкесінен қорқады.
 Отанға опасыздық еткенің – Өз түбіңе жеткенің.
 Өз басыңды дауға берсең де,
 Жолдасыңды жауға берме.

3-жаттығу. *Төменде берілген есімдіктермен сөйлем құраңыз.*

Мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар, кім, не, қандай, қай, қалай, қанша, неше, қашан, қайда, бәрі, барлық, барша, күллі, бүтін, түгел, еш, ешкім, ештеңе, ешбір, ешбіреу, ешқайсысы, ешқандай, бұл, бұлар, осы, мынау, анау, өзім, эне,

әнеки, міне, мінеки, біреу, бірдене, бірнеше, кейбір, әлдекім, әлдеқайда, әлдеқашан.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма.

АҚТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ПЛАСТИКАЛЫҚ МАССА ЗАУЫТЫ

Пластикалық масса зауытын салу КСРО Министрлер Кеңесінің 1973 жылғы, №193 «Қаз ССР Шевченко қаласында пластикалық масса зауытын салу және іске қосу жөніндегі шаралар» қаулылары негізінде іске асты. Біздер Ақтау қаласындағы пластикалық масса зауытының тарихы жайында «Маңғыстау» энциклопедиясынан оқыған болатынбыз.

Қазіргі таңда зауыт бірнеше елдерге өнімдерін шығарады.

Негізгі өндірістер стирол мен полистиролдың құрылысы кешенді шетелдік жабдықтар «Литвин» фирмасымен (Франция) өтемақылық келісім негізінде әлдеқашан жүзеге асқан болатын. Шетелдік жиынтықты жабдық үшін осы зауыт өтемақы ретінде 240 мың тонна полистирол беруі қажет болатын. Экспортқа полистирол шығару ісіне зауыт 1982 жылы кірісті.

Пластмасса зауыты өндірістік кәсіпорын мәртебесін 1981 жылы 12 мамырда химия өндірісі Министрлігінің №256 «Шевченко пластмасса зауытын ұйымдастыру» туралы бұйрығы негізінде иеленді.

Пластмасса зауыты қысқа уақыт ішінде қаншама жоба бойынша белгіленген қуаттылықты игеріп, ТМД елдеріндегі полистирол өндіретін ірі кәсіпорынға айналды.

Зауыттың жоғары сапалы өнімі – Ресейдің жетекші ғылыми-зерттеу институттарының ұзақ жылғы ғылыми зерттеулері мен жетекші әлемдік фирмалардың Emejota (АҚШ), Phojil (Франция) қазіргі заманғы үрдістерін пайдалану нәтижелері.

Бірнеше жылдан кейін, дәлірек айтсақ, 1992 жылы Шевченко пластмасса зауыты «АКПО» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.

Кейін 2004 жылы пластмасса зауытының мүліктік кешенін Алматы қаласының «SAT & Company» ЖШС-і сатып алды.

Пластмасса зауытының мүліктік кешенін жедел басқару үшін «Sat Operating Aktau» ЖШС құрылды.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді дауыстап, түсініп оқыңыз.
2. Ақтау пластмасса зауыты жайында түсінгеніңізді баяндаңыз.
3. Жаңа сөздермен сөздік жұмысын жүргізіңіз.
4. Берілген мәтіннен есімдіктерді тауып, мағыналық түрлеріне ажыратыңыз.
5. Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.
6. Маңғыстауда бұдан басқа қандай өндіріс орындары бар, диалог құрыңыз.

2-тапсырма. *Өлеңді мәнерлеп оқып, есімдіктерді табыңыз.*

Атамыз – адам пайғамбар,
Топырақтан жаралды,
Мұсылман, кәпір – халық боп,
Сол адамнан таралды.

Жолдас болсаң жақсымен,
Қолың жетер Қырымға.
Топқа кірсең әркіммен,
Таласарсың орынға.

Көп ішінде аз болсаң,
Әрнеме түсер ойыңа.
Ел ішінде жоқ болсаң,
Мін тағылар бойыңа.

Мал-дүниенің жарығы,
Жаратып шырай көркіңе.
Қызықпаңыз бес күнге,
Бұл дүние қалмас әркімге.

(Шортанбай Қанайұлы)

Өлеңді жаттап алыңыз.

3-тапсырма. *Есімдік түрлерін қатыстырып, «Мұнайлы өлкеде» тақырыбына шығарма жазыңыз.*

4-тапсырма. *Өлең жолдарынан есімдіктерді тауып, мағыналық түрлеріне назар аударыңыз.*

ҚАЗАҚ ОСЫ

Қазақ осы:
Дала дейтін,
Күн дейтін.
Қазақ осы:
«Өнер алды – тіл» дейтін.
Қазақ осы:
Қарасың ба,
Ақсың ба,
Жатырқауды білмейтін.

Қазақ осы:
Ашық, жарқын қабағы
Қонақ келсе,
Шабылып бір қалады.
Байқа да тұр
Саған да ол кетерде
Ат мінгізіп,
Жібек шапан жабады.

(Қадыр Мырза-әлі)

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Маңғыстау өлкесінің жер бедері жайында баяндаңыз.
2. Есімдік қандай сөз табы?
3. Есімдіктің мағыналық түрлеріне тоқталыңыз, мысал арқылы жасалу жолдарын талдап беріңіз.
7. Оқулықтың соңында берілген тест тапсырмаларын орындаңыз (өтілген материалдар бойынша).
8. Абайдың кез келген бір өлеңін жаттап келіңіз (өлең ішінде есімдік болуын ескеріңіз)
9. Есімдік түрлеріне мысалдар жазып келіңіз.
10. «Маңғыстаудағы тарихи ескерткіштер» тақырыбына шығарма жазып, есімдік түрлеріне талдаңыз.

ОНЫНШЫ САБАҚ

МҰНАЙДЫ ӨНЕРКӘСІПТІК ӨНДЕУ

Ендігі халық шарушылығына қажетті мұнай өнімдерінің өнеркәсіпте қалай алынатынымен танысайық. Табағи мұнай құрамында су, минералды тұздар және әр түрлі механикалық қоспалар болады. Сондықтан ең алдымен мұнайды сусыздандырып және басқа да қоспалардан тазартады. Қондырғы мұнайды қыздыратын пештен және ректификациялық колоннадан тұрады, мұнда мұнай фракцияларға өздерінің қайнау температурасына сәйкес көмірсутектер қоспаларына – бензинге, лигроинге, керосинге және т.б. бөлінеді. Пеште ирек-ирек ұзын құбыр бар. Пеш мазут немесе газ жағу арқылы қыздырылады. Ирек түтікке үздіксіз мұнай тұрады, онда мұнай 320-350 °С-ге дейін қыздырылады және сұйықтық пен бу қоспасы түрінде ректификациялық колоннаға түседі. Ректификациялық колонна – биіктігі 40 м-дей, болат цилиндрлі аппарат. Ол тесіктері бар, тәрелке деп аталатын, көлденең орналасқан бірнеше қалқандардан тұрады. Мұнай булары колоннаға түскеннен кейін жоғары көтеріледі және тәрелкедегі тесіктер арқылы өтеді. Өзінің қозғалысымен жоғары көтерілген сайын булар біртіндеп салқындап, сұйық күйге айналады. Булануы нашар көмірсутектер бірінші тәрелкеде сұйылып, газойль фракциясын, ұшқыш көмірсутектер жоғарырақ жиналып, керосин фракциясын түзеді, одан жоғарырақ лигроин фракциясы жиналады, өте ұшқыш

көмірсутектер бу күйіне колоннадан шығады да, конденсацияланғаннан кейін бензинге айналады. Бензиннің бір бөлігі тәрелкелер арқылы төмен ағып түседі де мазут түседі. Мазутпен бірге қалып қоятын ұшқыш көмірсутектердің булануын жеңілдету үшін, төмен ағып бара жатқан мазутқа қарама-қарсы өте ыстық бу жібереді.

Айдау нәтижесінде қалатын мазут жоғары көмірсутектердің көп мөлшерінің бағалы қоспасы болып табылады. Ілгеріде айтылғандай ол жағар майын алу мақсатымен қосымша өңдеуге ұшыратылады. Айдау процесінде мазут фракцияларға бөліну үшін, сірә, мұнайды айдаған кездегідей 350°C дейін ғана қыздырмай, одан едәуір жоғары температурада қыздыру керек шығар. Бірақ мазут құрамына кіретін көмірсутектердің молекулалары мұнай қатты қыздыруға шыдамай, ыдырай бастайды екен. Сондықтан айдауды төмен қысымда вакуум қондырғыларында жүргізіледі. Мұндай жағдайларда мазуттың көмірсутектері біршама төмен температура кезінде бу тәрізді күйге ауысады және фракцияларға бөлінеді. Мазуттың айдалмайтын бөлігі – гудрон деп аталады. Гудрон құрылыста пайдаланылады.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді дауыстап оқыңыз.
2. Мұнайды өнеркәсіптік өңдеудің жолдарын өз сөзіңізбен баяндаңыз.
3. Жаңа сөздерді дәптерге жазыңыз.
4. 2-абзацты сөз таптарына (өтілген сөз таптары бойынша) талдаңыз.

Сөздік.

құрлықтағы арматура – наземная арматура

мұнай геологтарының американдық қауымдастығы – американская ассоциация нефтяных геологов

газбен ластанған ауа – загазованная атмосфера

тұрба базасы – трубная база

мұнай балансы – баланс нефти

тұндырғыш бак – бак-отстойник

бөрене, арқалық – балка

бұрғылау шығырының барабаны – барабан буровой лебедка

мұнай тасығыш баржа – нефтеналивная баржа

мұнайгазы бар бассейн – нефтегазовый бассейн

битум, мұнайдың қатқан түрі – битум

бергинизация (көмірді мұнайға айналдыруға арналған бергиус процесі) – бергинизация

су өткізбейтін таушайыр – водонепроницаемый битум

таушайырлы – битумный

сүңгуір – водоплаз

мұнайдың геологиялық жасы – возраст нефти, геохимический

қоймалжың толқын – волна сгущения

бұрғы ерітіндісімен әсерлесуге бейімділігі – восприимчивость к буровому раствору

ұрғыны қалпына келтіру – восстановление скважины

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

Етістік. - Глагол.

Етістік - заттың қимылын, іс-әрекетін, күй-жайын білдіретін сөз табы. Етістік не істеді? не қылды? қайтты? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: үйретті, тапты, оқыды, жинады, көрсетті, сатып алды т.б. Етістік құрамына қарай дара және күрделі болып екіге бөлінеді. Дара етістіктер: бар, көр, ал, әкел т.б. Күрделі етістіктер: ұшып кету, алып келу, беріп жіберді т.б. Тұлғасына қарай етістіктер негізгі және туынды болып бөлінеді. Негізгі етістіктер: қой, ек, тер, сеп т.б. Туынды етістіктер: гүлде, сана, қарат т.б.

Глагол — знаменательная часть речи, которая обозначает действие, состояние лица или предмета. Глагол отвечает на вопросы не істеді? не қылды? қайтты? (что делать? что сделать?). Например: үйрету (научить), табу (найти), оқу (учить), жинау (собирать), көрсету (показать), сатып алу (купить) и т.д. По морфологическому составу глаголы делятся на простые (дара) и сложные (күрделі). Простые глаголы: бар (иди), көр (смотри), ал (возьми), әкел (принеси) и др. Сложные глаголы: ұшып кету (улететь), алып келу (принести), беріп жіберді (отдал, передал) и др. По способу образования глаголы могут быть производными (негізгі) и производными (туынды). Непроизводные глаголы: қой (положи), ек (посади), тер (собери), сеп (посей) и т.д. Производные глаголы: гүлде (процветай), сана (считай), қарат (заставь посмотреть) и т.д.

Тілде іс-қимыл, қозғалыс, әрекет бірнеше сөздердің тіркесуінен де көрінеді. Мысалы: сатып ал, келе жатыр, өлең айт, сурет салды т.б. Бұлардың қайсысы болса да бір ғана сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқарады. Осындағы күрделі етістіктердің құрамындағы сөздер бір өңкей етістіктен құралады (сатып ал, келе жатыр) немесе есім сөздер мен етістіктер араласып келуі мүмкін (өлең айт, сурет салды). Күрделі етістіктердің құрамына кірген, енген сөздердің қайсысы негізгі ұғымға ие болса, сонысы негізгі етістік деп аталады, ал келтірінді мағынада айтылып, көмекші мәнде, жұмсалып тұрғаны көмекші етістік делінеді. Мысалы: *сатып ал, келе жатыр* дегендердің алғашқылары *сатып, келе* сөздері негізгісі де, соңғылары - *ал, жатыр* көмекші етістіктер.

Грамматические формы глагола могут быть синтетическими, т.е. состоящими из одного слова, и аналитическими, т.е. состоящими из основного и вспомогательного глагола. В зависимости от особенностей значения и выполняемых функций в составе аналитической формы выделяют основные (негізгі) и вспомогательные (көмекші) глаголы. Например: сатып ал (купи), келе жатыр (идет), өлең айт (спой), сурет салды (нарисовал). Оба глагола аналитической формы отвечают на один вопрос и выполняют одну синтаксическую функцию. Основным называется глагол, который несет в себе лексическое значение, у вспомогательного глагола лексическое значение

отсутствует или отступает на второй план. Например: в сложной форме *сатып ал, келе жатыр* первые глаголы *сатып, келе* являются основными, последние - *ал, жатыр* — вспомогательными.

1-жаттығу. *Төменде берілген мәтіннен етістіктердің астын сызып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.*

Маңғыстау энергетикасы

Түбек халқы ол заманда жарық ретінде керосин шамдары мен шырақтарды пайдаланатын.

Тұңғыш дизель электростанциясы 1938 жылы Аташ кентінде пайда болды. Оның қуаты 400 киловольт болатын. Ол осындағы балық комбинаты мен клубты жарықтандыруға қызмет етті. Соғыс жағдайына байланысты 1942 жылы Новороссийскіден кеме жөндеу зауытының көшіріліп әкелінуімен байланысты Баутино кентінде қуаты 250 киловатт болатын жаңа электростанция іске қосылды. Ал, содан сәл кейінірек Қызылөзен, Таушық кенттерінде жұмыс істеген электростанциялар аталмыш елді мекендердегі балық консервілеу цехы мен көмір шахтасын электр жарығымен қамтамасыз етуге арналды.

2-жаттығу. *Өлеңнен етістіктерді тауып, құрамына қарай талдаңыз.*

Құрыш болат білекпен,
Шөл далаға гүл еккен.
Қалаларды самсатып,
Жапандарды түлеткен –
Ағаларым көп мұнда.
Кешегі елсіз жатқан маң,
Аты аңыз болып жатталған.
Жер астының мұнайын
Теңіз қылып ақтарған –
Апаларым көп мұнда.
Мұнаралар қаптаған
Зәулім үйлі ақ қалам!

(Фарица Оңғарсынова)

Өлеңді жаттап алыңыз.

3-жаттығу. *Берілген сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құраңыз. Етістіктерді құрамына қарай талдаңыз.*

Геологиялық зерттеулер, жерасты қыртысы, мұнайлы өлкеде, экономикалық дағдарыс, әлемдік нарық, жаңа тәжірибелер, мұнай өңдеу зауыты, мұнай кешені, алқаптар, газбен ластанған ауа, мұнай тасығыш баржа, мұнайгазы бар бассейн, мұнайдың қатқылы, көмірді мұнайға айналдыру әдісі.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма. *Мәтінге морфологиялық талдау жасаңыз.*

1959 жылы Жетібай құрылымында іздеу-бұрғылау жұмыстары басталды. 1961 жылы Жетібай кен орнындағы №6 барлау ұңғымасынан мұнай фонтаны атқылады. Осылайша, 1961 жылы Оңтүстік Маңғыстауда Өзен және Жетібай кен орындары бір мезгілде ашылды. Маңғыстаудағы мұнай-газ кен орындарын игеруге үлкен назар аудара отырып, Қазақ КСР-дің Министрлер кеңесі 1962 жылғы 19 қаңтардағы «Маңғышлақ түбегінде және Каспий маңы ойпаңының оңтүстік-шығыс бөлігінің аумағында мұнай мен газға арналған геологиялық-барлау жұмыстарын күшейту туралы және осы аудандарда анықталған мұнай кен орындарын пайдалануға дайындау туралы» №41 қаулысын қабылдады. Оңтүстік Маңғышлақтың байлықтарын өнеркәсіптік игеру үшін 1964 жылдың қаңтарында «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестігі құрылды. Мұнай тыңын игеруге Әзербайжаннан, Татариядан, Башкириядан, Краснодар және Ставрополь өлкелерінен мыңдаған білікті жұмысшылар мен тәжірибелі қызметкерлер келді. Ералы, Жетібай кенттері, Жаңа Өзен қаласы салынды. Қазақстан Компартиясының ОК-нің 1964 жылғы 13 ақпандағы №123 қаулысына сәйкес «Маңғышлақмұнай» бірлестігі бойынша 1964 жылғы 3 шілдеде «Өзен мұнай кәсіпшілік басқармасын ұйымдастыру туралы» №27 бұйрық шығарылды.

2-тапсырма. *«Алғашқы мұнай фонтаны» тақырыбында шағын шығарма жазып, сөз таптарына талдаңыз.*

3-тапсырма. *Өлең жолдарынан етістіктерді тауып, мағынасын түсіндіріңіз.*

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Маңғыстаудағы өнеркәсіп орындары жайында баяндаңыз.
2. Жаңа сөздерді жаттаңыз.
3. Етістік қандай сөз табы, сұрақтары?
4. Етістік сөйлемде ненің қызметін атқарады?
5. Құрамына, мағынасына, жасалу жолына қарай бөлінісін мысал арқылы түсіндіріңіз.
6. «Алғашқы мұнай фонтаны» тақырыбындағы мәтіннен етістіктерді тауып, құрамына қарай талдаңыз.

ОН БІРІНШІ САБАҚ

ОРАЛ-ЕМБІ МҰНАЙЫ ТАРИХЫНАН

Мұнда 1941-1945 жылдары жылына орташа есеппен 800 мың тонна мұнай өндірілді. Ұлы Отан соғысы жылдары Орал-Ембі мұнайлы облысында геологиялық зерттеулер шоғырландырылды. Іздеу-түсіру және сейсмикалық-барлау жұмыстарының, картировка мен құрылымдық-іздеу бұрғылаудың елеулі көлемдері Нармонданақ, Күзбақ, Қызылжар, Мұнайлы, Қошқар, Дүйсеке және басқа да тұз күмбездерінде шоғырланды. Күмбездердің бір бөлігі терең бұрғылаумен өнеркәсіптік барлауға тартылды. Бұл ретте мұнайдың өнеркәсіптік мұнай иірімдері Мұнайлыда, Жолдыбайда, Нармонданақта және Құлсарыда анықталды, кейін олар 60-шы жылдарға дейін негізгі пайдалану объектілері болды.

Маңғыстауда зерттеу жұмыстары жүргізіле берді. Маңғыстау геологиялық-барлау экспедициясының аға геологы Чувелев: «Маңғышлақтағы жыныстар құрылымының антиклиналдық сипаты, ал кейде диапиризмнің сипаты (Орал-Ембі ауданының түрі бойынша өтетін өзек) Маңғышлақтың жер қойнауында мұнайдың жиналу ықтималдығын көрсетеді. Түбіжік даласында Форт-Шевченкодан 50 шақырым қашықтықта Қаңға-баба шөгінділерінде анық мұнайлылық белгілері бар жаныстар табылды», – деді. Осы мәліметтер Маңғыстауды одан әрі зерттеу үшін негіз болды. Мұнайға перспективалы құрылымдарды анықтау үшін геофизикалық әдістерді тиімді қолдану 1943 жылы Мемлекеттік геофизикалық трестің Қазақ бөлімін, одан кейін – мамандандырылған «Қазақстанмұнайгеофизика» тресін ұйымдастыруға байланысты болды. Трестің құрамына 5 геофизикалық партия кірді. Бұрғылау станоктар паркінің шектеулі техникалық мүмкіндіктері мұнайдың барланған қорларын көп мәрте ұлғайтуды қамтамасыз ете алмады, барлық іздеу жұмыстары Оңтүстік Қошқар және Тектектор кен орындары соғыс жылдары ашылды. Гурьев (Атырау) қаласында мұнай құбыры мен мұнай өңдеу зауытын салу жаңа кен орындарын іздеу бойынша жұмыстарды анағұрлым белсенді жүргізу қажеттілігіне байланысты болды.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді түсініп оқыңыз.
2. Орал-Ембі мұнай кешенінің зерттелу тарихын баяндаңыз.
3. Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.

Сөздік

май жылтыры – жирный блеск

апаттық бұрандама – аварийный болт

мұнай өнімдерін өртеуге арналған бомба – бомба для сжигания нефтепродуктов

ұңғылардағы сулармен күрес – борьба с водопритоками в скважине

мұнай өнімдеріне арналған бөшке – бочка для нефтепродуктов

ақау – брак

ашу, көпіру – бродить
газды бөліп таратқыш будка – газораспределительная будка
ұңғылық айырымдық буй – буй скважиний, опозновательный
газ ұңғыларын бұрғылау – бурение газовых скважин
айналдыра бұрғылау – калонковое бурение
май кедерткісі – масляный буфер
тез жұмыс істейтін – быстродействующий
бұрғылау – бурить
бөлу – сепарация

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

Үстеу. - Наречие.

Үстеу - қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, амал-тәсілін, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын тағы басқа сипаттарын білдіретін сөз табы. Олар қашан? қайда? қанша? қалай? қайтіп? қандай? не үшін? не мақсатпен? не себепті? деген сұрақтарға жауап береді. Үстеу тұлғасына қарай негізгі және туынды болып екіге бөлінеді. Негізгі үстеулер: ерте, кеш, жиі, тез, дәл т.б. Туынды үстеулер: біршама, күздей, жаздай, кешке т.б. Құрамына қарай үстеу дара және күрделі болып бөлінеді. Дара үстеулер: өте, нағыз, үнемі, қазір, әрең т.б. Күрделі үстеулер: қыстыгүні, биыл, анда-санда, жазғытұрым т.б.

Наречие - это лексико-грамматический класс слов, обозначающих различные признаки действия, способы, время, место, причины, цели действия, а также другие признаки. Наречие отвечает на вопросы: қашан? (когда?), қайда? (где?), қанша? (сколько?), қалай? (как?), қайтіп? (каким образом?), қандай? (какой?), не үшін? (для чего?), не мақсатпен? (с какой целью?), не себепті? (по какой причине?). По способу образования наречия делятся на негізгі (непроизводные) и туынды (производные). Непроизводные наречия: ерте (рано), кеш (поздно), жиі (часто), тез (быстро), дәл (точно) и т.д. Производные наречия: біршама (достаточно), күздей (как осень), жаздай (как лето), кешке (вечером) и т.д. По составу наречия делятся на дара (простые) и күрделі (сложные). Простые наречия: өте (очень), нағыз (самый), үнемі (постоянно), қазір (сейчас), әрең (еле-еле) и т.д. Сложные наречия: қыстыгүні (зимой), биыл (в этом году), анда-санда (иногда), жазғытұрым (летом) и т.д.

Лексика-семантикалық мағынасына қарай үстеу 7 топқа бөлінеді.

По своему лексико-семантическому значению наречие делится на 7 групп:

1. Мезгіл үстеу (наречие времени) – отвечает на вопросы қашан? (когда?), қашаннан бері? (с каких пор?), қашанға дейін? (до каких пор?). Мезгіл үстеулер: кеше (вчера), бүгін (сегодня), ертең (завтра), күндіз (днем), түнде (ночью), анда-санда (иногда), қазір (сейчас), енді (теперь), ертелі-кеш (рано или поздно), биыл (в этом году), таңертең (утром), кешке (вечером), күні бойы (весь день), қысы-жазы (и зимой, и летом или весь год) и т.д.
2. Мекен үстеу (наречие места) – отвечает на вопросы қайда?

(где?), қайдан? (откуда?). Мекен үстеулер: ілгері, алға (вперед), кейін, артқа (назад), мұнда, осында (здесь), сонда (там), жоғары (вверх), төмен (вниз), іште (внутри), сыртта (снаружи), әрі (дальше), бері (ближе) и т.д.

3. Мөлшер үстеу (наречие количества и меры) – отвечает на вопросы қанша? қаншама? қаншалықты? (сколько?), нешелеп? (по сколько?). Мөлшер үстеулер: сонша, мұнша (столько), едәуір, біраз, қыруар, талай (много), бірең-сараң (мало, редко), азды-көпті (ни много, ни мало) и т.д.

4. Сын-бейне үстеу (наречие образа и способа действия) - отвечает на вопросы қалай? (как?), қайтіп? (каким образом?). Сын-бейне үстеулер: әрең, әзер, зорға (еле-еле), тез, дереу, жедел, шапшаң (быстро, срочно), кенет (вдруг), ауызша (устно), өзгеше (по особому), тікелей (прямо), үнемі (постоянно), бірден (сразу), ақырын (быстро), бірте-бірте (постепенно), бұрынғыша (как раньше, по-старому), қолма-қол (из рук в руки), сөйтіп (итак, таким образом), емін-еркін (свободно) и т.д.

5. Күшейту үстеу (усилительное наречие) – отвечает на вопросы қалай? (как?), қайтіп? (каким образом?), қандай? (какой?). Күшейту үстеулер: әбден, тіпті, нағыз (совсем), тым (слишком), ең (самый), ылғи, кілең (постоянно), сәл (чуть-чуть), дәл (точно), керемет (прекрасно), аса (свыше), өте (очень), қанағат (удовлетворительно) и т.д.

6. Мақсат үстеу (наречие цели) – отвечает на вопросы не үшін? (для чего?), неге? (зачем?), не мақсатпен? (с какой целью?). Мақсат үстеулер: әдейі, жорта (специально), қасақана (на зло), көре-тұра (видя), біле-тұра (зная) и т.д.

7. Себеп-салдар үстеу (наречие причины и следствия) – отвечает на вопросы не себепті? (по какой причине?), неліктен? (почему? отчего?). Себеп-салдар үстеулер: бекер, босқа (зря), амалсыздан, шарасыздан (вынужденно), жоққа (на нет) и т.д.

1-жаттығу. *Берілген сөйлемдерден үстеулерді тауып, мағынасын түсіндіріңіз.*

Биыл Жетібай мен Өзен кенорындарынан мол мұнай алынды. Қазір жұмысшылар қызу қарқынмен жұмыс істеуде. Соншалық мол мұнайды бекерге ысырап қылмай, уақытында өңдеп, мемлекетке өткізу мұнайшылардың бүгінгі таңдағы басты мақсаты болатын. Орасан еңбектерінің арқасында былтыр бірталай мұнайшыларға құрмет көрсетілді.

2-жаттығу. *Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, үстеулерді табыңыз.*

М...най мен газды... аралас қоспас... кен...штегі қайта ө...деу кешендер...нің біріне түсіп, газ бен м...най а...ымдарына б...ліну ...дерістерінен өтеді. М...най мен газды б...лу қос с...йықты сал...ындату және гравитациялық тәс...л ар...ылы ж...зеге асырылады.

Кейбір ұ...ғымалардың өн...мі, сондай-ақ, сынақ сепараторына жібер...леді. Осындай үнемі ба...ылау м...найгаз ұ...ғымалардың өнд...рістік көрсетк...штерін өлшеу үшін ж...не ж...мыс қысымын аны...тау үшін қажет. Осындай өлш...мдер инженерлерге кен...штегі өнд...ру к...лемін жа...сартуға м...мкіндік береді.

Барлық қайта ө...деу кешендер...не өнд...рістік үдер...стерді бас...аратын қаз...ргі заман...ы ж...йе орнатылған, ол операторға ж...мыс қондыр...ыларын қадағалауға мүмкіндік береді. Онда ...андай болмасын жа...дайда ти...мді іс-қимыл жасай алатын, апаттарды жоя алатын қызметкерлер және өрт станциялары бар.

М...найдан бөл...нген соң газ б...рнеше технологиялық фазалардан өтеді. Бұл фазаларды жазбастан б...рын, газдың өзі жөн...нде біраз б...лгеніміз маңызды. Іст...ң мән...сі мынада: бөл...нгеннен кейін газдың физикалық жа...дайы оны тікелей пайдалануға м...мкіндік бермейді, өйткені оның қ...рамында аз...антай с...йықтар бар, мысалы м...най мен су, сондай-ақ ластан...ыш заттар, атап айтқанда токсикалық к...кіртсутектері мен к...мірқышқылы диоксиді, олар газдың алдын-ала тазартылмай пайдалануға м...мкіндік бермейді. М...ндай газ қыш...ыл немесе күк...рті бар деп аталады. ...ышқыл газ кері сорылып, компрессорлар ар...ылы қысымның б...регей де...гейіне дейін келтір...леді, содан к...йін ол тазарту...а, са...тауға немесе қайтадан жер қабатына айдау...а м...мкін болады. Сонымен қатар, барлық өнд...рістік кешендерде б...ды қалпына келт...ру компрессорлар ж...йесі бар, факельдегі жанып жат...ан газдың к...лемін барынша азайту...а м...мкіндік б...реді.

1-жаттығу. Төмендегі үстеулерді қатыстыра отырып сөйлем құраңыз.

Соншама, тез, өзінше, осынша, бұрын, лажсыздан, биыл, кешке, жоғары, қасақана, төмен, нағыз, қазір, ілгері, тым, бекер, босқа, ылғи, ертелі-кеш, анда-санда, дереу, жедел, сонша.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма. *Сөздерді сәйкестендіріңіз.*

дірілдеткіш – волна сгущения

бұрғы тұрбаларындағы тербеліс – влажность воздуха

қышқыш бұранда – водоплаз

қосу – вмонтировать

тежегішті қосу – включение нефти

мұнайды кірістіру – включать тормоз

ауа ылғалдылығы – вибрация бурильных трубах

бұрғы ерітіндісінің әсері – нефтесодержащая вода

монтаждау, құрастыру – включать

мұнай кәсіпшілігінің суы – нефтепромысловая вода

мұнайлы су – влияние бурового раствора

сүңгуір – нажимной винт

мұнайдың геологиялық жасы – возраст нефти, геохимический

қоймалжың толқын – вибратор

2-тапсырма. *«Менің университетім» тақырыбына шағын шығарма жазып, үстеулердің мағыналық түрлеріне ажыратыңыз.*

3-тапсырма. *Мәтінді көшіріп жазып, үстеулердің астын сызыңыз.*

Толассыз байлыққа ұласқан торсықтағы мұнай

Атырау дегенде алдымен мұнай мен газ ойға оралады. Жер астындағы осынау табиғи байлықтарды сөз еткенде оны ел игілігіне жаратушылардың ерен еңбегі туралы айтпау тіптен мүмкін емес. Өйткені, әр кезеңде жер асты майын өндіруге бірнеше буын өкілдері атсалысты. Қарашүңгілден басталған қара алтынның алғашқы бұрқағы алынғалы да бір ғасырдан асты. Одан беріде игерілген кен орындарына да ғасырға таяу уақыт өтті. Қара алтын өндірісіндегі жаңа кәсіпорын – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ құрамындағы «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалына қарайтын Қосшағыл кен орнында бұл күндері 70 жыл бұрын еңбек еткен мұнайшылардың немере-шөберелері жұмыс жасайды. Өйткені, бұл кәсіп династиялық мамандық ретінде қалыптасқалы қаша-ан!..

Атадан – балаға, баладан – немереге ата кәсіптей жалғасқан мұнайшылық кәсіптің бастауында Бешім Қызылбасовтың есімі ерекше аталады. Ол – Жылыой ауданындағы Қосшағыл кен орнынан мұнайды алғаш тапқан қазақ. Осынау көңілі даладай дархан қарияның кейінгі ұрпағының қамы үшін жасаған ұлағатты ісін дәріптеу әрі есте қалдыруды көздеген “ҚазМұнайГаз” Барлау. Өндіру” акционерлік қоғамының президенті Жақып Марабаев Қосшағыл кентіндегі бір көшеге Бешім Қызылбасовтың атын беріп, ескерткіш-барельеф орнатуға ұйытқы болды. Нарықтық қатынастың менеджменті мен менеджерлігін жетік меңгерген жас басшының бұл қадамы барша мұнайшылардың ризашылығын тудырғаны ақиқат.

4-тапсырма.

МҰНАЙ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖАНУАРЛАР МЕН АДАМ АҒЗАЛАРЫНА ӘСЕРІ

Мұнайдың жеңіл фракциялары құрылысы жағынан – қарапайым, ол төменгі молекулалы көмірсутектерден парафинді, ароматты көмірсутегіден құралған.

Бұл қарапайым мұнайдың ең қозғалғыш бөлігі. Алкандар наркоздық құрал тәрізді әсер етеді, бірақ алкандарға қарағанда оның әсері тыныс алуда анық байқалады. Ұзақ улану адамдардың бауыр мен бүйрек жұмыстарының өзгеруін, қан-тамыр органдарының тітіркенуіне әсер етеді. Сонымен қатар мутагендік әсері бар, созылмалы ісік ауруын тудырады.

Ароматты көмірсутектер – улы мұнай компоненті, оның 1 пайызы тік концентрациясы судағы өсімдіктердің бәрін жояды. Мұнайдың 20-38 пайызы ароматты көмірсутегісі болса жоғары сатыдағы өсімдіктердің өсуіне қысым жасалады.

Ароматты көмірсутектер тез бұзылады. Деградация басты факторы фотолиз үдерісі болып табылады. Бұл ултракүлгін сәулелендіру арқылы

жүреді. Бозашы және Қара арна кен орындарының ауыр мұнайлы, құрамында концерогендік ароматты көмірсутектерден тұрады.

Алкандар органикалық заттар аралығында активтілігі төмендеу, наркоздік әсері күшті, теріге әсері өте қауіпті. Мұнай адам терісіне тигенде тері ауруына (қышыма) душар етеді.

Бензин организмге ауаны жұту арқылы тыныс алу жолымен ішек-қарын трактісінен қанға сіңіріледі, бензин орталық ми жүйесіне, тері қабаттарына әсер етеді, улануға кейде өлім жағдайына әкеп соқтырады. Ауада бензиннің таралу нәтижесінде адамдар қатты уланады, ал концентрациясы ұлғайған жағдайда бірден өлім қаупін туғызады.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді түсініп оқыңыз.
2. Мәтін бойынша жоспар құрыңыз.
3. Мұнайдың адам мен жануарлар ағзасына зияндылығын түсіндіріңіз.
4. Қазіргі таңдағы экология жайын баяндаңыз.
5. 1, 2-абзацтардан үстеулерді табыңыз.

Сөздік

ұңғы – скважина

мұнай дуалы – нефтяной вал

пісіру – варить

мұнайға қанығу мөлшері – величина нефтенасыщения

мұнай беру деңгейі – величина нефтеотдачи

шектеулі шама – величина ограниченная

сорып алатын мөлшерлегіш – вытяжной вентиль

газдан тазартатын желдеткіш салмақ – газоочистный вентилятор вес

жанармай, жанғыш зат – горючее вещество

ерігіш зат – растворимое вещества

мұнайты еріткіш зат – вещества растворяющее нефть

ұңғылардың әрекеттестігі – взаимодействие скважин

шайқау, араластыру – взбалтывать

бұрғы ерітіндісімен әсерлесуге бейімділігі – восприимчивость к буровому раствору

ұрғыны қалпына келтіру – восстановление скважины

мұнай мен газы бар ойпаң айналдырғыш – нефтегазоносная впадина вращатель

ұңғының тоқтау уақыты – время остановки скважины

сіңіру – всасывание

қайнау – вскипать

сұрыптау – выбраковка

лақтыру, шығарып тастау – выбрасывать

газдың атуы, газ атындысы – выброс газа

бөліну, шығу – выделение

сығу – выжимание

мұнайды газбен шығару – вынос нефти и газом

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

Шылау сөздер. - Союзы. Служебные слова.

Толық, дербес мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып немесе сөзге қосымша мағына үстеп тұратын көмекші сөздер шылау деп аталады. Шылаулардың лексикалық мағынасы жоқ, сөйлем ішінде шылау сөйлем мүшесі бола алмайды. Сөйлемде атқаратын қызметіне қарай шылаулар үшке бөлінеді. Олар: септеуліктер, жалғаулықтар, демеуліктер.

Союзами называются служебные части речи, которые выражают грамматическую связь и определенные смысловые отношения между отдельными членами простого и частями сложного предложений, а также между самостоятельными предложениями связного текста. Служебные слова не имеют самостоятельного лексического значения, не являются самостоятельными членами предложения. В зависимости от функций служебные слова делятся на три группы: септеуліктер (последологи), жалғаулықтар (союзы), демеуліктер (частицы).

1. Септеуліктер (последологи) – это особая группа служебных слов, имеющая следующие особенности:

– последологи уточняют и дополняют грамматические значения падежных форм слов, выражаемые с помощью падежных окончаний (септік жалғау). Эта функция и дала им название – септеуліктер;

– последологи имеют пространственные, временные, целевые, причинные значения и используются для синтаксической связи слов, словосочетаний и частей предложения между собой;

– последологи занимают положение после слова. Это дает основание называть их «последологами»;

– последологи сочетаются с именами существительными, прилагательными, числительными, местоимениями, склоняемой формой глаголов;

– последологи не являются отдельным членом предложения, а выполняют роль того или иного члена предложения лишь вместе со словом, значение которого уточняют. При этом последологи могут присоединяться к словам как в составе основной, так и второстепенной (подчинительной) части предложения.

Например: Болат сағат сайын жолға қарады. (Болат через каждый час смотрел на дорогу.). Мейрам жұмыс басындағы мұнайшылармен телефон арқылы хабарласты. (Мейрам связался с нефтяниками на рабочих местах по телефону.)

2. Жалғаулықтар (союзы) – служат для связи слов, словосочетаний, частей сложного предложения, а также для связи предложений друг с другом. В зависимости от функций союзы делятся на несколько видов: ыңғайластық (соединительные), талғаулықты (разъяснительно-разделительные), қарсылықты (противительные), себеп-салдарлық (причинно-следственные), шарттық (условные), ұштастырғыш (смыкающие).

3. Демеуліктер (частицы) – придают словам или предложениям различные значения. В зависимости от значения частицы делятся на следующие виды: сұраулық (вопросительные), күшейткіш (усилительные), нақтылық

(уточняющие), шектеулік (ограничивающие), болымсыздық (отрицательные), болжалдық (частицы со значением приблизительности).
Например: Сонда ғана жүрегі сыздап, «Не іздеп тұрмын, осы мен?» деді. Әй, сені бауырым бар деп келген өзіме де обал жоқ-ау!

1-жаттығу. *Берілген шылауларды қатыстырып сөйлем құраңыз.*

Сайын, қатар, бен, мен, соң, өйткені, ғана, арқылы, жайында, шіркін-ай, ма, жоғары, бе, -мыс, кейін, кейде, таман, сонда да, бірге, әйтпесе, дегенмен.

2-жаттығу. *Мәтіннен шылауларды тауып, түрлеріне ажыратыңыз.*

Халықта Әукетай-Шағыл ауданындағы (Орал-Жайық өзен аралығында) «Киелі от туралы» аңыз сақталған, кейін белгілі болғандай, ол жанатын газдың шығуына арналыпты. XIX ғасырда атақты діни қызметкер және емші Мәтенқожа малдың қотыры мен адамдардың тері ауруларын Ойыл өзенінің төменгі ағымындағы құмның астынан шығатын қара маймен емдепті. Жібек жолымен Қытайдан Үндістанға жүрген сауда керуендері арбаларының дөңгелектерін жағу үшін Зайсан ойысындағы Қарамай шатқалында жиналып қалған қара майды пайдаланғаны туралы саяхатшылардың естеліктері де сақталды.

XVI ғасырдың аяғында Патшалық Ресей Қазақстанның байтақ еліне назар аударып бастады және XVII ғасырда империяның шығыс шекараларын нығайту, оңтүстік елдерге сауда жолдарын іздеу мақсатында көпестер отрядын, табиғат зерттеушілерді оқтын-оқтын жіберіп тұрды. Атырау облысының аймағындағы мұнай туралы алғашқы мәліметтер 1717 жылы I Петрдың Жарлығымен Ембі өзенінің төменгі ағыны арқылы Хиуаға әскери-топографиялық экспедицияны ұйымдастырған Бекович-Черкасскийдің жазуларында, одан кейін 1869 жылы географ Н. Северцевтің жарияланған есебінде анықталды.

3-жаттығу. *Өлең жолдарынан шылауларды тауып, астын сызыңыз.*

Кәрілік пенен мінезге
Білсеңіз, бағым болар ма?
Сүтке біткен мінезге
Сүйектен кетпей болар ма?
Өлімге де мал керек,
Өлмей тұрып тірінде
Мініп-киіп, ішіп-же.
Айдап барып малыңды
Ғазап үшін бермейсің,
Алтын-күміс абзалың
Өлгеннен соң не керек?
Өлген малың – иманың,
Тіріде қамын жиғаның,
Аманатын алғанша
Жалғанда бар ма қиғаның?

(Шортанбай Қанайұлы)

Өлеңді жаттап алыңыз.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма. *Мәтінді қазақшаға аударып, шылаулардың астын сызыңыз.*

Ұлы адамдар өмірінен.

ЛУШЧИЙ УЧИТЕЛЬ КАЗАХОВ

Алтынсарин был настоящим приверженцем просвещения. Школу он считал ключом к подлинному просвещению народа. В письме Н.Ильминскому в 1871 году он писал: «Школы – это главные пружины образования казахов. На них, в особенности на них, надежда, в них только будущее казахского народа».

Казахским детям, обучавшимся в гимназиях, реальных училищах, в университетах, Алтынсарин назначал стипендии. Деньги он собирал у своих богатых родственников, создав для этого фонд образования. Родственники ворчали на Ибрая, но, видя его фанатизм и упорство, наслушавшись его лекций о пользе просвещения для казахов, давали ему деньги, скот, табуны лошадей, твердо зная, что он употребит собранное богатство на образование их детей, не оставив себе никаких излишков – уж таков был ұстаз (учитель) Ибрай.

Считая, что учитель играет главную роль в воспитании и обучении, Ибрай Алтынсарин создал кодекс школьного учителя, описав, каким должен быть образцовый учитель. Не мешало бы нашим сегодняшним педагогам перечитывать иногда простые и ясные истины Ибрая Алтынсарина.

2-тапсырма. *Сөздердің дұрыс аудармасын табыңыз.*

«калонковое бурение»

газды бөліп таратқыш будка
ұңғылық айырымдық буй
газ ұңғыларын бұрғылау
айналдыра бұрғылау
май кедерткісі
тез жұмыс істейтін
газдан тазартатын желдеткіш

«величина нефтеотдачи»

вакуум – ұңғы
мұнай дуалы
асфальт майы
мұнайға қанығу мөлшері
мұнай беру деңгейі
шектеулі шама
сорып алатын мөлшерлегіш

«вещества растворяющее нефть»

жанармай, жанғыш зат
мұнайты еріткіш зат
ұңғылардың әрекеттестігі
шайқау, араластыру
бұрғы тұрбаларындағы тербеліс
қышқыш бұранда
тежегішті қосу

«нефтепромысловая вода»

мұнайды кірістіру
ауа ылғалдылығы
бұрғы ерітіндісінің әсері
монтаждау, құрастыру
мұнай кәсіпшілігінің суы
мұнайдың геологиялық жасы
мұнай мен газы бар ойпаң

3-тапсырма. *«Мұнайдың емдік қасиеті» тақырыбында шағын шығарма жазыңыз. Мәтінді сөз таптарына талдаңыз.*

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Мұнайдың адам ағзасына әсері жайында түсінігіңізді толық баяндаңыз.
2. Интернет жаңалықтарын пайдалана отырып, қазіргі таңдағы экологиялық жағдай, мұнайдың зиянды тұстары турасында дәптерлеріңізге жазып келіңіз.
3. Жаңа сөздерді жаттап алыңыз.
4. Алғашқы ұстаз Ыбырай Алтынсарин туралы мәліметті толықтырыңыз.
5. Шортанбай Қанайұлының өлеңін жаттап алыңыз, мәнін түсіндіріңіз.
6. Оқулық соңында шылау сөздерге берілген тест тапсырмаларын орындаңыз.
7. Абайдың бір өлеңін (өлең ішінде шылаулар болуы тиіс) қарап келіңіз.
8. Орал-Ембі мұнай тарихын өз сөзіңізбен баяндаңыз
9. Жаңа сөздермен сөздік жұмысын жүргізіңіз.
10. Үстеу қандай сөз табы, сұрақтары?
11. Үстеу сөйлемде қандай қызмет атқарады?
12. Құрамына, мағынасына, жасалу жолына қарай бөлінісін мысал арқылы түсіндіріңіз.
13. «Сенің туған жерің» тақырыбына диалог құрыңыз.

ОН ЕКІНШІ САБАҚ

МҰНАЙДЫ СУМЕН ЫҒЫСТЫРУ

Мұнайлы қабаттың қысымын теңестіру мақсатында жер астына (мұнайлы қабатқа) су айдайды. Мұны мұнайлы су деп атайды. Мұнда бірінші мұнайдың жасы анықталуы тиіс. Бұл тәсіл нәтижесінде мұнай өндіру қарқыны артады. Мұнайды сумен ығыстыру жүйесінде су келтіретін құрылыстар, тазалау қондырғылары насос станциясы, су бөлгіш және су айдамалау қондырғылары болды.

Жер астында су айдалатын қондырғылардың мұнайлы қабатқа орналасу ерекшелігіне сәйкес мұнайды сумен ығыстыру тәсілі мұнайлы қабаттан тысқары жерден ығыстыру, қабаттың ортасынан ығыстыру және алаңдық ығыстыру деп аталатын тәсілдерге ажыратылады. Мұндай жұмысқа көбінесе сүңгуірлер жұмылдырылады. Алғашқы тәсілінде су қондырғы арқылы мұнайлы қабаттың мұнайдан тысқары бөлігіне, яғни сулы бөлігіне айдалады. Мұнай басқа қондырғылар арқылы жоғары көтеріледі. Екінші тәсілде су мұнайлы қабаттағы мұнайға тікелей айдалады. Осының нәтижесінде мұнай қабаты бірнешеге бөлінеді. Олардан мұнай жеке-жеке өндіріледі. Алаңдық ығыстыру тәсілінде жер астына су айдайтын және мұнай шығаратын қондырғылар белгілі бір тәртіппен бірінен соң бірі орналастырылады. Аталған тәсілдерді аралас пайдалануға да болады. Кейін сұрыптау жұмыстары жүреді.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді дауыстап оқыңыз.
2. Жаңа сөздерді дәптерге жазыңыз.
3. Мұнайды сумен ығыстыру үдерісі жайында жолдасыңызбен сұхбат жүргізіңіз.
4. Мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

Сөздік

мұнайлы су – нефтесодержащая вода

сүңгуір – водоплаз

мұнайдың геологиялық жасы – возраст нефти, геохимический

қоймалжың толқын – волна сгущения

бұрғы ерітіндісімен әсерлесуге бейімділігі – восприимчивость к буровому раствору

ұрғыны қалпына келтіру – восстановление скважины

мұнай мен газы бар ойпаң айналдырғыш – нефтегазоносная впадина вращатель

ұңғының тоқтау уақыты – время остановки скважины

сіңіру – всасывание

қайнау – вскипать

сұрыптау – выбраковка

лақтыру, шығарып тастау – выбрасывать

газдың атуы, газ атындысы – выброс газа

бөліну, шығу – выделение

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

Одағай. - Междометие.

Адамның түрлі көңіл-күйін, сезімін білдіретін, не жануарларға қаратып айтылатын сөз табын одағай деп атайды. Одағайлар жеке тұрғанда лексикалық мағынасы болмайды. Одағай сөздер шаттану, қуану, ренжу, ұнату, таңырқау, шошыну сияқты көңіл-күйді білдіреді, бірақ олардың атауы болып саналмайды.

Қазақ тілінде одағайлардың мағынасына қарай 3 түрі бар:

1. Көңіл-күй одағайлары: бәрекелді, алақай, пай-пай, ойбай, уһ, ту, ойпырай т.б.
2. Шақыру одағайлары: шөре-шөре, қош-қош, құрау-құрау, кә-кә, әй т.б.
3. Жекіру, тыйым салу одағайлары: тәйт, жә, тек т.б.

Междометие - это часть речи, не относящаяся ни к знаменательным, ни к служебным словам, это особый разряд неизменяемых слов, лишенных лексического значения и несущих, в основном, эмоционально-экспрессивную нагрузку, способных также выполнять функции различных императивов (волевых побуждений).

В казахском языке по значению междометия делятся на 3 группы:

1. Көңіл-күй одағайлары (эмоциональные междометия):

– выражающие удовлетворение, радость, восторг, восхищение, одобрение. Например: бәрекелді, шіркін, паһ-паһ, пай-пай, алақай, пәле, ай-хай и др.

– выражающие горе, боль, печаль, страх, ужас, досаду, сожаление.

Например: ойбай, құдай-ай, әттең-ай, оһ, уһ, қап, әттеген-ай и др.

– выражающие презрение, негодование.

Например: масқара, ища, ой, ай, пішту, сұмдық, мәссаған, тіпа-тіпа, қасқа, ойдойт, түүһ и др.

– выражающие удивление, сомнение, иронию, недоверие.

Например: аһа, оһо, бәсе, пәлі, япырай, ойпырмай и др.

2. Шақыру одағайлары (призывающие междометия): шөре-шөре (козу), қош-қош (верблюда), құрау-құрау (лошадь), кә-кә (собаку), әй (эй!), әукім-әукім (корову) и др.

3. Жекіру, тыйым салу одағайлары (императивные и запрещающие междометия): тәйт, жә, тек и др.

1-жаттығу. *Көңіл-күй одағайларын қатыстырып сөйлем құраңыз.*

Уһ, мәссаған, қап, алақай, ойпырым-ай, әттеген-ай, о тоба, беу, бәрекелді, оһо, пай-пай, әттең-ай, аһ, паһ, уа, тәйт, тек, жә, ойбай, шіркін-ай.

2-жаттығу. *Берілген өлең жолдарынан одағайларды тауып, мағынасын түсіндіріңіз.*

Пай, пай! Пай!
Сағындым-ау, сағындым-ау!
Талықсып, тар төсекке таңылдым-ау!
Қапыда қалтылдаған жаным мынау,
Жаратқан, нағылдым-ау, нағылдым-ау?...

Бүгін менің туған күнім.
Ой, бәле-ай!
Мына адамдар неге жатыр тойламай?..
Банкет жасап берер едім өзім-ақ,
Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай.

(*Мұқағали Мақатаев*)

3-жаттығу. *Одағайларды тауып, түрлеріне ажыратыңыз.*

Үлгі: түү – көңіл-күйді білдіретін одағай.

– Түү, есім жаңа кірді ғой! – Ой, обал-ай! Баласын да тоса алмады. – Уһ, кішкене бел жазайыншы. – Япыр-ай, мына дүлей тіршілік те көк мұздай тас бауыр екен-ау! – Е, бәрекелді, үйірімен үш тоғыз!

– Оһо! – деді князь болмашы тағзым жасап, О, ғажап! Жат адам қатарласа шауып, қолын шылбырға соза берген. Япыр-ай, сонау Сүйіндіктен осы араға келіп жүргенін қарашы. Әттеген-ай, сұмдық болды ғой.

– Ой, пәле-ай, азамат екен өзі. Тұрқынан-ақ қандай адам екені көрініп-ақ тұр емес пе?! – деп бір тастады.

І.Есенберлин.

Өздік жұмыс тарсырмалары

1-тапсырма. *Көркем әдебиеттен одағай түрлеріне бес-бестен сөйлем жазып, мағынасын түсіндіріңіз.*

2-тапсырма. *«Қазақстан – тәуелсіз мемлекет» тақырыбына одағайларды қатыстырып шағын мәтін жазыңыз.*

3-тапсырма. *Көп нүктенің орнына одағайларды қойып, көшіріңіз.*

..., қандай тамаша табиғат! ..., шаршағанымды енді сездім ғой. ..., мынау келген Әбдірахман ғой. ..., қандай рең, қандай көрік, табиғат-ана да бір адамның басына берудей-ақ берген екен. ..., шыбықтар көктейін депті-ау! ..., мынау ұстаң әнші ғой өзі! ..., ғажап, Оқжетпестің басында адам тұр. ..., өлеңі не деген жақсы, ақын екен ғой өзі!

Пай-пай, апыр-ау, бәрекелді, шіркін, түү, ой, уһ, ойбай-ау.

Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасы құрылымындағы мұнайгаз секторы

Еліміздің мұнайгаз кешенінің меншікті ішкі құрылымы бар, оның құрамында мынадай құрылымдық элементтерді бөліп көрсетуге болады:

- өндіру;
- тасымалдау;
- мұнай мен газды өңдеу.

Өндіретін және тасымалдайтын кәсіпорындар үшін қажетті мұнайгаз жабдығын, сондай-ақ сауданың көтерме-сауда желісін (автомобильге май құю станцияларын және басқа) өндіретін кәсіпорындарды да осында (яғни мұнайгаз кешенінің құрамына) жатқызған дұрыс.

Дәл қазір мұнай өндіру саласы Қазақстан ұлттық экономикасының құрылымында жетекші орын алып отыр.

Салық түсімдері есебінен ол бюджеттік кіріс бөлігіне едәуір үлес қосуда, сондықтан да экономика басқа да (экспортталмаған) салаларын және әлеуметтік саланы қаржылай қолдауға, сондай-ақ тұрғындардың өмір сапасы стандарттарын орнатуға мүмкіндік береді.

Мәтінмен жұмыс

1. Экономика құрылымындағы мұнайгаз секторы турасында не білесіз?
2. Жаңа сөздерді теріп жазып, жаттап алыңыз.
3. Қазіргі экономикадағы мұнай өндірісінің маңызы жайында (интернет хабарлары) баяндаңыз.

Сөздік

ұңғыдағы жоғары қысым жағдайына арналған қоспа – добавка для условий высоких давлений в скважине

бұрғылау ерітіндісін майлайтын қоспа – добавка к буровым растворам, смазывающая

газ шығымы – дебит газа

мұнай шығымы – дебит нефти

мұнай өндірісіндегі шығым өлшегіш – нефтепромысловый дебитомер

мұнай өнімдерінен сутегін шығару – дегидрогенизация нефтепродуктов

уату әрекеті – дробящее действие

майлау, май жағу – смазывающее действие

тау-кен ісі – горное дело

ұңғылық индукциялық дефектоскоп – скважинный, индукционный дефектоскоп

күй, қалып диаграммасы – диаграмма состояния

бұрғылау диаметрі – диаметр забуривания

мұнайды газбен шығару – вынос нефти и газом

ұңғының жатықталуы – выполаживание скважины

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

Еліктеу сөздер. - Подражательные слова.

Тілімізде өзге сөз таптарына мағыналық жағынан да, морфологиялық белгілері жағынан да ұқсамайтын сөздер тобы бар. Олар табиғаттағы әр алуан құбылыстардың дыбыстарына еліктеумен немесе олардың бейнесін елестетумен байланысты туған сөздер.

Еліктеу сөздер екі топқа бөлінеді:

- 1) дыбыстық еліктеуіш сөздер;
- 2) бейнелеуіш еліктеу сөздер.

Дыбыстық еліктеуіш сөздер - айналадағы табиғат құбылыстарының алуан түрлі дыбыстарына еліктеуден пайда болған сөздер. Мысалы: Тарс-түрс аяқ дыбыстары естілді. Сәби пыс-пыс етіп ұйқыға кетті. Есік шик-шиқ етіп сықырлады.

Бейнелеуіш еліктеу сөздерге табиғаттағы сан алуан құбылыстардың бейнесін елестетуден пайда болған сөздер жатады. Мысалы: Көктемде аспанда жалт-жұлт етіп найзағай ойнайды. Шай ішіп еді, пора-пора боп терледі. Арықтықтан қабырғалары арса-арса болған.

Еліктеуіш сөздер дара күйінде де, қос сөз түрінде де қолданылады. Бастапқы сөз, түбір көбінесе «ету» көмекші етістігімен тіркесіп, сөйлемде күрделі баяндауыш болады.

Подражательные слова в казахском языке по значению и морфологическим особенностям составляют особый лексико-грамматический разряд слов. Они образуются в результате звуковых и образных подражаний различным явлениям природы.

В зависимости от особенностей значения различают 2 группы подражательных слов:

- 1) дыбыстық еліктеуіш сөздер (собственно подражательные слова);
- 2) бейнелеуіш еліктеу сөздер (звукоизобразительные слова).

Собственно подражательные слова появились в языке в результате подражания звукам живой и неживой природы. Например: Тарс-түрс аяқ дыбыстары естілді. (Послышались чьи-то шаги: тарс-түрс — звуковое подражание топоту ног). Сәби пыс-пыс етіп ұйқыға кетті. (Младенец заснул, посапывая: пыс-пыс - звуковое изображение посапывания). Есік шик-шиқ етіп сықырлады. (Дверь скрипела: шик-шиқ - звуковое изображение скрипа дверей).

Звукоизобразительные слова возникли в результате образного отражения звуками языка явлений и действий живой и неживой природы. Например: Көктемде аспанда жалт-жұлт етіп найзағай ойнайды. (Весной в небе сверкает молния: жалт-жұлт – образное изображение блеска молнии). Шай ішіп еді, пора-пора боп терледі. Арықтықтан қабырғалары арса-арса болған.

В зависимости от особенностей морфемной структуры различают простые (дара) и сложные (күрделі) подражательные слова. Подражательные слова, как правило, употребляются вместе с глаголом, образуя с ним особо выразительную группу, объединенную общей синтаксической функцией, и являясь одним членом предложения.

1-жаттығу. *Төмендегі еліктеу сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құраңыз.*

Жылт-жылт, тарс-тұрс, сарт-сұрт, жарқ, қорбаң-қорбаң, пыс-пыс, қаңқ, шик-шик, сықыр-сықыр, жалп-жалп, мырс, жарқ-жұрқ.

2-жаттығу. *Берілген сөйлемдерден еліктеу сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңіз.*

Орман шетіндегі қалың бұтаның түбінен көрінген аю бізге қарай қорбаң-қорбаң етіп келе жатты. Бекзат келген кезде сәби пыс-пыс етіп ұйықтап жатқан еді. Теңіз жағасындағы шағалалар әлсін-әлсін шаңқ-шаңқ етеді. Сағат сырт-сырт соғады. Командир жауынгердің жауабын естігенде мырс етті. Жұлдыздар әр жерден жылт-жылт етіп бізге ұрлана қарағандай.

3-жаттығу. *Мәтінді оқып шығып, 1-ші абзацты сөз таптарына талдаңыз. Мұнай тарихы жайындағы әңгімені өз сөзіңізбен баяндаңыз.*

Бешім қарт қара алтынды қалай тапқан?

Қосшағыл кен орны ашылуының тарихына шолу жасасақ, ел аузындағы аңызға бергісіз әңгіме желісі былайша өріледі: Бешім Қызылбасов деген қарт 1926 жылдың жаз айында көрші ауылдан келе жатып, шағылдар арасындағы қара қоңырланған жерді байқайды. Атынан түсіп, зер сала қарағанда қою қара майдың жиналып қалғанын байқаса керек. Осы өңірдегі шаруа адамының білімі болмаса да елдегі болып жатқан оқиғаларға құлағын түріп жүретін, былайша айтқанда, мұнай туралы, оны игеруге талпыныс жөнінде желдей ескен жағымды жаңалықтардан үнемі хабардар, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың қатарындағы Бешім қарт жер бетіне шыққан майды торсығына құйып, топырағын дорбасына салып алады. Қозыкөш жерден үйіне келген соң торсығындағы майды отқа жағып көреді. Пышырлап алаулай жанған майды мұнай деп топшылаған Бешім қарт оны шалғай болса да Доссордағы мұнай кәсіпшілігіне жеткізу үшін атына мініп, желе жорта жөнеледі.

1911 жылдан бері Доссордың жоғары сапалы қара алтын селін тасытып жатқан мұнай кәсіпшілігіндегілер торсығына мұнай, дорбасына майлы топырақ салып әкелген ауыл ақсақалын жылыұшырай қарсы алады. Өйткені, ел ішіндегі мұндай жершіл көнекөз қариялардың жаңа кен орындарының ашылуына септігі тиетіні даусыз еді. Бешім қарт әкелген майлы топырақтан көз алмай, өз байламын қапелімде айтуға асықпаған кәсіпшілік басшылары зерттеу жұмысын сол кездегі жас геолог, кейіннен осы саланың білгір ғалымы атанған профессор Петр Авровка тапсырады. Меркі өңірінде кіндік қаны тамып, қазақтармен етене болып ержеткен П. Авров геологтарын ертіп, Бешім қарт көрсеткен шағылдар арасына әлденеше рет келеді. Әр келген сайын Бешім қартты қасынан тастамай, жолбасшы етіп жұмысқа алады. Осы қарияның көмегімен Жылыой өңіріндегі кен орындарының картасын жасаған дейтін дерек те шындыққа жанасатындай. Торсығына май құйып алған Бешім қарт та, оның айтқанына иланып қана қоймай, шағылдар арасына ілесіп келген П. Авров басқарған өзге геологтар да зерттеу, бұрғылау жұмыстарына үлкен үмітпен кіріскен еді. Сол үміт 6 жылдан

кейін ақталып, 1932 жылғы 28 қарашада №6 ұңғымадан 450 метр тереңдіктен алғашқы мұнай бұрқағы атқылады. Алғашқы ұңғыманың тәулігіне 250 тонна мұнай бергені мұнай іздеушілерге жол көрсеткен Бешім қартты да, геологтарды да, бәрінен бұрын сол өңірдегі дүйім жұртты алабөтен қуанышқа кенелтті. Геологтар жаңа кен орнын таптық, ауыл адамдары мұнайдың қадірін көреміз деп қуанған еді. Жергілікті халықтың үлкенді сыйлайтын дағдысын жақсы білетін П. Авров өзіне жолбасшы болған қариядан мұнай шыққан жерге ат қоюын өтінеді. Дала академигі атанған Бешім қарт шағылдар арасындағы мұнайлы жерге «Қосшағыл» деген атаудың жөн екенін алға тартқанда, геологтар да осы уәжге тоқтам жасапты. Осыдан кейін Бешім қарт пен геолог Петр Авров Қосшағылға таяу 13 шақырым жерге көшіп келіп, татулығы жарасқан көрші, жақсы жолдас болыпты.

«Қазақстан мұнайы» кітабынан

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма. Ұлы адамдар өмірінен.

ТРИ ИСТИНЫ (отрывок)

Истину человек видит и воспринимает не просто глазами, а глазами разума... После смерти есть еще и другая жизнь. Для этого и другого мира необходимое – совесть. То, что мы называем совестью – это скромность, справедливость, доброта (по-мусульманский – уждан, по-русски – совесть).

Что такое душа? Душу я понимаю так. Если сущность души исследовать так же, как мы исследуем глубинную суть тела, выяснится, что душа, как и тело, существует изначально... Я говорю есть и душа, есть и злой дух, есть и своя энергия у человеческой души. Подтверждения таковы:

1. Явление души, ее голос, ее достоверные свидетельства о своем владетеле.

2. Человек, который, не подозревая того, сам, оказывается от природы наделенным умением к знахарству, фахризму, а то и какими-то сверхсилами.

3. Различие источников энергии в таких трех явлениях, как лунатизм, магнетизм, вещие сны; думаю, искать для них единый источник движущей силы – это ошибочно.

Удивляюсь тем, кто говорит, что нет души и нет жизни после смерти... И ничто не ущемит и не обеднит человеческую душу, если ее, как в этой, так и в последующей жизни, питает и одухотворяет уждан – совесть. Совственно, это и есть та самая крепкая опора для духовного возвышения и это как раз то, что называю тремя истинами.

(Ш.Кудайбердиұлы)

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз
2. Түсінгеніңізді баяндаңыз.
3. 1,3 абақты сөз таптарына талдаңыз.

4. Ұлттық энциклопедия, қосымша кітаптардан Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы жайында жазып келіңіз.

2-тапсырма. *Көркем әдебиеттен еліктеу сөздері бар бірнеше сөйлем жазып келіңіз.*

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Мұнайдың қасиеті жайында дәптерлеріңізге жазып келіңіз.
2. Жаңа сөздерді жаттап, мағынасын түсініңіз.
3. Одағай қандай сөз табы?
4. Одағайдың түрлерін мысалдар арқылы түсіндіріңіз.
5. Көркем әдебиеттен одағай түрлеріне сөйлемдер жазып келіңіз.
6. Жолдасыңызбен еркін тақырыпта сұхбат құрыңыз (құрамында одағай болуын ескеріңіз).
7. Мұнайдың экономикадағы орны туралы баяндаңыз.
8. Еліктеу сөздер дегенім не?
9. Еліктеу сөздердің түрлері, мысалдар арқылы дәлелдеңіз.
10. Бейнелеуіш сөздерді көркем әдебиеттен теріп жазып келіңіз.
11. Ш.Құдайбердіұлы кім, шығармашылығы жайында баяндаңыз.
12. Шәкәрімнің «Үш анық» шығармасынан өз түсініктеріңізді дәптерге жазып келіңіз.

ОН ҮШІНШІ САБАҚ

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНЕН МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында республикадағы мұнай мен газдың дайындалған қорлар көлемін ұлғайта алатын ірі кен орындарын ашуды Каспий теңізінің су айдынын игеру есебінен ғана жүзеге асыру мүмкін екені анық болды. Кеңес кезеңінде теңіздің осы аумағында екі рет геофизикалық зерттеулер жүргізілді. Теңіз су деңгейінің төмендеуіне байланысты оның беті қысқарғанда, теңіз суынан босатылған кеңістікте де іздеу және егжей-тегжей геофизикалық жұмыстар орындалды. Теңіздің суы таяз аумағының едәуір бөлігінде жерүсті геофизикалық зерттеулер жүргізілді. Осы зерттеулердің қорытындыларын кешенді интерпретациялау арқылы қазіргі Қашаған, Центральная, Құрманғазы, Оңтүстік Жамбай құрылымдар тобының контурларына сәйкес келетін ірі құрылымдар белгіленді. Олар ХХ ғасырдың 80-ші жылдарының аяғында «Қазгеофизика» бірлестігінде салынған жүйе бойынша Каспий маңы ойпаңының жиынтық құрылымдық картасында бірінші рет көрсетілді. 1993 жылы осы карталар француз компаниясымен бірлесіп, жете әзірленді және Атлас түрінде шығарылды. Атласқа түсіндірме жазбада аталған құрылымдардың үлкен перспективалары болжанды. Карталардың атласын сол кездегі ҚР Геология министрлігі мақұлдады, кейін ол таратылып, шетелдік мұнай компанияларына, оның ішінде Қазақстанда жұмыс істеуге ниет білдірген «Қазақстанкаспийшельф» ААҚ-қа да берілді. 1988-1989 жылдары осы материалдар КСРО-ның Мемлекеттік жоспарында қаралды және бүкіл аудан КСРО-ның стратегиялық резервтерінің аймағына жатқызылды. 1992 жылдың

желтоқсанында Қазақстан Каспийде мұнай іздеу жұмыстарын бастау ниеті туралы бүкіл әлемге жариялады. Осы жылдың екінші жартысында қазақстандық мамандар тобы «Каспий теңізінің қазақстандық бөлігін игерудің мемлекеттік бағдарламасын» әзірледі. Каспийдің су айдынындағы мұнай-газ кен орындарын геологиялық-геофизикалық зерттеу және игеру жөніндегі бағдарламаны іске асыру үшін ҚР Үкіметінің 1993 жылғы 13 ақпандағы №97 қаулысымен «Қазақстанкаспийшельф» мемлекеттік компаниясы құрылды.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді түсініп оқыңыз.
2. Жаңа сөздерді дәптерге жазыңыз.
3. Мәтінді ауызша баяндаңыз.
4. Теңіз түбінен мұнай алу жайында жолдасыңызбен сұхбат құрыңыз.

Сөздік

газ ұңғыларын бұрғылау – бурение газовых скважин
май жылтыры – жирный блеск
апаттық бұрандама – аварийный болт
мұнай өнімдерін өртеуге арналған бомба – бомба для сжигания нефтепродуктов
ұңғылардағы сулармен күрес – борьба с водопритоками в скважине
мұнай өнімдеріне арналған бөшке – бочка для нефтепродуктов
ақау – брак
ашу, көпіру – бродить
газды бөліп таратқыш будка – газораспределительная будка
ұңғылық айырымдық буй – буй скважиний, опознавательный
айналдыра бұрғылау – калонковое бурение
май кедерткісі – масляный буфер
тез жұмыс істейтін бұрғылау – быстродействующий бурить
вакуум-ұңғы – вакуум скважина

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

СИНТАКСИС

Сөздердің байланысу түрлері

Грамматиканың морфология секілді өзекті бір саласы - синтаксис. Грамматиканың синтаксис саласының қарастыратын негізгі мәселелері: сөз тіркесі мен сөйлем, олардың құрылымы мен түрлері, сөз тіркесі мен сөйлемдегі сөздерінің байланысу тәсілдері мен формалары болып саналады.

Одним из разделов грамматики, таким же как и морфология, является синтаксис. Синтаксис - раздел языкознания, изучающий словосочетание и предложение, их состав и виды, способы и формы связи слов в словосочетании и предложении.

Словосочетание - это синтаксическая единица, состоящая из двух и более слов, соединенных по смыслу и грамматически. Словосочетание состоит из главного (басыңқы сыңар) и зависимого (бағыныңқы сыңар) слова.

Қазақ тілінде өзара байланысқан сөздер мағынасы мен байланысу тәсілдеріне қарай: қиысу, меңгеру, матасу, қабысу, жанасу болып бес түрге бөлінеді. Например: біздің еліміз (наш народ), темір жол (железная дорога), тез қайтты (быстро вернулся), тамақ пісірді (приготовил еду), үлкен үй (большой дом).

Слова в словосочетании связываются между собой синтаксической связью. В казахском языке имеется 5 видов синтаксической связи слов: қиысу (согласование), меңгеру (управление), матасу (соподчинение), қабысу (примыкание), жанасу (сопричастность).

1. Қиысу (согласование).

Сөздердің өзара жіктік жалғауы не жақтық, көптік жалғауы арқылы байланысуы қиысу деп аталады. Қазақ тілінде есім сөздер мен етістік сөздер де, етістік сөздер мен есім сөздер де қиыса береді.

Согласование - вид синтаксической связи, при котором согласуются подлежащее и сказуемое в лице и числе независимо от того, какой частью речи они выражены. Показателем согласования являются личные окончания у сказуемого. Например: Мен студент+мін (я студент), сен тыңдаушы+сың (ты слушатель), біз оқи+мыз (мы учимся).

2. Меңгеру (управление).

Бағыныңқы сөздің басыңқы сөзбен атау, ілік септіктерінен басқа септік жалғауларының бірінде тұрып байланысуы меңгеру деп аталады. Меңгеріле байланысқан екі сөздің меңгеруші сыңар көбінесе етістік болады.

Управление - вид синтаксической связи, при котором зависимое слово стоит в одном из пяти падежей, кроме именительного и родительного падежей. Показателем управления являются падежные окончания. Подчиняющийся компонент может содержать помимо падежных форм служебные слова. Например: Жұмыс+та болу (быть на работе), орындау+ға міндетті (обязателен для исполнения), мектеп+тен келді (пришел со школы), кеш+ке дейін жүру (ходить до вечера) и т.д.

3. Матасу (соподчинение).

Ілік септігіндегі сөздің тәуелдік жалғауындағы сөзбен өзара байланысуы матасу деп аталады. Матаса байланысқан сөздердің бірінші сыңары ілік септігінде жеке сөзден де, бірнеше сөзден де бола береді. Осыған қарай матасу жай матасу және күрделі матасу деп бөлінеді. Бірінші сыңары ілік септігінде тұрған сөзбен байланысу жай матасу деп аталады. Мысалы: Қазақстан+ның елші+сі, ағам+ның пальто+сы. Бірінші сыңары екі немесе бірнеше сөздердің өзара сатылап бір-бірімен іліктесе байланысуы күрделі матасу деп аталады. Мысалы: менің (І.с.) жолдасым+ның дәптер+і. Кейде ІІІ жақ тәуелдік жалғаулы сөзбен байланысқан сөздің ілік септік жалғауы айтылмайды. Мысалы: ел байлығы. Тек *біз*, *сіз* деген есімдік ілік жалғауда жұмсалғанда, онымен байланысқан сөздердің тәуелдік жалғауы түсіп қалады. Мысалы: біздің ауыл, сіздің ел.

Соподчинение - вид синтаксической связи между первым словом в родительном падеже и вторым словом - существительным с притяжательным окончанием. Если первый компонент соподчинения состоит из одного слова, то это простое соподчинение. Например: Қазақстан+ның елші+сі (посол Казахстана), ағам+ның пальто+сы (пальто брата). Если же первый компонент соподчинения состоит из двух слов, то это сложное соподчинение. Например: менің (І.с.) жолдасым+ның дәптер+і (тетрадь моего друга). Если второй компонент соподчинения имеет притяжательное окончание III лица, то у первого слова может опускаться окончание родительного падежа. Например: ел байлығы (богатство народа). Если первым компонентом соподчинения являются слова *біз, сіз* в родительном падеже, то у второго слова может опускаться притяжательное окончание. Например: біздің ауыл (наш аул), сіздің ел (ваш народ).

4. Қабысу (примыкание).

Бағыныңқы сөздің басыңқы сөзбен атау тұлғада тұрып байланысуы қабысу деп аталады. Қабыса байланысқан сөздердің басыңқы сыңары көбінесе есім сөздерден, кейде етістіктерден де бола береді. Қабыса байланысқан сөздердің көпшілігі сөйлемде тұрақты орынға ие болады да, ол орыннан жылжытуға көне бермейді. Қабысудың жай және күрделі түрі бар. Дара ұғымды сөздің қабыса байланысуы жай қабысу болады. Мысалы: екі ешкі, мөлдір су, жалт қарау. Қабыса байланысқан сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары бірнеше сөзден құрылуы мүмкін. Мұны күрделі қабысу дейді. Мысалы: төрт бөлмелі пәтер.

Примыкание - вид синтаксической связи, где главным компонентом может быть:

- существительное, к которому примыкают существительные, прилагательные, числительные, причастия, местоимения и другие части речи.
- глагол, к которому примыкают наречие, подражательные слова, деепричастия, числительные, причастия и другие части речи.

Между примыкающим и главным словом не может быть других дополнительных слов. Примыкание осуществляется с помощью строгого порядка слов в предложении. Примыкание может быть простым, если зависимый компонент состоит из одного слова. Например: екі ешкі (две козы), мөлдір су (прозрачная вода), жалт қарау (неожиданно посмотреть). И может быть сложным, если зависимый компонент состоит из нескольких слов. Например: төрт бөлмелі пәтер (четырёхкомнатная квартира).

5. Жанасу (сопричастность).

Орны жағынан басыңқы сөзбен қатар тұратын атау тұлғадағы бағыныңқы сөздің алшақ тұрып-ақ еркін байланысуын жанасу дейміз. Мысалы: Малшылар жайлаудан кеше келді. Бұл сөйлемде «кеше келді» деген жанаса байланысқан сөздер бар. «Кеше» деген сөзді өз орнынан алып, сөйлемде әр орынға қоюға болады. Мысалы:

- 1) Кеше малшылар жайлаудан келді.
- 2) Малшылар кеше жайлаудан келді.
- 3) Малшылар жайлаудан кеше келді.

Сопричастность - вид синтаксической связи, при котором сопричастными могут быть обстоятельство и сказуемое. Сопричастность не имеет специальных показателей. Зависимое слово можно переставить на другое место в предложении. Например, в предложении «Малшылар жайлаудан кеше келді» («Животноводы вернулись с пастбищ вчера») мы видим словосочетание «кеше келді» («вернулись вчера»), в котором тип связи слов - сопричастность. Так, слово «кеше» («вчера») можно переставить на любое место в предложении. Например:

- 1) Кеше малшылар жайлаудан келді. - Вчера животноводы вернулись с пастбища.
- 2) Малшылар кеше жайлаудан келді. - Животноводы вчера вернулись с пастбища.
- 3) Малшылар жайлаудан кеше келді. - Животноводы вернулись с пастбища вчера.

1-жаттығу. *Мәтіннен қиыса байланысқан сөздерді өз алдына топтастырып, қай жақта, қай түрде (жекеше, көпше) қиысып тұрғанын тұс-тұсына жазып көрсетіңіз.*

Мен жақында мұнайшылар аулына келген едім. Сен әлі баласың. Оқу керек. Сіз, шынымен, күні бүгінге дейін атақты мұнайшы Серғазы ағаны білмейсіз бе? Ол кісі – бізге «Мұнай мен газ ісінің теориясы» пәнінен сабақ беретін оқытушымыз. Ағай өте қарапайым болатын. Әр сабағы тиянақты өтетін. Ағай көбіне өзінің туып-өскен жерін сағынатын, көп айтатын. Мұнайлы өлкенің әр тасын жатқа соғатын еді. Туған жер туралы әңгіме қозғала қалса, ағайымыз мұндана қалып: «Бұл – менің туып-өскен жерім» деп тебіреніп отыратын. (Ә.Кекілбаев)

2-жаттығу. *Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауларын қойып, байланысқан сөздерді бөлек жазыңыз.*

Біз осында оқи... . Мен сендерге келген мұғалім... . Керей сәл ойланып қал... Сіз өмір университетінен өткен адам... . Сіз маған үлкен ой салды... . Сен қатеңді кеш те болса мойындады... . Ол мұғалімдер бөлмесіне бет ал... . Мен көп оқырмандармен әңгімелесіп отыр... . (С.Бегалин.)

3-жаттығу. *Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын қойып, меңгеріле байланысқан сөздерді көшіріп жазыңыз.*

Түн думан... өтті. Ақжарқын шешей дастарханы... кең жайып, асы... төкті. Алтайдың қызыл алмалары да үстел... орын алған. Алтайжан майдан... аман-есен қайтты. Енді ақ бүйрек қызыл алма барлығымыздың бағымыз... орын алар. Рақымжан қарт Алтай... қарады. Өзінің көз алды... өскен балалардың халық кәдесі... жарағаны... қуанды. Рақанның әжімденген жүзі... ерекше бір сыр көрінгендей болды. (О.Бөкей.)

4-жаттығу. *Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді өздеріңіз тауып, қабыса байланысын құрастырыңыз.*

Айдын шалқар ..., асқар ..., ну ..., көркейген ..., жиналған ..., қоралы ..., үйірлі ..., үлгілі ..., екі тонна ..., балалық ..., кең пейілді ..., күміс ..., көкөрай ...

5-жаттығу. *Бірінші топтағы сөздерді екінші топтағы сөздермен тіркесімділік ыңғайына қарай қабыса байланыстырыңыз. Байланысқан сөздердің қай сөз табынан болғанына талдау жасаңыз.*

1. Жаңа, көк, кең, екі, гүлденген, жақсы, қатты, бірнеше, бұл, тас, әсем, қалың, самал, сыңғырлаған, ойнақтаған, темір, баяу.

2. Өмір, дала, ауыл, шөп, құлын, оқиды, адам, бала, шаршау, үй, ән, дауыс, бота, орман, қозғалу, жол, жел.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма. *Төмендегі мәтінді оқып шығып, мазмұнын ауызша айтып беріңіз. Қабыса байланысқан сөздерді анықтап, дәптерге жазыңыз.*

МҰНАЙ МЕН ГАЗДЫ БӨЛУ ҮДЕРІСТЕРІ

Мұнай мен газдың аралас қоспасы кеніштегі қайта өңдеу кешендерінің біріне түсіп, газ бен мұнай ағымдарына бөліну үдерістерінен өтеді. Мұнай мен газды бөлу қос сұйықты салқындату тәсілі арқылы жүзеге асырылады.

Кейбір ұңғымалардың өнімі сондай-ақ сынақ сепараторына жіберіледі. Осындай үнемі бақылау мұнай-газ ұңғымаларының өндірістік көрсеткіштерін өлшеу үшін және жұмыс қысымын анықтау үшін қажет. Осындай өлшемдер инженерлерге кеніштегі өндіру көлемін жақсартуға мүмкіндік береді.

Барлық қайта өңдеу кешендеріне өндірістік процесстерді басқаратын қазіргі заманғы жүйе орнатылған, ол операторларға жұмыс қондырғыларын қадағалауға, басқа кешендермен ақпарат алмасып отыруға, газдың таза ауаға кетуін және өрт бола қалған жағдайда бірден анықтау жұмысына кіретін барлық үдерістерді басқаруға мүмкіндік береді. Онда қандай да болмасын тиімді іс-қимыл жасай алатын, апаттарды жоя алатын қызметкерлер және өрт станциялары бар.

Мұнайдың қалған бөлігі газ қалдықтарынан түбегейлі тазартылу үшін, сондай-ақ мұнайды халықаралық экспортқа шығару параметрлері деңгейіне жеткізу үшін қайта өңделеді. Бұдан кейін алынған мұнай тұрба құбырына айдалып, Каспий тұрбақұбыры жүйесімен қосылатын Атырау қаласына жөнелтіледі. Сөйтіп, Қарашығанақ мұнайы Ресейдегі Новороссийск портына шығуына мүмкіндік алады. Ақсай мен Новороссийск арасында мұнай ағымының қозғалысын сақтап тұратын бірнеше насос стансалары бар. Барлық тұрба құбырлары ағып кету ақауларын анықтайтын қазіргі заманғы жүйелерімен жабдықталған, сол арқылы операторлар дәлме-дәл қай жерде мұнайдың ағып кеткенін сол бойда біле алады. Кейін мұнай үлкен танкерлерге тиеледі, ол содан кейін Европадағы немесе басқа жерлердегі мұнайды қайта

өңдеу зауыттарына жөнелтіледі. Бұл зауыттарда мұнайдан химиялық заттар, жанармайлар алынады.

2-тапсырма. *Көркем әдебиеттен сөздердің байланысу түрлерінің әрқайсысына бес-бестен тіркес жазып келіңіз.*

3-тапсырма. *Берілген сөздерді жақ жағынан, жекеше, көпше түрде матасу түрінде байланыстырыңыз.*

Еңбек, арман, ерлік, мамандық, қала, көше.

4-тапсырма. *Мәтінмен жұмыс.*

ҚАЗАҚТАР ТУРАЛЫ

Қазақ балалары кең байтақ дала төсінде өседі. Атқа мінуге жас күнінен үйренеді. Емшектегі бала көш кезінде түйе үстінде тербелсе, аяғымен нық тұруға жараған соң-ақ атқа мінеді. Қазақтарда жас бала құламайтындай етіп жасалған ер тоқым болады. Олар өмірінің көбін ат үстінде өткізеді.

Қыз-жігіттерінің ойын-сауықтарда емін-еркін араласуы жөнінен қазақтар басқа мұсылман халықтарынан өзгеше: әйелдері жүздерін жасырмайды, татар әйелдері сияқты ерлерден таса өмір сүрмейді. Біздің бұрын байқағанымыздай, қазақ әйелдері еркектермен бірге атқа шауып, ән салып, көңіл көтеріп жүре береді.

Қазақтар балаларын үлкенді сыйлауға кішкентайынан үйретеді. Қарттарының үлкен құрметке ие болатыны сонша – үй ішінде бір мәселе төңірегінде кеңес өтсе, бәрі де қарттарының сөзіне тоқтауға мәжбүр. Қазақтарда имандылық та мықты сақталған.

(Э.С.Вульфсон)

Тапсырма:

1. Мәтінді дауыстап оқы, Э.С.Вульфсон мақаласындағы негізгі ойды анықта.
2. Мәтін негізінде жолдасыңызбен сұхбат құрып, қазақтардың өмірі жайында пікірлесіңіз.
3. «Мен білетін қазақ халқы» тақырыбында шағын шығарма жазыңыз.
4. Мәтіндегі сөздердің байланысу түрлерін анықтаңыз.
5. Жаңа сөздерді дәптерге жазыңыз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Теңіз түбінен мұнайды өндіру үдерісі жайында баяндаңыз.
2. Сөздердің байланысу түрлері қандай лексика-грамматикалық белгілерге негізделеді?
3. Сөздердің байланысы неше түрге бөлінеді?
4. Қиысу, матасу, меңгеру, қабысу және жанасу түрлерінің әрқайсысының анықтамасы мен грамматикалық негізгі белгілерін айтыңыз. Мысалдармен дәлелдеңіз.

5. «Менің отбасым» тақырыбында шығарма жазып, сөздердің байланысу түрлерін көрсетіңіз.
6. Жаңа сөздерді жаттаңыз.
7. Орыс зерттеушісі Э.С.Вульфсонның қазақтар туралы пікірін өз ойыңызбен толықтырыңыз.

ОН ТӨРТІНШІ САБАҚ

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-БАРЛАУ: ІШКІ САЛАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ

Геологиялық-барлау ішкі саланы түбегейлі қайта реформалау кезеңі 1985 жылы басталып, әлі күнге дейін жалғасуда. 1986 жылы орталықтандырылған басқарудың артық буындарын тарату мақсатында Қазақ КСР-нің Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі таратылды. Оның орнына КСРО-ның Геология министрлігіне тікелей бағынышты Орал қаласында «Каспиймаңыгеология» бас аумақтық басқармасы және Алматы қаласында «Қазгеология» бас үйлестірушілік геологиялық басқармасы құрылды. «Каспиймаңыгеология» құрамына «Оралмұнайгазгеология», «Ақтөбемұнайгазгеология», «Қазгеофизика» қазақстандық геологиялық-барлау және геофизикалық бірлестіктерінен басқа, «Маңғышлақмұнайгазбарлау» кешенді экспедиция, сондай-ақ Каспий маңы ойпаңының ресейлік бөлігінде және Калмыкия, Астрахан, Волгоград, Саратов пен Пенза облыстарымен шектес аудандарда мұнай мен газ бойынша іздеу-барлау және геофизикалық жұмыстармен айналысатын Ресей Федерациясының геологиялық-барлау және геофизикалық ұйымдар кірді.

Торғай бассейніндегі мұнай мен газ бойынша іздеу-барлау жұмыстарымен «Қазгеология» айналысты. Аталған екі Бас басқарма республикада 1991 жылдың ортасына дейін, кейін Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі болып құрылған Геология және жер қойнауын қорғау комитеті құрылғанға дейін жұмыс істеді. Одан кейін осы геологиялық құрылым бірнеше рет қайта құрылды және қазіргі уақытта ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің құрамындағы Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті болды. Саланы қайта құрудың осы кезеңінде барлық өндірістік бірлестіктер бастапқы кезде холдингтер, ал одан кейін акционерлік қоғамдар, бірлескен кәсіпорындар және жауапкершілігі шектеулі серіктестер болып қайта құрылды. Геологиялық-барлау жұмыстарын мемлекеттік қаржыландыру тоқтатылды, ал жер қойнауын пайдалану жаңа республикалық заңнамаға сәйкес келісім-шарттық негізде жүргізіле бастады. Мұнай мен газ бойынша геологиялық-барлау жұмыстар саласындағы анағұрлым ірі жобаларды халықаралық консорциумдар мен интеграцияланған ұйымдар жүзеге асырды. Геологиялық-барлау жұмыстардың қалыптасқан жүйесі қазіргі уақытта да қолданылады.

*«Қазақстан мұнайы» энциклопедиясы
материалдары бойынша дайындалды*

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді түсініп оқыңыз.
2. Мұнай геологиялық барлау саласының қалыптасуы жайында баяндаңыз.
3. Жаңа сөздерді дәптерге жазыңыз.
4. 1-ші абзацтан меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін теріп жазыңыз.

Сөздік

мұнай өндіру, мұнай беру – давать нефть
сыртқы қысым – внешнее давления
қоюлану қысымы – давление конденсации
ұңғы туралы мәліметтер – данные о скважине
ұңғыға орнату мерзімі – дата заложения в силу
мұнайды толық өртеуге арналған жанарғы – горелка для полного сгорания нефти
мұнай тығыздығының градациясы – градация плотностей нефти
тарау, шашырау градиенті – градиент рассеяния
мұнайлы грейтонит – нефтяной грейтонит
мұнай дуалы – нефтяной вал
мұнайға қанығу мөлшері – величина нефтенасыщения
мұнай беру деңгейі – величина нефтеотдачи
шектеулі шама – величина ограниченная
сорып алатын мөлшерлегіш – вытяжной вентиль
газдан тазартатын желдеткіш – газоочистный вентилятор
жанармай, жанғыш зат – горючее вещество
ерігіш зат – растворимое вещества

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ. - ЧЛЕНЫ ПРЕДЛОЖЕНИЯ.

Сөйлем мүшелері атқаратын қызметіне қарай бес түрге бөлінеді: бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш. Сөйлем мүшелері тұрлаулы мүшелер және тұрлаусыз мүшелер болып екі топқа бөлінеді. Сөйлем құруға негіз болатын бас мүшелер – тұрлаулы мүшелер (бастауыш, баяндауыш) - сөйлем атаулының грамматикалық ұйтқысы. Ал тұрлаусыз мүшелер (анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш) тұрлаулы мүшелердің төңірегіне топтап не тікелей соларды, не бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұрады.

Полнозначные слова, выполняющие определенные синтаксические функции, называются членами предложения. В зависимости от синтаксических функций различают 5 видов членов предложения: бастауыш (подлежащее), баяндауыш (сказуемое), анықтауыш (определение), толықтауыш (дополнение), пысықтауыш (обстоятельство). Все члены предложения делятся на 2 группы: тұрлаулы (главные) и тұрлаусыз (второстепенные). Конструктивный, формальный и смысловый центр предложения составляют главные члены предложения, поэтому они получают определение как

предикативный центр предложения. Второстепенные члены предложения находятся в подчинительной связи с главными членами предложения или между собой и служат для их пояснения, определения, дополнения

Бастауыш (подлежащее).

Атау тұлғада келіп, бастауыш арқылы көрсетілген қимыл-әрекеттің, жай-күйдің не басқа сапаның иесі болатын сөйлемнің тұрлаулы мүшесі бастауыш деп аталады. Бастауыш сөйлемнің басқа мүшесінің бірде-біріне тәуелді емес. Бастауышқа қойылатын сұрақтар: кім? кімдер? не? нелер? қайсысы? нешеуі? т.б.

Подлежащее – это главный член предложения, который связан со сказуемым и отвечает на вопросы именительного падежа кім? кімдер? (кто?), не? нелер? (что?), қайсысы? (который?), нешеуі? (сколько?) и т.д.

Баяндауыш (сказуемое).

Баяндауыш та бастауыш сияқты сөйлем құруға негіз болатын тұрлаулы мүшелердің бірі. Ол бастауыштың қимыл-әрекетін, кім, не екендігін көрсетеді. Бастауыштың іс-әрекетін, жай-күйін басқа сапасын көрсететін сөйлемнің тұрлаулы мүшесін баяндауыш дейміз. Баяндауыш болатын сөздер мағынасына қарай оларға қойылатын сұрақтар да әр түрлі: не істеді? не қылды? не етеді? қайтеді? кім? не? кімнің? қандай? қалай? қанша? т.б.

Сказуемое – главный член предложения, связанный с подлежащим и выражающий действие, признак, состояние предмета, обозначенного в подлежащем. Сказуемое отвечает на вопросы не істеді? не қылды? не етеді? қайтеді? (что делал? что сделал? что делает?), кім? (кто он такой?), не? (что он такое?), кімнің? қандай? (каков?), қалай? (как?), қанша? (сколько?) и т.д.

Толықтауыш (дополнение).

Сөйлемде толықтайтын мүшесімен табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып және онымен заттық ұғымда байланысатын, негізінде баяндауышқа қатысты болатын сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі толықтауыш деп аталады. Толықтауыш аталған септіктердің кімді? нені? кімге? неге? кімнен? неден? кімде? неде? кіммен? немен? деген сұрақтарына жауап береді.

Дополнение - это второстепенный член предложения, который отвечает на вопросы всех падежей за исключением именительного, родительного. Дополнение выражает объект, на который направлено действие. Отвечает на вопросы кімге, неге, кімді? нені? (кого? что?), кімнен?, неден?, кіммен?, немен?

Анықтауыш (определение).

Анықтауыштар сөйлемнің есімнен болған мүшелерін анықтайды да, соған қатысты болады. Анықтауыштың сұраулары: қай? қандай? қайсы? қайдағы? недегі? қанша? неше? нешінші? не өткен? кімнің? ненің? т.б. Анықтауыштардың анықтайтын мүшесімен байланысы екі түрлі: қабыса байланысатын анықтауыштар және матаса байланысатын анықтауыштар.

Определение выражает признак, качество, свойства предмета и образует с ним атрибутивное словосочетание. Определение отвечает на вопросы қай?

қандай? қайсы? қайдағы? недегі? қанша? неше? нешінші? не өткен? кімнің? ненің? (какой? который? сколько? чей?) и т.д.

Пысықтауыш (обстоятельство).

Пысықтауыш дегеніміз - сөйлем ішінде етістіктен болған мүшелермен синтаксистік байланысқа түсіп, іс-қимылдың амалын, мезгілі мен мекенін, себеп-мақсаты мен сан-мөлшерлік сипатын білдіретін тұрлаусыз мүше. Пысықтауыштар білдіретін мағыналарына қарай бес түрге бөлінеді: мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын-қимыл пысықтауыш, себеп пысықтауыш, мақсат пысықтауыш. Сұраулары: қашан? қашаннан бері? қашанға дейін? қайда? қайдан? қалай қарай? қалай? қайтіп? қанша? қанша рет? кім арқылы? не арқылы?

Обстоятельство относит сказуемое или все предложение в целом к определенному месту, времени, указывает причину, цель, условие, образ действия и т.д. Обстоятельство выражается преимущественно наречием, а также другими частями речи, словосочетаниями. В зависимости от значения и средств выражения различают: мезгіл пысықтауыш (обстоятельство времени), мекен пысықтауыш (обстоятельство места), сын-қимыл пысықтауыш (обстоятельство образа действия), себеп пысықтауыш (обстоятельство причины), мақсат пысықтауыш (обстоятельство цели). Отвечает на вопросы қашан? (когда?), қашаннан бері? (с каких пор?), қашанға дейін? (до каких пор?) қайда? (где?), қайдан? (откуда?), қалай қарай? (куда?) и т.д.

1-жаттығу. *Төмендегі сөздерді бастауыш етіп, сөйлем құраңыз.*

Мұнаралар, мұнайшылар, кенорындары, пайдалы қазбалар, бұрғы, Маңғыстау, Атырау, жұмыскер, университет, оқу орындары, ғимараттар, ізденушілер.

2-жаттығу. *Көшіріп жазып, бастауыштың астын сызыңыз.*

Мұнай көкжиегі кеңейіп келеді. Даму тарихының тамыры тереңге кететін Қазақстанның мұнайын игеру бірнеше сатыдан өтті. Қазақстанның мұнай-газ кешені жедел қарқынмен дами отырып, бүкіл елдің әлеуметтік-экономикалық өркендеуінің іргетасына айналды. Жалпы мұнай-газ саласы дегенде, ең алдымен Атырау мен Маңғыстау өңірлеріндегі ірі кеніштер ойға оралады. Өйткені кен орындарының 70 пайызға жуығы Атырау мен Маңғыстау облыстарының аумағында. Бұл саланың дамуына ерекше үлес қосып келе жатқан еліміздің батыс өңірі екені даусыз.

Бүгінде жалпы қазақстандық қара алтынды өндіру саласы 111 жылдық тарихын артқа тастады. Ал әлемдік мұнай индустриясы 150 жылдан асты.

Қазіргі күні мұнай тарихын абыроймен жалғастырып келе жатқан «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы Маңғыстау мен Атырау облыстарындағы құрлық бетіндегі 40-тан астам мұнай-газ кен орындарының меншік иесі болып табылады.

2010 жылдың басынан бері алты ай ішінде 10,7 млн. тонна мұнай мен газ конденсаты өндірілді, бұл 2009 жылдың деңгейінен 18,6 пайызға артық.

1960-жылдардың басында Маңғыстаудың жерасты байлықтарын игеру ірі Оңтүстік Маңғыстау мұнай-газ бассейнінің ашылуынан басталған болатын. Сол жылдарда жүргізілген іздеу және барлау жұмыстары табысты аяқталды - Өзен және Жетібай, ал одан кейін Теңге, Тасболат, Қарамандыбас, ШығысЖетібай және басқа да мұнай кен орындары ашылып, игеріле бастады.

Өзен кен орны түбектің ғана емес, сондай-ақ бүкіл елдің «мұнай маржаны» болды. 70-ші жылдары Қаражанбас, Солтүстік Бозашы, Қаламқас сияқты бірқатар кен орындары ашылды.

«Қара алтын» иірімдерінің ашылуы өңірдің өмір салтын, әлеуметтік-экономикалық дамуын түбегейлі өзгертті.

3-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, тұрлаулы мүшелердің астын сызыңыз.

Соғыс жылдары Орал-Ембі ауданының мұнайшылары тәулігіне 12-13 сағаттан, демалыссыз, қызу қарқынмен жұмыс істеді, барлық мұнай кәсіпшіліктерінде фронттық бригадалар ұйымдастырылды. Осы кезеңде сұйықтықты белсенді түрде іріктеу, тесіктерді қосымша ату, пайдалану әдістері торпедалау секілді прогрессивті әдістер қолданылды. Ұңғымалардың жедел өтуіне материалдық-техникалық құралдары анағұрлым аз жұмсалды. Көп материалдар мен цементті үнемдейтін кондукторсыз бұрғылау игерілді. Барлаушылар Ембіде Отан соғысы кезеңінде өнеркәсіптік игеруге енгізілген және он мың тонна жоғары сапалы мұнай берген жаңа үш кен орнын ашты. Жаңа кәсіпорындар іске қосылды, Гурьев қаласында ірі мұнай өңдеу зауыты құрылды (Т. Шәукенбаев «Қазақстанның мұнай өнеркәсібінің экономикасы». «Қазақстан» баспасы, Алма-Ата, 1974 ж.).

4-жаттығу. Берілген мәтіннен толықтауышты теріп жазып, құрамына талдаңыз.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында республикадағы мұнай мен газдың дайындалған қорлар көлемін ұлғайта алатын ірі кен орындарын ашуды Каспий теңізінің су айдынын игеру есебінен ғана жүзеге асыру мүмкін екені анық болды. Кеңес кезеңінде теңіздің осы аумағында екі рет зерттеулер жүргізілді. Осы зерттеулердің қорытындыларын кешенді жүйелеу арқылы қазіргі Қашаған, Центральная, Құрманғазы, Оңтүстік Жамбай құрылымдар тобының орталарына сәйкес келетін ірі құрылымдар белгіленді. Олар ХХ ғасырдың 80-ші жылдарының аяғында «Қазгеофизика» бірлестігінде салынған 2П шағылдыратын бет бойынша Каспий маңы ойпаңының жиынтық құрылымдық картасында бірінші рет көрсетілді. 1993 жылы осы карталар француз компаниясымен бірлесіп, жете әзірленді және Атлас түрінде шығарылды. 1992 жылдың желтоқсанында Қазақстан Каспийде іздеу жұмыстарын бастау ниеті туралы бүкіл әлемге жариялады. Осы жылдың екінші жартысында қазақстандық мамандар тобы «Каспий теңізінің қазақстандық бөлігін игерудің мемлекеттік бағдарламасын» әзірледі. Каспийдің су айдынындағы мұнай-газ кен орындарын геологиялық-геофизикалық зерттеу және игеру жөніндегі бағдарламаны іске асыру үшін ҚР Үкіметінің 1993 жылғы

13 ақпандағы №97 қаулысымен «Қазақстанкаспийшельф» мемлекеттік компаниясы құрылды.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма. *Мақал-мәтелдерді оқып шығып, ондағы айтылған ойды түсініп алыңыз. Анықтауыштарды табыңыз.*

Бнтымақты ел – сарқылмас көл. Елдің ерлігі ерінен танылар, елдің байлығы жерінен танылар. Жасырғанның жарасы асқынады. Көбікті қарда түлкі ойнар, көңілді көзде күлкі ойнар. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл. Кісінің кісілігі –киімінде емес, білімінде. Жаста оқыған оқуың тасқа жазғанмен бірдей, үлкейгенде оқыған оқуың мұзға жазғанмен бірдей. Ақынның тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік.

«Халық даналығы» кітабынан

2-тапсырма. *Берілген сөздерді пысықтауыш етіп сөйлем құраңыз.*

Үйден, кабинетінде, үндеместен, ілгері, қалыңдап, өткен түнде, сеніммен, асыға, телефон арқылы, жалт, кенет.

3-тапсырма. *Көркем әдебиеттен мұнайшылар өмірі туралы баяндалған мәтін жазып келіңіз. Берілген мәтіннен тұрлаусыз мүшелердің астын сызып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.*

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Сөйлем мүшелері: тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер дегеніміз, анықтамасы.
2. Сөйлемнің грамматикалық негізін қай мүшелер құрайды?
3. Бастауыш пен баяндауыштың негізгі белгілерін айтыңыз.
4. Бастауыштың жасалуында қандай ерекшелік бар?
5. Бастауыш пен баяндауыш қандай жолдар арқылы байланысады.
6. Қандай байланысу түрін қиысу дейміз?
7. Толықтауыш дегеніміз не, сұрақтары?
8. Анықтауыш, сұрақтары?
9. Пысықтауыштың анықтауыш пен толықтауыштан қандай айырмашылықтары бар? Мысалдар арқылы дәлелдеңіз.

ОН БЕСІНШІ САБАҚ

КАСПИЙ ЭКОЛОГИЯСЫ

Каспий теңізінде мұнай-газ өндіру және мұнай өңдеу кешендерінің дамуына байланысты Қазақстанның батыс өңірінде қалыптасқан табиғат, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық жағдай. Каспий теңізі – әлемдегі шаруашылық маңызы зор ең ірі тұйық, су алабы. Жыл бойына Каспий теңізінің деңгейі жел-қума-желбөгет құбылыстарының нәтижесінде 0,5-1 метрге дейін ауытқып отырады. 1837-1990 жылдары жүргізілген бақылау жұмыстарының нәтижесінде Каспий теңізінің су деңгейі мөлшерінің айтарлықтай өзгеруі 1930 және 1980-90 жылдар аралығына сәйкес келетіні анықталған. 1929-41 жылдары су деңгейі 2 метрге төменденеді.

Каспий теңізінің кейбір балықтары «Қызыл кітабына» енгізілген. Қазіргі заманда балық аулауды реттеу, аса бағалы балық түрлерін (бекіре, қортпа, шоқыр және пілмай) табиғи және жасанды жолмен көбейту жұмыстары жүргізілуде. Жыл сайын 11 балық зауыты (Ресейдің, Әзербайжанның, Қазақстанның) Каспий теңізіне 75 млн. балық шабақтарын жібереді. 1998 жылдан бері Атыраудағы 2 балық зауыты жылына 6 млн. бекіре балығының шабағын дайындайды. Балықтар уылдырығын тұщы суға шашады, қор жинау үшін тұзды суға шығады. Мысалы, шортан, оңғақ, қызылқанат балық, алабұға теңіздің атыбауына (дельта) дейін өрістесе, қаракөз, табан, көксерке тұзды суда, ал бекіре тәрізділер судың өте тұзды жерінде тіршілік етуге бейімделген. Каспий теңізінде 2 тропиктік жүйе қалыптасқан.

Солтүстік-Шығыс Каспий аумағында құстардың 278 түрі мекендейді. Соның ішінде Қазақстанның және Ресейдің «Қызыл кітабына» енгізілген өте сирек кездесетін қалбағай, қарабай, сары құтан, бұйра бірқазан, т.б. бар. Ал Каспий итбалығы – тек қана Каспий теңізінің тіршілік ететін сүтқоректі. 1920 жылы 1 млн-нан астам итбалықтың 120 мыңы ауланған болса, 1980 жылдың аяғында 360 – 450 мыңға дейін азайған итбалықтың – 27 мыңы, 1990 жылы – 13,8 мыңы, 1996 жылы – 8 мыңы ауланған. 2000 жылы сәуір-тамыз айларында індеттен олардың 15 мыңы қырылды. Каспий итбалығының жаппай қырылуы – Каспийдің солтүстік бөлігіндегі гидрометеорологиялық және экологиялық жағдайлардың нашарлауынан теңіз жануарлары иммунитетінің төмендеуін көрсетеді.

Теңіз өсімдіктері жамылғысының құрлық өсімдіктерінен көп айырмашылығы бар. Құрлықта, негізінен, гүлді өсімдіктер, ал суда балдырлар (64 түрі) кездеседі. Солтүстік Каспийде негізінен қамыс, теңіз шөбі, шалаң, егеушөп, арамот, мүйізжапырақ өседі. Бұл өсімдіктер балықтардың уылдырығының су түбінде бекуі үшін қажет, сондай-ақ, су құстары мен кейбір балық түрлеріне қорек болады. Солтүстік Каспий жағалауының әсем табиғатына, оның экологиялық жағдайына атмосфераның, топырақ жамылғысының, судың ластануы үлкен қауіп төндіруде. Атмосфераның ластануына мұнай-газ өндіретін және оны қайта өңдейтін кәсіпорындар әсер етуде.

Мұнай кәсіпшілігінің ең басты экологиялық проблемасы – ілеспе газды іске жарату. Мұнай кен орындарында мұнай өнімдерін өндеу кезінде мұнай мен калдық сулардың топырақ пен грунтқа төгілуі оларды ластайды. Солтүстік Каспий жағалауының мұнай өнімдері қалдықтарымен ластанған аумақ 194 мың га жерді алып жатса, төгілген мұнайдың мөлшері 1 млн. т-дан асады. Теңіз деңгейінің көтерілуіне және мұнайдың теңізге төгілуіне байланысты теңіз суының құрамында мұнай өнімдерінің қалдықтары, фенол, хлорлы органик, азот, ауыр металдардың мөлшері рұқсат етілгеннен шектен бірнеше есе жоғары екені анықталған. Теңіз түбіндегі шөгінділердің мұнай өнімдерімен ластануы тіршілік ететін организмдер мен моллюскілерге, сондай-ақ, су құстары мен балықтарға да зиянын тигізуде.

Мәтінмен жұмыс

1. Мәтінді дауыстап түсініп оқыңыз.
2. Каспий теңізінің экологиялық ахуалы жайында баяндаңыз.
3. Жаңа сөздерді дәптерге жазып, сөздіктің көмегімен баламасын табыңыз.
4. Маңғыстаудың экологиясы жайында жолдасыңызбен сұхбат құрыңыз.
5. Итбалықтардың жаппай қырылуына (2006 жылғы жағдай) не себеп, қандай факторлар, түсіндіріңіз.
6. Қошқар ата өлі көлінің экологиялық жайы турасында не білесіз, баяндаңыз.

Сөздік

мұнай тығыздығының градациясы – градация плотностей нефти
тарау, шашырау градиенті – градиент рассеяния
мұнайлы грейтонит – нефтяной грейтонит
жүк тасу – грузоперевозка
жартасты жер қоюлану – торфяной грунт густеть
ұңғы туралы мәліметтер – данные о скважине
ұңғыға орнату мерзімі – дата заложения в силу
қысым хабаршысы – датчик давления
ұңғылық хабаршы – скважинный датчик
ауа ылғалдылығы – влажность воздуха
бұрғы ерітіндісінің әсері – влияние бурового раствора
монтаждау, құрастыру – вмонтировать
мұнай кәсіпшілігінің суы – нефтепромысловая вода
мұнайлы су – нефтесодержащая вода
бұрғылау ерітіндісін майлайтын қоспа – добавка к буровым растворам, смазывающая
мұнай өндіру – добыча нефти
жетілдіру – доводка
мұнай мен газы бар ойпаң – нефтегазоносная впадина
айналдырғыш – вращатель
ұңғының тоқтау уақыты – время остановки скважины
сіңіру - всасывание

Тапсырма: Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз.

Грамматика

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ СЛОЖНОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ, И ЕГО ВИДЫ

Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің өзара байланысу жолдарына байланысты құрмалас сөйлемдер мынадай үш түрге бөлінеді: салалас құрмалас сөйлем, сабақтас құрмалас сөйлем және аралас құрмалас сөйлем.

Тип сложного предложения определяется характером связи между его компонентами и средствами ее осуществления. Различают следующие виды сложного предложения: салалас құрмалас сөйлем (сложносочиненное предложение), сабақтас құрмалас сөйлем (сложноподчиненное предложение) и аралас құрмалас сөйлем (смешанное сложное предложение).

Салалас құрмалас сөйлем, оның түрлері. - Сложносочиненное предложение и его виды.

Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрін салалас құрмалас сөйлем дейміз. Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара екі түрлі жолмен байланысады

Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз құрамындағы бағыныңқы, басыңқы сыңарларының алғашқысының баяндауышы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысқан құрмаластың түрін сабақтас құрмалас сөйлем дейміз.

Сложноподчиненное предложение - это такое сложное предложение, в котором одно из простых предложений по структуре и смыслу зависит от другого (подчиняется ему).

Аралас құрмалас сөйлем. - Смешанное сложное предложение.

Құрмалас сөйлемнің құрамына енген жай сөйлемдер өзара үнемі не бірыңғай салаласа, не бірыңғай сабақтаса байланыса бермейді. Көп жағдайда құрмаласудың осы екі тәсілінің сөйлем ішінде қосарланып, қатарымен кездесуі де жиі болады. Құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысқан құрмаластың түрлері аралас құрмалас сөйлем деп аталады.

Не всегда простые предложения, входящие в состав сложного предложения, связываются между собой только сочинительной или только подчинительной связью. В большинстве случаев оба вида связи могут встречаться в одном предложении. Сложное предложение, в составе которого простые предложения связаны между собой как сочинительной, так и подчинительной связью, называется смешанным сложным предложением.

1-жаттығу. *Берілген мақал-мәтелдердің екінші сыңарын өздеріңіз ойлап тауып, салалас құрмаласқа айналдырып жазыңыз.*

Үлгі: Еңбектің наны тәтті, ... (Жалқаудың жаны тәтті.)

Еңбек ерлікке жеткізер, Көз қорқақ, Еңбек түбі – береке, Қоянды қамыс өлтіреді, Көп қорқытады, Жалғыздың үні шықпас, Атаның баласы болма, Ат аяғынан семірер, Ата көрген – оқ жонар, Білекті бірді жығады, Көп жасаған білмейді, Оқу – білім бұлағы,

2-жаттығу. *Көп нүктенің орнына ыңғайына қарай жай сөйлем ойлап тауып, салаласқа айналдырыңыз.*

Ол ауданға жетуге асық, өйткені себебі мұнайшылар ауылы онша алыс емес еді. Жер байлығына енді біз иеміз, сондықтан... . Студенттер алаңға шықты, себебі Бұрғышылар бүгін елдеріне ерте қайтты, өйткені Атырау мұнай өңдеу зауытында бүгін жұмыс ерте бітті, себебі Соңғы кездегі геологиялық ізденістер нәтижесінде Шетпе маңында «Көгез» минералды суы табылды, сондықтан... .

3-жаттығу. *Берілген жай сөйлемдерді мағыналарына қарай топтастырып, салалас құрмалас сөйлем жасаңыз.*

Сейітжан оны қыста мұнай мұнарасының маңында көрді. Жазда еңбек демалысында көрді. Мұнайлы атырап алыста қалып бара жатты. Кәрі Каспий қалып бара жатты. Қоңырау соғылды. Оқушылар сыныпқа кірді. Көктем келді. Ағаштар бүр жарды. Қалтай Есенге қарайды. Есен қағазға қарайды. Күн жылынды. Жылғалардан су ақты. Сауыншылар сиырларын саууға кірісті. Табыншы да келді. Оның реңі тұнжырап терең ойға батты. Жанары гауһарша от шашты. Бала жасында балықты өзі де аулапты. Оның әкесі де балықшы болыпты. Олар бір-біріне кезек бермей шулайды. Теп-тегіс бәрі ұйықтап қалғандай тына қалды.

4-жаттығу. *Сабақтар құрмалас сөйлемдерді бір бағанға, салалас құрмалас сөйлемдерді екінші бағанға топтап жазыңыз.*

Маңғыстау өлкесінде жаңадан кен орындары ашылып, жергілікті жердің мамандарын жұмысқа тартуда. Жұмысшылар биыл мұнай өндіруді жүз пайызға орындады, жоспарды артығымен тапсырды. Қазан төңкерісінен кейін бұл шахтаның жұмысы тоқтап қалған болатын, жергілікті халық оны қайтадан жаңғыртты. Бұл өлкеде жаңбыр көп жауады, себебі біздің жер таулы аймаққа жатады. Кешкі ойын-сауық алдында күндегі жоба бойынша шағын мәжіліс болып, қысқаша ақпар жасалатын. Кешкі ойын-сауық алдында күндегі жоба бойынша шағын мәжіліс болатын, қысқаша ақпар жасалатын. Ол қызық кітаптарды көп оқып, бұл кітаптар туралы балаларға әңгіме айтып беріп жүрді. Баяндама оқылып болған соң, Шығанақ басын ұстап, төмен қарап көп отырды. Жер жайын жақсы білетін Ескендірді Аманкелді өзімен бірге ертіп жүрді, бірақ жұмыстары өнімсіз болды.

5-жаттығу. *Берілген аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын түсіндіріңіз.*

Амантай Серғазыларға ақылдасып еді, Ақылбектің науқасының түрі жаман болғандықтан, ертелетіп жолға шығып кетті. Күн шығып, ел тұра бастады, Нұрлан әлі жоқ. Қорған кезінде топырақ араластырыла тастан қаланған екен де, бұл кезде қорғанның үстіне жыңғыл мен шенгел араласа шығып, өзінше ол да бір сән беріп тұр. Дәннің төгілген жері қумайт екен, сумен араластырып електен өткізгенде, құм түгелімен ағып, дән електе қала береді. Бұлар үйге кіргенде, түн ортасы жуық еді, бірақ Дәурен мен Айжан жатпапты. Мұнайшы мамандардың айттуы бойынша ол жаққа ешкім барған емес, сондықтан бұрынғы жолы өшіп, тек сорабы қалған. Маңғыстауға келгенше, мен де мұнайшы емес едім, мұнда келген соң, еріксіз үйрендім. Кім екенін білу үшін, жортып барып алдын ала тосайын деп еді, маңайлап ұшып жүрген бүркіт шақырғанына келмей, жолдан қырындап кетті.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1-тапсырма.. *Құрмалас сөйлем түрлеріне (салалас, сабақтас, аралас) бес-бестен сөйлем жазыңыз.*

2-тапсырма. *Абайдың қарасөздерінен салалас құрмалас сөйлемге мысалдар теріп жазыңыз.*

3-тапсырма. *Берілген мәтінді орыс тіліне аударыңыз.*

МАҢҒЫСТАУДЫҢ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ ҚАЗЫНДЫЛАРЫ

Маңғыстау жер қыртысының құрылымы негізінен пермь, триас, юра, бор дәуірі шөгінділерінің нәтижесінде пайда болған әртүрлі жыныстардан тұрады. Маңғыстау жерін Каспий теңізінің жартылай қоршап жатуы және оның деңгейінің бірде жоғарлап, бірде төмендеуі маңайында орналасқан аймақтардың ауа райына немесе өсімдіктер дүниесіне ғана емес, геологиялық құрылымына да айтарлықтай әсер еткені даусыз. Түбектің кез келген бұрышынан мұнай мен газдың атқылауында бір кездегі осы аймақты қымтай құшағына алып, кейін тартылып қалған Тетис мұхитымен оның қазіргі замандағы көзі Каспийдің атқарар орны орасан зор. Сондықтан да мамандардың дәлелдегеніндей қазіргі Маңғыстаудың жер қыртысындағы көрер көзге сайрап жатқан геологиялық түзілімдердің көпшілігі бұл аймақтың түгелімен су астында жатқан көне дәуірімен тұстас келеді.

Палеозой дәуірінің соңы мен мезозой дәуірінің бас шамасындағы пермь, триас кезеңдерінен қалған құм, тас, саз, сланец, көк сұр, әк тастар қазіргі Қаратау баурайларынан жиі кездеседі. Батыс және шығыс Қаратау мен оның сілемдері сол пермь және триас кезеңінің шөгінділерінен түзілген ежелгі жыныстар болып табылады.

Юра (бұдан 140-150 млн. жылдар бұрын шамасы) кезеңінің қалдықтары құм, саз, карбонатты жыныстар күйінде түбектің өне бойынан түгел табылады.

Маңғыстаудағы юра қабаты шамамен 1300 метрге дейін жетеді. Жетібай, Өзен кен орындарында бұл қабаттан қазірде мұнай алынып отыр.

Маңғыстауда ең көп кездесетін тау жыныстарының бірі бор (бұдан 115-120 млн. жыл шамасы бұрын) кезеңінің қалдықтары.

Солтүстік пен оңтүстік Ақтау және олардың арасындағы ірілі-уақты алқаптар негізінен бор дәуірінің шөгінділері құм, тастан ақмергель бор, әктас, саз тастардан тұрады. Бор дәуірінен қалған, жел мен судың және күннің әсерінен адам таңқаларлық әр түрлі бейнедегі қотыр тастарды жиі кездестіруге болады.

Кайнозой дәуірінің палеоген (30-65 млн. жыл шамасы бұрын) кезеңінің жұрнақтары түбектің кез келген пұшпағында кездеседі. Палеогеннің аяқ кезеңі олигоцен тұсында (бұдан 30-40 млн. жыл шамасы бұрын) теңіз қайтадан тасып, қазіргі Маңғыстау түп-түгел су астында жатты. Бірақ теңіз қайтадан қайтып, тау жоталары пайда болып, қара жер көріне бастайды.

Неоген (20-30 млн. жыл шамасы бұрын) кезінде Каспий оқтын-оқтын тасып, Оңтүстік Маңғыстау жоталарын қайта-қайта су басып, қазіргі ұлутастар қабатын құраған.

Геологиялық жас дәуір бас-аяғы ең соңғы бір миллион жыл ауқымымен шектелетін ширектік кезеңнің қалдықтары да бұл түбекте өте мол. Каспий жағалығы, Қарақия ойпаты мен Бозашы түбегі сол ширектік кезең шөгінділерінен тұрады. Жоғарыдағы көріністерге қарағанда Маңғыстауда алғашқы құрғақ жер триас дәуірінің аяқ кезеңінде, бұдан 190-200 млн. жылдар шамасында қазіргі Қаратау қыраты жатқан тұстан пайда болған.

Қалған өңір көп уақытқа дейін су астында жатқан; Қаратаудан кейін орт. Маңғыстау мен орт. Үстірт судан босаған; Бозашы түбегі тіптен беріде құрғаққа айналған деген қорытынды шығарылуда.

Сан ғасырлар бойы табиғаттың осыншама таңқаларлық мол өзгерістері Маңғыстау жер қойнауын қабат-қабат қазынаға толтыра берген.

Маңғыстау даласын мұқият зерттеген көрнекті географ, бұрынғы Одақтық дәрежедегі ҒА-ның корр.-мүшесі Б.А.Феодоровичтің пайымдауынша ежелгі өзендер Палео-Амудария, Палео-Еділ, Палео-Кура, Оңт. Каспий ойпатына құйғанда, теңізге орасан көп тұнба ағызып әкеліп отырған. Әр түрлі қалыңдықта қордалана жинақталған тұнбалар, шөгінділер кейін мұнайлы алқаптарға айналған. Белгілі палео-географ, геология-минералогия ғылымдарының докторы Н.И.Марковскийдің пікірінше, Жетібай және Өзен кендері ежелгі өзеннің сағасының орнынан табылып отыр. Ол айтылып отырған өзен шамасы осыдан екі мың жыл бұрын Каспийге құйып жатқан көне Яксарт (Амудария) болса керек («Природа» журналы, №2, 1976, 107-б.). Маңғыстауда мұнай мен бірге табиғи газдың да қоры өте көп мөлшерде. Сондай-ақ бұл өлкенің төменгі және жоғарғы юра қабатынан тас көмір табылды. Ал бор дәуірінің шөгінділері қабаттарында фосфорит кені көп кездеседі. Н.И.Андрусов олигоцен қалдықтары қабатынан марганец кен көзін ашты. Қаратаудағы пермь, триас қабаттарының бірнеше жерінен мыс, темір кендері табылды. Темір кендері сол сияқты юра және төмендегі бор қабаттарында ұшырасады. Маңғыстау мен Үстірттегі плиоцен қалдықтары қабаттарынан аса құнды

құрылыс материалдары ұлутас кен орындары көптеп ашылуда. Өлкеде бұдан басқа силикат, құм, кобальт, қорғасын, калий, магний, ас тұздары, кесек күкірт, ақ бор кендері бар.

Маңғыстау – пайдалы қазындыларға бай өлке.

4-тапсырма. *Мұнай өндірудің хронологиялық кестесін есте сақтаңыз.*

Өлкеміздегі мұнай өнеркәсібі тарихынан

Есте сақта!

1957 жыл – «Қазақстанмұнай» бірлестігі қарамағында

«Маңғышлақмұнайгазбарлау» тресі құрылып, ол Форт-Шевченко қаласында орналасты. Осы жылы трест Жетібай алаңында бұрғылау жұмыстарына кірісті.

1958 жыл – Форт-Шевченкодa I геологиялық жиналыс өтті.

1958 жыл – Терең бұрғылау жұмыстары Түбіжік пен Қызан елді мекендерінде басталды.

1958 жыл – «Маңғышлақмұнайгазбарлау» және «Қазмұнайгазбарлау» Қазақстан Республикасының геология министрлігіне көшті.

1959 жыл – Совет Одағы мен Қазақстан Республикасы геология министрліктерінің біріккен отырысында Маңғыстаудағы барлау жұмыстарына көңіл бөлу керектігін баса айтты.

1961 жыл – Ең алғаш рет (05.01.1961.) Маңғыстаудағы Өзен алаңында қазылған К-18 скважинасынан газ фонтаны алынды. Оны мастер Ғазиз Әбдіразақов қазған еді.

1961 жыл – Маңғыстаудағы Жетібай алаңында қазылған №6 скважинадан тереңдігі 2383-2389 м. аралықтан ең алғашқы рет (05.07.1961.) күшті мұнай фонтаны атқылады.

1961 жыл - Маңғыстаудың екінші мұнай фонтаны Өзен алаңында қазылған N1 скважинадан тереңдігі 1248-1260 м. аралықтан (15.12.1961) алынды.

1962 жыл – «Маңғышлақмұнай» тресі Форт-Шевченко қаласынан Ералиев поселкесіне көшті.

1962 жыл – В.И.Ленин атындағы политехникалық институттан (қазіргі ҚазҰТУ) алғашқы мұнайшы мамандар жұмысқа кірісті.

1963 жыл - Өзен кен орнының алғашқы мұнай қоры есептелді.

1964 жыл – Маңғыстау – Мақат темір жолы іске кірісті.

1964 жыл – Шевченко қаласында «Маңғышлақмұнай» бірлестігі іске қосылды.

1965 жыл – Қазақстанда мұнай өнімі 2 млн. тоннаға жетті.

1965 жыл – Шевченко қаласында бірінші Бүкілодақтық ғылыми-техникалық конференция өтті.

1965 жыл – Темір жол арқылы алғашқы рет Маңғышлақ мұнайы жіберілді.

1967 жыл – Жетібай кен орны нақты өндірістік игерілуге тапсырылды.

1967 жыл – Каспий ойпатында бірінші рет ең терең скважина (СГ-2) іске кірісті.

1967 жыл - Өзен-Гурьев-Куйбышев құбырының жұмысы басталды.

1969 жыл – Қазақстан 10 млн. тоннадан астам мұнай өндірді.

1970 жыл – Теңге газ кен орны зерттеле бастады.

1970 жыл - Теңге газ кен орны іске қосылды.
1971 жыл – Маңғыстаудағы газ өңдеу зауытының құрылысы басталды.
1973 жыл – Маңғышлақ облысы құрылды.
1974 жыл – Бозашы түбегінде Қаражанбас кен орны ашылды.
1975 жыл – Маңғышлақ бойынша 11 млрд. куб. м. газ және 388 мың тонна конденсат өндірілді.
1976 жыл – Бозашы түбегінде Қаламқас кен орны ашылды.
1992-1997 жылдары – Қазақстан Республикасы бойынша 166 мұнай кен орны ашылып, іске қосылды. Олардың 113-і Терістік Каспий ойпатында, 37-сі Маңғыстауда, 6-ы Терістік Үстірт пен Бозашы түбегінде орналасқан.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар

1. Құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Қандай сөйлемді салалас құрмалас сөйлем дейміз?
3. Сөйлемнің салалас құрмалас екенін қайдан білеміз?
4. Салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдарын мысалдар арқылы дәлелде.
5. Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
6. Сөйлемнің сабақтас құрмалас екенін қайдан білеміз?
7. Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын мысалдар арқылы түсіндіріңіз.
8. Көркем әдебиеттен аралас құрмалас сөйлемге мысалдар жазып келіңіз.
9. Маңғыстаудағы алғашқы мұнай фонтаны қай жерде, қашан атқылады?
10. Хронологиялық кестені есте сақтаңыз.

Мамандық бойынша реферат тақырыптары:

1. Мұнайлы өлке – Маңғыстау
2. Мұнайдың қасиеттері
3. Атақты мұнайшылар
4. Қара алтын елінде
5. Маңғыстау экологиясы
6. Маңғыстаудың жер бедері
7. Мұнай өндіру және экология мәселелері
8. Мұнай өзенінің қайнар көзі
9. Әлемдегі мұнай қорының проблемасы
10. Маңғыстаудағы кен орындар
11. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл
12. Туған өлкем – Маңғыстау
13. Менің Отаным – Қазақстан
14. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері
15. Қазақстанның өнеркәсібі
16. Маңғыстаудағы мұнай кен орындары
17. Менің университетім
18. Қазақстан Республикасының ұлттық мерекелері
19. Экология және біз
20. Біріккен Ұлттар Ұйымы және Қазақстан үкіметі

21. Мұнай тарихынан
22. Алғашқы фонтан
23. Экономика және мұнай өнеркәсібі
24. Мұнайдың емдік қасиеттері
25. Мұнай генезисі
26. Маңғыстаудағы өндіріс орындары
27. Мұнайшы ардагерлер өмірінен
28. Су қорлары және табиғат байлығы
29. Мұнай мен газ өнеркәсібінің халық шаруашылығындағы маңызы
30. Дүниежүзілік аренадағы мұнай қоры
31. Мұнай және газ өндірудің экологиялық проблемалары
32. Мұнай өнімдері
33. Мұнай және мұнай өнімдерінің жануарлар мен адам ағзаларына әсері
34. Геологиялық-геофизикалық зерттеудің және мұнай-газды аймақтарды игерудің негізгі кезеңдері
35. Мұнайдың геологиясы мен жаралу жолдары
36. Мұнай-химия - шикізат шырмауынан шығу жолы
37. Толассыз байлыққа ұласқан өлке мұнайы
38. Қазақстанның мұнай - газ саласындағы құқықтық бағыттар
39. Мұнай қоры және оны пайдалану
40. Менің мамандығым

Өткен материалдар бойынша тест тапсырмалары

1. Бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстарды табыңыз:
 - A). Ұ, і, ы, и, о, у;
 - B). Ү, о, и, а, е;
 - C). А, ә, ы, і, е, ү;
 - D). Ә, е, ү, і, е;
 - E). Ы, і, и, у, е, ү;
2. «Бұр-ғы-лау» сөзіндегі буын түрлерін анықтаңыз:
 - A). бітеу, тұйық, ашық;
 - B). тұйық, ашық, тұйық;
 - C). ашық, тұйық, ашық;
 - D). бітеу, ашық, тұйық;
 - E). тұйық, бітеу, ашық.
3. Жуан буынды сөзді көрсетіңіз:
 - A). мұнайшы;
 - B). жер кеніші;
 - C). өнеркәсіп;
 - D). өндіріс;
 - E). кенші;
4. Берілген сөздің дұрыс аудармасын табыңыз: *«вышка для бурения нефть»*
 - A). Жоғары сапалы өнімдер;
 - B). Мұнайға арналған бұрғылау мұнарасы;
 - C). Мұнайды ығыстыру сызығы;
 - D). Бұрғы ерітіндісінің ластануы;
 - E). Мұнай өндірісінің мұнарасы;

5. Бірыңғай жуан дауысты дыбыстарды табыңыз:
- о, ө, ұ, ү, у;
 - а, ә, ы, і, е;
 - а, о, ұ, ы, у;
 - ә, о, ө, е, и;
 - ұ, ү, ы, і, е;
6. Тұйық буынды сөзді көрсетіңіз:
- ата, бала, ана, шана;
 - тарт, сал, көр;
 - әке, баба, ене;
 - жүр, кел, айт;
 - ас, ал, ән.
7. «Нафта» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
- мұнай
 - газ
 - құбыр
 - бұрғы
 - қондырғы
8. Иектің, жақтың қатысына қарай дауыстылар қалай бөлінеді?
- Еріндік, ашық;
 - жіңішке, қысаң;
 - ашық, қысаң;
 - жуан, қысаң;
 - езулік, жіңішке.
9. Бірыңғай қатаң дауыссыздарды көрсетіңіз:
- қ, к, п, у, с, р, л, и, м, ш, щ;
 - қ, к, п, с, т, х, ф, ц, ч, ш, щ;
 - қ, к, п, с, т, м, ф, ц, ч, ш, щ;
 - қ, к, п, с, н, х, ф, ц, ч, ш, щ;
 - қ, к, п, с, т, х, ф, л, ч, ш, щ.
10. «У» дыбысы жуан болып келген сөзді анықтаңыз:
- Өсіру.
 - Тілу.
 - Кебу.
 - Суат.
 - Теру.
11. Түбірдің анықтамасын көрсетіңіз:
- сөз бен сөзді байланыстырады;
 - сөзден сөз тудырады;
 - сөздің негізгі мағыналы бөлшегі;
 - сөзге мағына үстейді;
 - сөзді түрлендіреді.
7. Қосымшаның нешеге бөлінетіндігін анықтаңыз.
- 4;
 - 3;
 - 2;
 - 5;
 - 1.
14. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойыңыз: М...най тарих... академик И.М.Губкинн...ң есім...мен т...ғыз байланысты.
- ұ, ы, і, і, ы;
 - ы, і, ұ, і, ы;

- С). і, ы, ұ, і, ы;
 D). ұ, ы, і, ы, і;
 E). ы, і, ы, ұ, і.
15. «Нафта» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
 A). мұнай
 B). газ
 C). құбыр
 D). бұрғы
 E). қондырғы
16. Көптік жалғауы дұрыс жалғанған сөзді көрсетіңіз
 A). құбырлер
 B). бұрғышыдар
 C). қабаттар
 D). қысымдер
 E). тескіштар
17. «Сенің Отан...» көп нүктенің орнына жалғануға тиісті қосымшаны көрсетіңіз:
 A). – ым;
 B). – м;
 C). – ың;
 D). – ыңыз;
 E). – іңіз.
18. Қазақстанда алғашқы мұнай өндіру ісі қай жылдары басталды?
 A). 1899-1900 жж.
 B). 1889-1890 жж.
 C). 1792-1793 жж.
 D). 1799-1800 жж.
 E). 1900-1901 жж.
19. Мына сөздердің ішінен көп мағыналы сөзді табыңыз:
 A) мектеп;
 B) кітап;
 C) университет;
 D) аспирант;
 E) ақыл;
20. Жуан буынды сөзді көрсетіңіз:
 A) оқытушы;
 B) тәрбиеші;
 C) дәрігер;
 D) қызметкер;
 E) мұғалім;
21. Антонимдері бар мақал-мәтелдерді көрсетіңіз.
 A) Ас үстінен аттама, астан үлкен емессің.
 B) Гүл өссе – жердің көркі, қыз өссе – елдің көркі.
 C) Өнер алды – қызыл тіл.
 D) Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала.
 E) Бақыт алды – келісім.
22. «Сұйық» сөзінің антонимін табыңыз.
 A) салқын;
 B) суық;
 C) қою;
 D) жылы;

- Е) ыстық;
23. «Машинист», «турист» сөздеріне I жақ жіктік жалғауының дұрыс нұсқасын жалғаңыз.
- А) – мын;
 - В) – мін;
 - С) – бын;
 - Д) – пін;
 - Е) – пын;
24. Тәуелдік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.
- А) мұғалім;
 - В) ғалым;
 - С) қауым;
 - Д) есім;
 - Е) атым;
25. Жіктік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.
- А) жерсіз;
 - В) таусыз;
 - С) сусыз;
 - Д) үйсіз;
 - Е) сұлусыз;
26. Табыс септікте тұрған сөзді көрсетіңіз.
- А) Базарда көкөніс мол.
 - В) Көкөніс күзде піседі.
 - С) Мен базардан көкөніс сатып алдым.
 - Д) Біздің үйдің алдында көкөніс сататын дүкен бар.
 - Е) Көкөніс салаты денсаулыққа пайдалы.
27. «Әдемі» сөзінің синонимін табыңыз.
- А) ержүрек;
 - В) көрікті;
 - С) мықты;
 - Д) ұстамды;
 - Е) күшті;
28. Деректі зат есімді көрсетіңіз.
- А) ой;
 - В) арман;
 - С) кек;
 - Д) реніш;
 - Е) жүрек.
29. Заттық зат есімді көрсетіңіз.
- А) су;
 - В) тас;
 - С) ағаш;
 - Д) гүл;
 - Е) кірпіш.
30. Дара зат есімді көрсетіңіз.
- А) денсаулық;
 - В) еңбекқорлық;
 - С) кемпірқосақ;
 - Д) кереуенбасы;
 - Е) көбелек.
31. Дара сын есімді көрсетіңіз.
- А) кара торы;

- В) шұбар ала;
 - С) ақ-қара;
 - Д) қанағаттанарлық;
 - Е) әп-әдемі.
32. Негізгі сын есімді көрсетіңіз.
- А) үлкен;
 - В) кешкі;
 - С) аудандық;
 - Д) тарихи;
 - Е) қысқы.
33. Сапалық сын есімді көрсетіңіз.
- А) сусыз жер;
 - В) сөзшең адам;
 - С) темір есік;
 - Д) теңіз порты;
 - Е) дәмді ас.
34. Жай шырайлы сын есімді көрсетіңіз.
- А) жеңіл;
 - В) жеңілірек;
 - С) жеңілдеу;
 - Д) жеп-жеңіл;
 - Е) ең жеңіл.
35. Сан есімнің неше мағыналық тобы бар?
- А) 5;
 - В) 6;
 - С) 7;
 - Д) 8;
 - Е) 9.
36. Сұрау есімдігін көрсетіңіз.
- А) Өзім демей, біз деп, ерлік білікте емес, жүректе деп үйретті.
 - В) Көптің ақылынсыз ешқайда бара алмаймыз.
 - С) Әне Қарағанды! – деді жолаушы.
 - Д) Үйренудің ешбір айыбы жоқ.
 - Е) Өзіңнің қайда жүргеніңді, кім болғаныңды, жақында болсаң – ауызша хабарла, алыста болсаң – хатпен хабарла.
37. Қатыстық сын есімді көрсетіңіз.
- А) үйдің есігі;
 - В) үлкен есік;
 - С) мықты есік;
 - Д) темір есік;
 - Е) сұр есік.
38. Күрделі зат есімді көрсетіңіз.
- А) Торғай;
 - В) Семей;
 - С) Қостанай;
 - Д) Көкшетау;
 - Е) Орал.
39. Туынды сан есімді көрсетіңіз.
- А) Біз бес қабатты үйде тұрамыз.
 - В) Біздің үйде алпыс пәтер бар.
 - С) Біз отыз екінші пәтерде тұрамыз.
 - Д) Біздің пәтерімізде үш бөлме бар.

- Е) Бір бөлме – менікі.
40. Өздік есімдігін көрсетіңіз.
- А) Көкек өз атын өзі шақырады.
 - В) Біз де кісі болармыз, атқа кісен салармыз.
 - С) Дұшпан не демейді, түске не кірмейді.
 - Д) «Сіз-біз» деген жылы сөз – тірліктің ғанибеті.
 - Е) Мінеки, келіп қалдым біраз жасқа.
41. Асырмалы шырайлы сын есімді көрсетіңіз.
- А) тәтті;
 - В) тәттілеу;
 - С) тәп-тәтті;
 - Д) тым тәтті;
 - Е) тәттірек.
42. Жинақтық сан есімді көрсетіңіз.
- А) Сіздің неше балаңыз бар? – Үшеу.
 - В) Біздің пәтер бірінші қабатта.
 - С) Менің анам отыз алты жаста.
 - Д) Студенттер емтиханға бес-бестен кірді.
 - Е) Біздің топта он екі адам бар.
43. Дара сан есімді көрсетіңіз.
- А) Жақында менің інім он үш жасқа толып, мүшел жасын тойладық.
 - В) Сәбиді далаға тек қырық күннен кейін шығаруға болады.
 - С) Алпыс үш жас – пайғамбар жасы.
 - Д) Жиырма – отыз жеті жас арасындағы ер адамды жігіт деп атайды.
 - Е) Қаланың шетінде бірінен бірі алшақ салынған он бес шақты ақ үй тұр.
44. Жіктеу есімдігін көрсетіңіз.
- А) Көкек өз атын өзі шақырады.
 - В) Біреудің сөзі әдемі, біреудің көзі әдемі.
 - С) Дұшпан не демейді, түске не кірмейді.
 - Д) «Сіз-біз» деген жылы сөз – тірліктің ғанибеті.
 - Е) Мінеки, келіп қалдым біраз жасқа.
45. Салыстырмалы шырайлы сын есімді көрсетіңіз.
- А) ақ;
 - В) аппақ;
 - С) ақшыл;
 - Д) ең ақ;
 - Е) өте ақ.
46. Зат есім деген не?
- А) заттың атын білдіріп, Кім? Не? деген сұрақтарға жауап береді;
 - В) заттың түрін, түсін, сипатын, көлемін, сапасын білдіреді;
 - С) белгілі бір заттың санын, мөлшерін білдіріп, Қанша? Неше? Нешінші? Нешеу? сұрақтарына жауап береді;
 - Д) заттың қимылын, іс-әрекетін, күй-жайын білдіріп, Не істеді? Қайтты? деген сұрақтарына жауап береді;
 - Е) есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есім) орнына жүретін сөз табы.
47. Сын есім деген не?
- А) заттың атын білдіріп, Кім? Не? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;
 - В) заттың түрін, түсін, сипатын, көлемін, сапасын білдіріп, Қандай? Қай? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;

- С) белгілі бір заттың санын, мөлшерін білдіріп, Қанша? Неше? Нешінші? Нешеу? Қай шамалы? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;
D) заттың қимылын, іс-әрекетін, күй-жайын білдіріп, Не істеді? Қайтты? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;
E) есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есім) орнына жүретін сөз табы.
48. Сан есім деген не?
A) заттың атын білдіріп, Кім? Не? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;
B) заттың түрін, түсін, сипатын, көлемін, сапасын білдіріп, Қандай? Қай? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;
C) белгілі бір заттың санын, мөлшерін білдіріп, Қанша? Неше? Нешінші? Нешеу? Қай шамалы? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;
D) заттың қимылын, іс-әрекетін, күй-жайын білдіріп, Не істеді? Қайтты? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;
E) есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есім) орнына жүретін сөз табы.
49. Есімдік деген не?
A) заттың атын білдіріп, Кім? Не? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;
B) заттың түрін, түсін, сипатын, көлемін, сапасын білдіріп, Қандай? Қай? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;
C) белгілі бір заттың санын, мөлшерін білдіріп, Қанша? Неше? Нешінші? Нешеу? Қай шамалы? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;
D) заттың қимылын, іс-әрекетін, күй-жайын білдіріп, Не істеді? Қайтты? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;
E) есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есім) орнына жүретін сөз табы.
50. Фонетика нені зерттейді?
A) дыбыстар мен әріптерді;
B) сөз құрамын;
C) сөз мағынасын;
D) сөз тіркесін;
E) сөйлемдерді.
51. Морфология нені зерттейді?
A) дыбыстар мен әріптерді;
B) сөз құрамын;
C) сөз мағынасын;
D) сөз тіркесін;
E) сөйлемдерді.
52. Лексика нені зерттейді?
A) дыбыстар мен әріптерді;
B) сөз құрамын;
C) сөз мағынасын;
D) сөз тіркесін;
E) сөйлемдерді.
53. Қазақ тіліне тән дыбыстардың саны неше?
A) 4;
B) 7;
C) 9;

- D) 6;
E) 12.
54. Қазақ тілінде неше септік бар?
A) 4;
B) 6;
C) 7;
D) 9;
E) 3.
55. Етіс деген не?
A) есім секілді түрленіп, сөйлемде есімнің де, етістіктің де қызметінде қолданылатын етістіктің түрі;
B) негізгі амалды білдіретін немесе оны айқындай түсіп, қосымша қимыл, амалды білдіру қызметінде жұмсалатын етістіктің түрі;
C) қимылдың жасалып жатқанын, келешекте жасалатынын, жасалып қойғанын білдіретін етістіктің негізгі категориясы;
D) қимыл-әрекеттің шындық өмірге қатысын білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы;
E) етістіктің істеушіге (субъектіге) және істелетін затқа (объектіге) қатынасына байланысты мағыналық және тұлғалық жақтан құбылуы.
56. Мөлшер үстеуді көрсет.
A) Шолпан амалсыздан бөлмеден шығып кетті.
B) Барлық жағдайды біле-тұра Айсұлу үндемеді.
C) Қазір жұмысшылар қызу қарқынмен жұмыс істеуде.
D) Елдің бәрі – осында.
E) Неғұрлым ерте тұрсаң, соғұрлым жұмысың өнеді
57. Сабақты етістікті көрсет.
A) досыңа көмектес;
B) тапсырманы орында;
C) ауладан шықты;
D) таза жүр;
E) адал бол;
58. Сөйлемдегі етістіктің қай шақта тұрғанын анықта: Бұл үйдің төбесінде кішірек қызыл жалау желбіреп тұр.
A) мақсатты келер шақ;
B) болжалды келер шақ;
C) ауыспалы келер шақ;
D) ауыспалы осы шақ;
E) нақ осы шақ;
59. Көңіл-күй одағайын көрсет.
A) Әй, шалдар-ай, кейін бересіндер-ау, - деп Мұрат тырқ-тырқ күлді.
B) Ойбай, Мұратжан-ай, әлі бала екенсің ғой, осы құдайдың қысында көшемін дегенің не?
C) Майлыаяқ, Майлыаяқ, кә-кә, - деді, қолына сүйек ұстап есіктен шыққан Мұрат.
D) Әй, шал-ай, қайтесің енді. Туған елін кім ойлап, кім аңсамайды.
E) Жә, жә, осы ат мінгізгендей көрейін.
60. Мекен үстеуді көрсет.
A) Шолпан амалсыздан бөлмеден шығып кетті.
B) Барлық жағдайды біле-тұра Айсұлу үндемеді.
C) Қазір жұмысшылар қызу қарқынмен жұмыс істеуде.
D) Елдің бәрі – осында.
E) Неғұрлым ерте тұрсаң, соғұрлым жұмысың өнеді

61. Салт етістікті көрсет.

- А) тапсырманы орында;
- В) малды өргіз;
- С) үй жина;
- Д) кітапты оқы;
- Е) ісіңе абай бол;

62. Есімше деген не?

А) есім секілді түрленіп, сөйлемде есімнің де, етістіктің де қызметінде қолданылатын етістіктің түрі;

В) негізгі амалды білдіретін немесе оны айқындай түсіп, қосымша қимыл, амалды білдіру қызметінде жұмсалатын етістіктің түрі;

С) қимылдың жасалып жатқанын, келешекте жасалатынын, жасалып қойғанын білдіретін етістіктің негізгі категориясы;

Д) қимыл-әрекеттің шындық өмірге қатысын білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы;

Е) етістіктің істеушіге (субъектіге) және істелетін затқа (объектіге) қатынасына байланысты мағыналық және тұлғалық жақтан құбылуы.

63. Іс-әрекеттің орнын (мекенін) білдіретін үстеудің түрін көрсет.

- А) мезгіл үстеу;
- В) мекен үстеу;
- С) мөлшер үстеу;
- Д) мақсат үстеу;
- Е) күшейту үстеу;

64. Себеп-салдар үстеуді көрсет.

А) Шолпан амалсыздан бөлмеден шығып кетті.

В) Барлық жағдайды біле-тұра Айсұлу үндемеді.

С) Қазір жұмысшылар қызу қарқынмен жұмыс істеуде.

Д) Елдің бәрі – осында.

Е) Неғұрлым ерте тұрсаң, соғұрлым жұмысың өнеді

65. Сөйлемдегі етістіктің қай шақта тұрғанын анықта: Бұл іс болмайды. Қолдан келмейді. Алшынбай оған рұқсат етпейді.

- А) мақсатты келер шақ;
- В) болжалды келер шақ;
- С) ауыспалы келер шақ;
- Д) ауыспалы осы шақ;
- Е) нақ осы шақ;

66. Еліктеу сөздер деген не?

А) заттың ісін, қимылын білдіріп, не істеді? не қылды? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;

В) қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, амал-тәсілін, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын т.б. сипаттарын білдіріп, қанша? қайда? қашан? қалай? не үшін? не себептен? сұрақтарға жауап беретін сөз табы;

С) толық дербес мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып немесе сөзге қосымша мағына үстеп тұратын көмекші сөздер;

Д) адамның түрлі көңіл-күйін, сезімін білдіретін, не жануарларға қаратып айтылатын сөз табы;

Е) табиғаттағы әр алуан құбылыстардың дыбыстарына еліктеумен немесе олардың бейнесін елестетумен байланысты туған сөздер.

67. Түрлі қатынастарды жалпылап, я шамалап немесе қимылдың және сынның кемдік я теңдік дәрежесін көрсететін үстеудің түрін анықта.

- А) мезгіл үстеу;
- В) мекен үстеу;

- С) мөлшер үстеу;
- Д) мақсат үстеу;
- Е) күшейту үстеу;

68. Күшейту үстеуді көрсет.

- А) Биыл Жетібай кен орнынан мол мұнай алынды.
- В) Қазыбек атын тебініп, төмен түсе бастады.

С) Соншалық мол мұнайды бекерге ысырап қылмай, мемлекетке өткізу – жұмысшылардың басты мақсаты.

Д) Михаил ағай столға еңкейіп, оймақты бір саусағымен әрлі-берлі дөңгелетіп жатыр.

- Е) Бірінші курста ең қиын пән – философия.

69. Одағай деген не?

А) заттың ісін, қимылын білдіріп, не істеді? не қылды? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;

В) қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, амал-тәсілін, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын т.б. сипаттарын білдіріп, қанша? қайда? қашан? қалай? не үшін? не себептен? сұрақтарға жауап беретін сөз табы;

С) толық дербес мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып немесе сөзге қосымша мағына үстеп тұратын көмекші сөздер;

Д) адамның түрлі көңіл-күйін, сезімін білдіретін, не жануарларға қаратып айтылатын сөз табы;

Е) табиғаттағы әр алуан құбылыстардың дыбыстарына еліктеумен немесе олардың бейнесін елестетумен байланысты туған сөздер.

70. Шылау сөздер деген не?

А) заттың ісін, қимылын білдіріп, не істеді? не қылды? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;

В) қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, амал-тәсілін, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын т.б. сипаттарын білдіріп, қанша? қайда? қашан? қалай? не үшін? не себептен? сұрақтарға жауап беретін сөз табы;

С) толық дербес мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып немесе сөзге қосымша мағына үстеп тұратын көмекші сөздер;

Д) адамның түрлі көңіл-күйін, сезімін білдіретін, не жануарларға қаратып айтылатын сөз табы;

Е) табиғаттағы әр алуан құбылыстардың дыбыстарына еліктеумен немесе олардың бейнесін елестетумен байланысты туған сөздер.

71. Мөлшер үстеуді көрсет.

- А) Биыл Жетібай кен орнынан мол мұнай алынды.

- В) Қазыбек атын тебініп, төмен түсе бастады.

С) Соншалық мол мұнайды бекерге ысырап қылмай, мемлекетке өткізу – жұмысшылардың басты мақсаты.

Д) Михаил ағай столға еңкейіп, оймақты бір саусағымен әрлі-берлі дөңгелетіп жатыр.

- Е) Бірінші курста ең қиын пән – философия.

72. Үстеу деген не?

А) заттың ісін, қимылын білдіріп, не істеді? не қылды? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы;

В) қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, амал-тәсілін, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын т.б. сипаттарын білдіріп, қанша? қайда? қашан? қалай? не үшін? не себептен? сұрақтарға жауап беретін сөз табы;

С) толық дербес мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып немесе сөзге қосымша мағына үстеп тұратын көмекші сөздер;

Д) адамның түрлі көңіл-күйін, сезімін білдіретін, не жануарларға қаратып айтылатын сөз табы;

Е) табиғаттағы әр алуан құбылыстардың дыбыстарына еліктеумен немесе олардың бейнесін елестетумен байланысты туған сөздер.

73. Мекен үстеуді көрсет.

А) Биыл Жетібай кен орнынан мол мұнай алынды.

В) Қазыбек атын тебініп, төмен түсе бастады.

С) Соншалық мол мұнайды бекерге ысырап қылмай, мемлекетке өткізу – жұмысшылардың басты мақсаты.

Д) Михаил ағай столға еңкейіп, оймақты бір саусағымен әрлі-берлі дөңгелетіп жатыр.

Е) Бірінші курста ең қиын пән – философия.

74. Сөйлем деген не?

А) біршама тиянақты ойды білдіретін бір сөз я бірнеше сөздердің тіркесі;

В) сөйлем ішінде әйтеуір бір ойды не қостауды, не қостамауды білдіретін сыңай;

С) сөйлем мазмұнының шындыққа қатынасы мазмұнның күнделікті өмірге қатынастылығы шындық, мүмкіндік, қажеттілік сипатында байқалады;

Д) сөйлемді айтқан кездегі семантикалық кезеңдер;

Е) толық мағыналы, кем дегенде екі сөздің өзара әрі тұлғалық, әрі мағыналық жағынан байланысуы;

75. Біреуге бұйыру не бірдеңені талап ету мақсатымен айтылған сөйлем.

А) құрмалас;

В) лепті;

С) бұйрықты;

Д) сұраулы;

Е) хабарлы;

76. Хабарлы сөйлемді көрсет.

А) Бері қара, мені тыңда

В) Сен бүгін қайда болдың, не істедің

С) Мен бүгін ерте тұрдым, аулада дене шынықтыру жаттығуларын орындадым, суық сумен шомылдым

Д) Бәрекелді, жарайсың

Е) Маған тағы да сұрағың бар ма

77. Себеп пысықтауыш деген не?

А) қимыл, іс-әрекеттің болу мезгілін, іске асу уақытын көрсететін пысықтауыш;

В) қимылдың, іс-әрекеттің бет алысын, шығу, жасалу орнын білдіретін сөйлем мүшесі;

С) істің, қимылдың қалай болғанын, санын, мөлшерін білдіретін сөйлем мүшесі;

Д) қимыл, іс-әрекет процесінің болу себебін көрсететін сөйлем мүшесі;

Е) қимыл, іс-әрекеттің қандай мақсатпен, оймен істелетінін білдіретін сөйлем мүшесі;

78. Күрделі анықтауыш деген не?

А) ешбір жалғаулықсыз анықтайтын сөздің алдында қатар тұрып байланысатын анықтауыш;

В) ілік септігінде тұрып тәуелдеулі сөзді анықтайтын анықтауыш;

С) бір ғана сөзден жасалған анықтауыш;

Д) екі не одан көп сөздердің тіркесінен жасалған анықтауыш;

Е) сөйлемнің есімнен болған мүшелерін анықтайтын, соған қатысты болатын сөйлем мүшесі;

79. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем деген не?

А) құрамындағы жай сөйлемдері бастауыштарының іс-әрекеті бір тектес, мезгілдес, орайлас бір сарынды мағыналық қатынаста айтылған салалас құрмалас сөйлем;

В) құрамындағы салалас сөйлемдердегі істің, оқиғаның өзара қарама-қарсы мәнде жұмсалатын салаластың түрі;

С) құрамындағы жай сөйлемдердің бірі екіншісіне түсінікті болатындай, бірін-бірі толықтырып іліктесіп айқындайтындай қатынасты білдіретін салалас құрмалас сөйлем;

Д) құрамындағы жай сөйлемдер өзара бірі екіншісіне айтылған істің себебін не салдарын білдіретін салаластың түрі;

Е) құрамындағы жай сөйлемдерінің тек біреуіндегі іс, оқиғаның жүзеге асатындығына болжам жасауды білдіретін салаластың түрі.

80. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем деген не?

А) сабақтас құрмаластың бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің жүзеге асу не аспау шартын білдіретін сабақтас сөйлем;

В) басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің мезгілін, уақытын көрсететін сабақтас құрмалас сөйлем;

С) бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің мақсатын білдіретін сабақтастың түрі;

Д) бағыныңқы сабақтас басыңқыдағы іс-әрекеттің қалай жүзеге асқанын білдіретін сөйлем;

Е) бағыныңқылы сөйлемі басыңқыдағы іс, оқиға мазмұны қарама-қарсы мағыналық қатынаста келетін сөйлем.

81. Синтаксис нені зерттейді?

А) дыбыстар мен әріптерді;

В) сөз тіркесін;

С) сөз мағынасын;

Д) сөз құрамын;

Е) сөз таптарын.

82. Меңгеруді көрсет: Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап.

А) қараңғы түнде;

В) тау қалғып;

С) ұйқыға кетер;

Д) балбырап кетер;

Е) тау кетер.

83. Белгіленген сөз тіркестеріндегі сөздердің байланысу түрін анықта:

Сабадан қымыз құйдырып,
Алдарына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Әзілдесіп сылқылдап...

А) қиысу;

В) меңгеру;

С) матасу;

Д) қабысу;

Е) жанасу.

84. Сұраулы сөйлемді көрсет.

А) Бері қара, мені тыңда

В) Сен бүгін қайда болдың, не істедің

С) Мен бүгін ерте тұрдым, аулада дене шынықтыру жаттығуларын орындадым, суық сумен шомылдым.

Д) Бәрекелді, жарайсың

Е) «Денсаулық – зор байлық» деп бекер айтылмаған.

85. Бастауыш деген не?

А) атау тұлғада келіп, бастауыш арқылы көрсетілген қимыл-әрекеттің, жай-күйдің не басқа сапаның иесі болатын сөйлемнің тұрлаулы мүшесі;

В) бастауыштың іс-әрекетін, жай-күйін, басқа сапасын көрсететін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі;

С) сөйлемде толықтайтын мүшесімен табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып және онымен заттық ұғымда байланысатын, негізінде баяндауышқа қатысты болатын сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі;

Д) сөйлемнің есімнен болған мүшелерін анықтайды да, соған қатысты болады;

Е) сөйлем ішінде етістіктен болған мүшелермен синтаксистік байланысқа түсіп, іс-қимылдың амалын, мезгілін, мекенін, себеп-мақсатын, сан-мөлшерлік сипатын білдіретін тұрлаусыз мүше;

86. Қимыл-сын пысықтауыш деген не?

А) қимыл, іс-әрекеттің болу мезгілін, іске асу уақытын көрсететін пысықтауыш;

В) қимылдың, іс-әрекеттің бет алысын, шығу, жасалу орындарын білдіретін сөйлем мүшесі;

С) істің, қимылдың қалай болғанын, санын, мөлшерін білдіретін сөйлем мүшесі;

Д) қимыл, іс-әрекет процесінің болу себебін көрсететін сөйлем мүшесі;

Е) қимыл, іс-әрекеттің қандай мақсатпен, қандай оймен істелетінін білдіретін сөйлем мүшесі;

87. Дара анықтауыш деген не?

А) ешбір жалғаулықсыз анықтайтын сөздің алдында қатар тұрып байланысатын анықтауыш;

В) ілік септігінде тұрып тәуелдеулі сөзді анықтайтын анықтауыш;

С) бір ғана сөзден жасалған анықтауыш;

Д) екі не одан көп сөздердің тіркесінен жасалған анықтауыш;

Е) сөйлемнің есімнен болған мүшелерін анықтайтын, соған қатысты болатын сөйлем мүшесі;

88. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем деген не?

А) құрамындағы жай сөйлемдері бастауыштарының іс-әрекеті бір тектес, мезгілдес, орайлас бір сарынды мағыналық қатынаста айтылған салалас құрмалас сөйлем;

В) құрамындағы салалас сөйлемдердегі істің, оқиғаның өзара қарама-қарсы мәнде жұмсалатын салаластың түрі;

С) құрамындағы жай сөйлемдердің бірі екіншісіне түсінікті болатындай, бірін-бірі толықтырып іліктесіп айқындайтындай қатынасты білдіретін салалас құрмалас сөйлем;

Д) құрамындағы жай сөйлемдер өзара бірі екіншісіне айтылған істің себебін не салдарын білдіретін салаластың түрі;

Е) құрамындағы жай сөйлемдерінің тек біреуіндегі іс, оқиғаның жүзеге асатындығына болжам жасауды білдіретін салаластың түрі;

89. Сөз тіркесі деген не?

А) толық мағыналы, кем дегенде екі сөздің өзара әрі тұлғалық жағынан, әрі мағыналық жағынан байланысуы;

В) сөз тіркесіндегі негізгі мағынаға ие болатын сөз;

С) басыңқы сыңарды айқындап тұрған сөз;

Д) біршама тиянақты ойды білдіретін бір сөз я бірнеше сөздердің тіркесі;

- Е) сөйлем құрауға негіз болатын сөздер;
90. Қабысу байланысудың тәртібі:
- А) бірінші сыңары ілік септігінді тұрған бір сөзбен байланысу;
 - В) бірінші сыңары екі немесе бірнеше сөздердің өзара сатылап бір-бірімен іліктесе байланысуы;
 - С) дара ұғымды сөздің қабыса байланысуы;
 - Д) бағыныңқы сыңары бірнеше сөзден құралатын қабыса байланысқан сөз тіркесінің түрі;
 - Е) ілік септігіндегі сөздің тәуелдік жалғауындағы сөзбен өзара байланысуы;

91. Матасуды көрсет: Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың маңы – терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.

- А) желсіз түнде;
- В) жарық ай;
- С) ауылдың маңы;
- Д) терең сай;
- Е) тасыған өзен;

92. Лепті сөйлемді көрсет.
- А) Бері қара, мені тыңда
 - В) Сен бүгін қайда болдың, не істедің
 - С) Мен бүгін ерте тұрдым, аулада дене шынықтыру жаттығуларын орындадым, суық сумен шомылдым.
 - Д) Бәрекелді, жарайсың
 - Е) Маған тағы да сұрағың бар ма

93. Баяндауыш деген не?

- А) атау тұлғада келіп, бастауыш арқылы көрсетілген қимыл-әрекеттің, жай-күйдің не басқа сапаның иесі болатын сөйлемнің тұрлаулы мүшесі;
- В) бастауыштың іс-әрекетін, жай-күйін, басқа сапасын көрсететін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі;
- С) сөйлемде толықтайтын мүшесімен табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып және онымен заттық ұғымда байланысатын, негізінде баяндауышқа қатысты болатын сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі;
- Д) сөйлемнің есімнен болған мүшелерін анықтайды да, соған қатысты болады;

Е) сөйлем ішінде етістіктен болған мүшелермен синтаксистік байланысқа түсіп, іс-қимылдың амалын, мезгілін, мекенін, себеп-мақсатын, сан-мөлшерлік сипатын білдіретін тұрлаусыз мүше;

94. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсет.

- А) Бұлақты таудан арна ақса, теңіз болар аяғы.
- В) Оқуға уақыт аз бола тұра, олар жақсы үлгерімге жетті.
- С) Жауын көп болғандықтан, биыл егін бітік шықты.
- Д) Жапырағы судырлап, тал сұлуша таранды.
- Е) Абай үлкен үйге кіретін есікке жақындай бергенде, оның қарсы алдынан

Қазақбай шықты.

95. Толымды сөйлем деген не?

- А) сөйлем ішінде бастауышы бар, ол кейде айтылмай тұрса да, баяндауышы арқылы тауып алуға болатын жай сөйлемнің түрі;
- В) атау тұлғада тұрған бастауышы жоқ және оны баяндауышы арқылы тауып алуға болмайтын сөйлем;

- С) бастауыш пен баяндауыштан ғана құралған сөйлем;
- Д) тұрлаулы мүшелерімен қатар, тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлем;
- Е) тұрлаулы мүшелері түгел айтылған және мазмұны толық берілген сөйлем;

96. Белгіленген сөздер арасынан жанама толықтауышты тауып көрсет.

- А) Су – диханның жаны.
- В) Сиыр адамға сүт береді.
- С) Өнер-білім бар жұрттар тастан сарай салғызды.
- Д) ... Нұрын, сырын білуге көкірегінде болсын көз
- Е) Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан.

97. Кезектес салалас құрмалас сөйлемді көрсет.

- А) Күн суық, әрі қар борап тұр.
- В) Күн бұлтты болды, бірақ жаңбыр жаумады.
- С) Күннің суықтығы сонша: қалтырап дірілдегеннен тісім тісіме тимейді.
- Д) Күз келіп, ағаштың жапырақтары түсе бастады.
- Е) Біресе жаңбыр себелейді, біресе қар ұшқындайды.

98. Қабысу деген не?

- А) сөздердің өзара жіктік жалғауы не жақтық, көптік жалғауы арқылы байланысуы;
- В) бағыныңқы сөздің басыңқы сөзбен атау, ілік септіктерінен басқа септік жалғауларының бірінде тұрып байланысуы;

С) ілік септігіндегі сөздің тәуелдік жалғауындағы сөзбен өзара байланысуы;

Д) бағыныңқы сөздің басыңқы сөзбен атау тұлғада тұрып байланысуы, осылайша байланысқан сөздердің көпшілігі сөйлемде тұрақты орынға ие болады;

Е) орны жағынан басыңқы сөзбен қатар тұратын атау тұлғадағы бағыныңқы сөздің алшақ тұрып-ақ еркін байланысуы;

99. Жақсыз сөйлем деген не?

А) сөйлем ішінде бастауышы бар, ол кейде айтылмай тұрса да, баяндауышы арқылы тауып алуға болатын жай сөйлемнің түрі;

В) атау тұлғада тұрған бастауышы жоқ және оны баяндауышы арқылы тауып алуға болмайтын сөйлем;

С) бастауыш пен баяндауыштан ғана құралған сөйлем;

Д) тұрлаулы мүшелерімен қатар, тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлем;

Е) тұрлаулы мүшелері түгел айтылған және мазмұны толық берілген сөйлем;

100. Аралас құрмалас сөйлем деген не?

А) біршама тиянақты ойды білдіретін бір сөз я бірнеше сөздің тіркесі;

В) екі не одан да көп жай сөйлемдердің мағыналық және интонациялық тығыз бірігуі арқылы күрделі ойды білдіруге қызмет ететін сөйлем;

С) құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі;

Д) құрамындағы бағыныңқы, басыңқы сыңарларының алғашқысының баяндауышы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысқан құрмаластың түрі;

Е) құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысқан құрмаластың түрі;

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бектуров Ш.К., Бектурова А.Ш. «Қазақ тілі для начинающих». Алматы, «Рауан», 1994
2. Бектуров Ш.К., Бектурова А.Ш. «Қазақ тілінің қалталық оқулығы». Алматы, «Әл Фараби», 1997.
3. Ақанова Д., Алдашева А., Ахметжанова З., Қадашева Қ., Сүлейменова Э. «Ресми-іскери қазақ тілі» (грамматикалық түсініктеме). Алматы, «Арман», 2002.
4. Құлмағанбетова Б., Елемисова Ж. «Қазақ тілін үйренушілерге көмек». Алматы, 1992.
5. Нығмет Ж. «Қазақ тілі хрестоматиясы» (оқу құралы). Алматы, «Білім», 2003.
6. Қазақстанның мұнай энциклопедиясы. Алматы. Ұлттық энциклопедия баспасы, 2005.
7. Аяпова Г. «Қазақ тілі», 1999.
8. Бектуров Ш.К. «Қазақ тілі» (лексика, фонетика, морфология, синтаксис). Алматы, «Атамұра», 2006.
9. Н.Оралбай, К.Құрманәлиев. «Қазақ тілі». Алматы, «Арыс», 2007
10. Аймуханова А.А. «Бастауыш топтарға арналған қазақ тілінің грамматикасы» (оқу құралы). Ақтау, «Ш.Есенов атындағы АқТМУ», 2007
11. Жунисбеков А. «Самоучитель казахского языка». Алматы, «Атамұра», 1996.
12. Жунисбеков А. «Казахский язык». Пособие для изучающих казахский язык. Алматы, «Атамұра», 1995.
13. Исаев С.М., Бектұров Ш.К. «Сөйлемдегі грамматикалық талдаудың тәсілдері» (әдістемелік құрал). Алматы, «Өнер», 2007.
14. Жеткізгенова Ә.Т. «Жалғастырушы топ студенттеріне өз бетімен орындауға берілетін тапсырмалар жинағы» (әдістемелік көмекші құрал). Алматы, «Үш қиян», 2008.
15. Әбішева Ш.С. «Сөз таптары» (орыс бөлімдеріне арналған көмекші құралы). Алматы, «Үш қиян», 2004.
16. Абузеров Р.А., Утегенова К.Т. «Учимся и учим говорить по-казахски». Алматы, Дайк-Пресс, 1994
17. Ағманова Ф.Е., Ағманова Ә.Е., Екшембеева Л.В. «Тілді білсеңіз – елді білесіз». (Қазақша сөйлегіңіз келе ме? Оқу кешенінің 3-кітабы). Алматы, Балауса, 1998
18. Ахметов А., Джунусбекова К. «Казахский язык для русскоязычных и иностранных студентов». Алматы, Республиканский издательский кабинет, 1995.
19. Қойшыбаева М.С. «Қазақ тілін білген жөн». Алматы, Ғылым, 1997.
20. Берікұлы Н., Есқарақызы Ж. «Қазақ тілі сабақтары» Алматы, Ана тілі, 1997.
21. Арыстанбаев М., Бахитова З. Мұнай-газ терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, Өлке, 2006.

МАЗМҰНЫ

1. БІРІНШІ САБАҚ.....	5
2. ЕКІНШІ САБАҚ	11
3. ҮШІНШІ САБАҚ.....	18
4. ТӨРТІНШІ САБАҚ.....	22
5. БЕСІНШІ САБАҚ.....	30
6. АЛТЫНШЫ САБАҚ.....	39
7. ЖЕТІНШІ САБАҚ.....	54
8. СЕГІЗІНШІ САБАҚ.....	63
9. ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ.....	69
10.ОНЫНШЫ САБАҚ.....	75
11.ОН БІРІНШІ САБАҚ.....	80
12.ОН ЕКІНШІ САБАҚ.....	90
13.ОН ҮШІНШІ САБАҚ.....	97
14.ОН ТӨРТІНШІ САБАҚ.....	104
15.ОН БЕСІНШІ САБАҚ.....	110

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 127 бет 10,6 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.